1999 жылғы 23 шілдеде қабылданған Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы ҚР Конституциясында кепілдендіретін құқық пен бостандық арнасында толығымен нақтыланған және бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің көңілінен шықты. Қазақстан Республикасының 1995 жылдың 17 сәуірінде қабылданған «Лицензиялау туралы» Заңы телерадио хабарларын таратуда рұқсат етілетін тәртіпті орнықтырған. Сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарында шетелдік тұлғаның тікелей және жанама қатысуын 20 пайызға шектеу талабы ҚР «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында қарастырылған [3]. Сонымен қатар, елдің ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіретін шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының баспа өнімдері, телерадиобағдарламаларын таратуға тыйым салынғаны айтылған. Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы» Заңында газет-журнал өнімдерін өндіру және жүзеге асыру бойынша салықтан босататын бап бар. ҚР «Кеден ісі туралы» Заңында газет-журнал, баспа өнімдерін толық емес мерзімде заңдастыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ уақытша сақтау қоймасынан өткізіп тасымалдауға рұқсат берілген. Республика аумағында жарнамаларды тарату, орналастыру және пайдалану өндіріс үдерісінде туындайтын қатынастарды ҚР «Жарнама туралы» Заңы реттейді. ҚР «Байланыс туралы» Заңы ел аумағында байланыс қызметінің құқықтық негіздерін орнататын, осы қызметті реттеу бойынша мемлекеттік мекемелердің байланыс қызметтерін көрсететін немесе қолданатын жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерінің өкілеттігін анықтайды. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы қызметті заңнамалық реттеу арнаулы заңнамадан

бөлек азаматтық, қылмыстық және әкімшілік заңнаманың жалпы нормаларының біршама санын қамтыған. Сонымен бірге бұқаралық ақпарат құралдары сұрақтарын реттеуде азаматтық заңнаманың берілген нормалары масс-медианы қандай да бір бөлек санатқа бөлмейді. ҚР Қылмыстық Кодексі мен ҚР Азаматтық кодексінде тыйым салатын және шектейтін тиісті нормаларды, жеке және заңды тұлғалардың ар-намысына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін анық емес ақпараттарды таратқаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті орнатататын баптар да бар. Ел арасында алауыздық тудырып, ұлтты арандатуға бағытталған ақпараттарды жариялауға беріп, мемлекетке осындай ақпараттарды таратқаны үшін, сондай-ақ, баспа туралы және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікті орнататын әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстер күшіне енген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қаңтарда №16 Қаулысымен бекітілген «Тілдер туралы» заңнамада электронды бұқаралық ақпарат құралдарына қойылатын талаптар хабар тарату тілі, меншікті және ретрансляция жасалатын бағдарламалар арақатынасы айтылған [4]. Осындай масс-медиа облысындағы бұқаралық ақпарат құралдары қызметін реттейтін заңнамаларды азаматтық қоғам және тұтастай заңды дамыту деңгейінде халықаралық талаптарға сай дайындау керек. Экономикалық қолдаушылықтың қатаң шаралары халықаралық құқық нормаларымен де қарастырылған. Ең алдымен білім, ғылым және мәдениет саласындағы ақпараттарды (1950ж.) және оларға Хаттама енгізу (1976ж.) туралы халықаралық келісім түрінде болады. Аталған Келісімге әлемнің 90-ға жуық елдерімен бірге Қазақстан мен Ресей де қатысады [5]. Бұл Келісімге қатысушы-мемлекеттер еркін пікір алмасулар зияткерлік ілгерілеудің, халықаралық өзара түсіністіктің міндетті шарты болып табылатынын және осылайша әлемдегі бейбітшілікті сақтауға жағдай жасайтынын мойындайды. Білім, ғылым және мәдениет саласындағы ақпараттарды еркін алмасуға көмектеседі.

**Зерттеудің өзектілігі мен нәтижесі**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне өзгерту және қосымша енгізу туралы» Заң, БАҚ өнімдерін есепке қоймай таратуға болмаса одан кейін БАҚ шығарылымын тоқтату немесе қысқарту туралы шешімді шығарғаннан кейін, сонымен қатар эфир бағдарламаларында тілдік балансты бұзғаны («Қазақстан Республикасының тілдері туралы» 1997 жылғы заңына сәйкес эфир уақытын 50% кем емес қазақ тіліндегі бағдарламалар қамтуы тиіс) үшін БАҚ, және олардың жауапты тұлғалары мен мен меншіктенушілерінің жауапкершілігін күшейтеді. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметін реттеуші ведомстволық нормативті шығармашылықтың мерзімі жеткен мәселесін қозғаған кезде олардың заңнамалық ауқымда сандық өсім артықшылығындағы бағытын көрсету қажет [6].

Ұлттық, аймақтық және жергілікті деңгейде көптеген жекеменшік және мемлекеттік БАҚ-тың болуы осыны айғақтайды. Бұқаралық ақпарат құралдары түрлерінің алуан түрлілігі және олардың мазмұны әрбір азаматтың әр бағыттағы ақпарат мазмұнына қолжетімділігін қамтамасыз етеді. БАҚ тәуелсіздігі азаматтық қоғамның қалыптасу көрсеткіштерінің бірі. Тәуелсіз БАҚ-тың баламалы ақпаратын кедергісіз ұсыну қоғамның ашықтығын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Бұқаралық ақпарат құралдары жеке тұлғалардың қарама-қарсы ұстанымдарының біріктіруге, бәтуаластықты іздеуге, толеранттылықты қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, мәмілеге келуге көмектеседі. Еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдары қызметін реттеу әдістерін бағалау арқылы соның ішінде масс-медиа саласында қолданыстағы заңнамаларға өзгерту енгізе отырып республикада сөз бостандығын қамтамасыз етудің, БАҚ қызметіндегі құқықтық, сонымен қатар экономикалық шарттардың әрекеті іске асырылатынын көреміз. Қолданыстағы заңнама не¬гізінен мемлекеттік ақпараттық ресурстарды, сонымен бірге ақпарат саласында

мемлекеттің мүддесін, жеке тұлға құқығын қорғауға бағытталған. Сонымен қатар азаматтардың Ата Заңмен анықталған еркін ақпарат алу, сонымен бірге олардың дербес мәліметтерін қорғау құқығын реттейтін заңнамалық актілер де бар. Сондықтан «Ақпарат және ақпаратты қорғау», «Дербес мәліметтер туралы» заңдар қабылдау қажеттігі туындап отыр. Қолданыстағы және болашақта қабылданатын, өзгертілетін және толықтырылатын заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мемлекет¬тік тілдегі және орыс тіліндегі нұсқаларының мағынасы жағынан сәйкестігіне көңіл аударуды қажет етеді. Енді Ресей мемлекетінің ақпарат және ақпараттандыру саясатын анықтайтын құжаттарынан қоғам мен мемлекеттің ақпараттық саладағы қызығушылықтарын, тұлға мен азаматтың негізгі ақпараттық құқығы мен бостандығын іске асыру, ақпараттық- телекоммуникациялық саланы дамыту, ақпараттық технологияны қолдану және жасау, бәсекеге қабілетті ақпараттық құралдарды, өнімдер мен қызметтерді дамыту, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат, ақпараттық саладағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағыттарын көруге болады. Ресей Федерациясының ақпараттық қауіпсіздік Доктринасында «Қоғамның қазіргі даму кезеңі» аталады. Ол ақпараттық сала қызметінің дамуымен сипатталады. Ақпаратты жинау, қалыптастыру, тарату және пайдалануды жүзеге асыратын ақпараттық инфоқұрылым, субъектілер, ақпараттар жиынтығымен қатар ақпаратты реттеу барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды береді. Ресей Конституциясындағы бірқатар баптар ақпараттандыру саласындағы қатынасты тікелей немесе жанамалай реттейтін нормалардан тұрады. Сонымен қатар осы саланы реттеуге бағытталған федералды заңдар қабылданған. Олар – «Ақпарат туралы және ақпараттандыру мен ақпаратты қорғау туралы» Федералды Заңы мен «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Федералды Заңы. Ақпараттық құқықтың көптеген нормалары Ресей Президентінің жарлықтары мен Үкіметінің қаулыларында кездеседі.

**Талқылау**

Ресейдің медиакеңістігі халықаралық-құқықтық стандарттан алшақ кете алмайды. Себебі, бұл ел ұлттық ақпараттық кеңістік әлемдік ақпараттық кеңістіктің бір бөлшегі деп есептейді. Сондықтан да, құқықтық реттеулерге, өзара әрекеттесулерге, ұлттық ақпараттық технологиялардың шетелдік технологиялармен бірігулеріне қажеттіктер туындайды. Заңнама тек қана заңдардың жинағына ғана немесе басқа да құқықтық актілер мен жарлықтарға сүйенбеуі тиіс, сонымен қатар ол адамзат өркениетінің құндылықтарын, озық идеалары мен қоғамның тұжырымдамаларын бере білуі керек. Бұл дискурстың өзекті мәселесі халықаралық ақпараттық қызмет аясындағы қарым-қатынасты, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндік институты ретінде қарастырады. Бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі адамның еркіндігіне салынған жол. Ол оның құндылықтарын қоғам мен мемлекетте тануының негізі екені анық. Бұрынғы кеңестік мемлекеттердегі бұқаралық ақпарат құралдары бостандығы плюрализм мен демократияны, адамзаттық құндылықтарды, негізгі құқықтар және азаматтар мен тұлғалардың бостандығын бағалайтын халықаралық қауымдастықтарға өркениетті түрде ентелей енуі мен демократиялық институттардың құрылуының қуатты құралы болып табылады. Бұрын КСРО-да сөз бостандығы мен басылымы коммунистік партия мен халықтарды біріктіру және социалистік қатарды дамыту мүддесі үшін ғана қолданылды.

Жиырмасыншы ғасырдың 90 жылдарында Ресейдің демократияға өтуіне байланысты тұлғаның қоғам мен мемлекеттегі статусына, сонымен қатар сөз, басылым, ақпарат, бостандығы мен БАҚ-та елеулі алға жылжулар болды. Тәуелсіз БАҚ пайда болып, ресей азаматтарының сенім, сөз, ақпарат бостандығына қойылған идеологиялық шектеулер жойылып, өзгерістер енгізілді. Жоғарыда аталып кеткен заңның «Бұқаралық ақпарат еркіндігі» деп аталатын 1-бабында «Ресей Федерациясында Ресей Федерациясының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасында

көрсетілген ерекшеліктерден басқа кезде, ақпаратты іздеу, алу, жасау және тарату, бұқаралық ақпарат құралдарын құру, иелік ету, қолдану және билік ету, жасап шығару, сатып алу, сақтау және бұқаралық ақпарат құралдарын шығару және тарату үшін техникалық құрылғылар мен құралдарды, шикізаттар мен материалдарды иелену заңмен шектелмейді» деп бекітті [8]. 1991 жылғы БАҚ туралы Заң әлемдік ақпараттық заңнамалардың либералды үлгілерінің бірі болып табылады. Заң масс-медианың бостандығын қорғайтын үш негізгі қағидатқа негізделіп жасалған – цензураны жою; жеке меншік БАҚ құруға құқық; редакция алқасы мен журналисттік ұжымның еркіндігі. Енгізілген көптеген өзгерістерге қарамай, өтпелі кезезеңнің елесін сақтаған және ескірген ережесі бар бұл заң, елеулі өзгерістер енгізілмей қызмет жасап келе жатыр.

Заңның баптарын атап өтсек: цензураны жою, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының кәсіби тәуелсіздігі, осы құралдың, баспагердің, таратушының, редакция мүлкі иесінің құрылтайшысы ретінде сөз сөйлеп, азаматтардың бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік мекемелердің мен ұйымдардың қызметтері туралы және басқа да көптеген жағдайлар туралы шынайы мәліметтер мен ақпарат алу құқығы. БАҚ бостандығы туралы бұл кепілдемелер Ресей Федерациясының Конституциясымен бекітіліп, 1993 жылдың 12 желтоқсанындағы референдумында қабылданды. Олардың ішінде сөз бостандығын, бұқаралық ақпарат, тыйым, цензура және көптеген басқа да тұлға мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктер оларды қамтамасыз ету және қорғауға қатысты баптар мен ережелер (б. 28, 31, 41, 42, 44, 46) бар. Ресей Федерациясымен қол қойылған тікелей және басым-әрекет қағидаттары мен нормалары бекітілген халықаралық құқықтық нормалар мен халықаралық шарттарды Ресей Федерациясының Конституциясы бекітеді [7].

БАҚ-қа қатысты ресейлік заңнамалық үрдіс адам құқығының негіздері мен бостандықтарына қатысты халықаралық-құқықтық құжаттарға тікелей әсер етеді.

## Қорытынды

Қорыта келгенде, Ресейдің БАҚ туралы қазіргі заңнамалары мен Конституциясы халықаралық европалық стандартқа сәйкес жасалған. Бірақ бұған қарап, Ресейдің БАҚ туралы заңнамалары өзгертулер мен толықтырулары журналисттердің құқықтарын, қоғамның, масс-медианың нормативтік құқықтық және өзге де қамтамасыз ету құралдарын дамыту және жетілдіруді қажет етпейді деген сөз емес. Өздері жариялаған кепілдіктер өздерін қорғайды деп айтуға болмайды. Заңнаманың қолданысқа енуі көптеген факторларға қатысты және олар жүйелі болмайды. Қолданыстағы заңдар мен БАҚ реттеу жүйелі емес. Сол себепті билік, әсіресе жергілікті билік, БАҚ өз еркімен бақылау үшін жариялылықтың жоқтығын пайдаланады. Заңдарды барлық тараптар сақтау керек, материалдық-мүліктік, саяси, рухани-мәдени және т. б.жұмыс кезінде кешенді жұмыс жасалуы керек.

Масс-медиа мемлекеттік кепілдемелер ішіндегі БАҚ нақты бостандық беретін және осы бостандыққа жету жолында кедергі болып табылатын жолдарды ажырата білуі керек. БАҚ бостандығын қорғауды қамтамассыз ету мемлекеттік органдардың маңызды функцияларының бірі. Олардың ішіндегі ең маңызыдысы БАҚ, ақпарат, сөз, сенім, ой бостандығын соттық және сотта қорғау болса, іс жүзінде бұл орындала бермейді. Халықаралық құқықтық нормаға сай Ресей Федерациясында сөз бостандығы өркениетті қоғамға сай, Конституциямен шектеледі. Қорыта келгенде Ресей жұртшылығын БАҚ қандай ақпаратты беретіні, оны қалай ұсынатыны мазалайды. БАҚ арқылы нақтыланбаған немесе жалған мәліметтер таратылуының кесірінен топтық, этникалық, діни алауыздықтар туып жатады, және БАҚ бостандығын асыра пайдаланып азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзушылар жазаланбай қалады. Бұл сөгіс шенеуніктерге де БАҚ өкілдеріне де қатысты. 90 жылдардағы ақпараттық соғыс БАҚ пен кейбір жекелеген журналистердің абыройына

үлкен нұқсан келтірді. Шенеуніктердің, саяси қайраткердің бұқаралық ақпарат құралдарын сотқа беруі кең етек жайды.Дегенмен, біздің ойымызша, Ресейдің БАҚ туралы заңнамасы негізгі құқықтар мен бостандыққа кепіл беретін, нормалар мен ережелер мемлекет пен БАҚ-ның өзара әрекеттесуі көптеген конвенциялар мен келісімдер арқылы бекітілген халықаралық құқықтық нормаларға сай. Алайда, БАҚ динамикалық өзгерісті әлемде және қарама-қайшылыққа толы шынайы уақытта өмір сүруіне тура келгендіктен, БАҚ қазіргі жағдайына әсер етпей қоймайды.Сондықтан қай елде болса да кез келген заңға реформа соттық және әкімшілік тәжірибенің қалыптасуымен, экономикалық реформалардың тереңдеуімен, азаматтық қоғам құрылымы арқылы өзін-өзі реттейтін тетіктердің қалыптасуымен жетілуі тиіс. Сөйтіп, болашақта БАҚ қызметін, ең бірінші кезекте электронды, сондай-ақ БАҚ қызметін экономикалық ынталандыруға бюджеттік шығындардың (мемлекеттік тапсырыс) артуын реттейтін жаңа заңнамалық актілердің қабылдануын болжауға болады. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі саяси механизмдерінің бірі заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілер жүйесі техника мен технологиялардың даму үрдісіне сәйкес жетіл¬дірiлiп отыруы тиіс.

**Пайдаланған әдебиеттер**


1. «Отандық БАҚ-тың ақпараттық саясаты». (электрон.ресурс).-2020. https://el.kz/news/kogam/otandy-_ba-ty-_a-paratty-_sayasaty_/ (30.06.2020).

2. Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы//1999, N 451.- www.adilet.zan.kz

3. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы.
https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527

4. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

5. «Білім саласындағы өзгерістер мен жаңартулар». (электрон.ресурс).-2018. https://rel.kz/bilim-salasynda-y-zgerister-men-zha-artular/ (07.04.2018).

6. «БАҚ туралы жаңа заң, журналистиканың деңгейін көтеру және азаматтық қоғам институтымен жұмыс — 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ақпарат саласының дамуы». (электрон. ресурс) - 2021. https://primeminister.kz/kz/news/bak-turaly-zhana-zan-zhurnalistikanyn-dengeyin-koteru-zhane-azamattyk-kogam-institutymen-zhumys-2020-zhyldyn-korytyndysy-boyynsha-kazakstannyn-akparat-salasynyn-damuy-2904245. (29.01.2021).

7. Баглай М. В. Ресей Федерациясының Конституциялық құқығы. ЖОО-ға арналған оқулық. – 6- басылым. – Москва: Норма, 2007. – 784 Б.

8. Ресей Федерациясының 1991 жылғы 27 желтоқсандағы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» N 2124-I Заңы. https://base.garant.ru/10164247/



**А.П. Пернебекова**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*


## Особенности казахстанского и российского законодательства в сфере информационной безопасности


**Аннотация.** В статье рассмотрены законы об информационной безопасности и информационной политике в Казахстане и России. Относительно показана информационная политическая ситуация двух стран. Также всесторонне проанализированы интересы двух государств в информационной сфере, реа-

лизация основных информационных прав и свобод граждан, развитие конкурентоспособных информационных инструментов, информационно-телекоммуникационной отрасли, применение и создание информационных технологий, развитие информационных продуктов и услуг, государственная политика в области информационной безопасности, международное сотрудничество в информационной сфере.

В целом, по мере интенсивного развития процесса информатизации общества, выхода в мировое информационное пространство вместе с ростом прибыли будет сильнее проявляться и негативная сторона. Влияние массовой культуры может привести к последующему вытеснению национальной культуры. Ведь в любом виде средств массовой информации можно встретить много информации, чуждой нашей национальной культуре, нашему учению. Динамика развития информационных технологий, занимающая значительное место в политико-экономической и социо-культурной жизни государства, предъявляет высокие требования к решению проблем информационной безопасности. Информационная политика в государстве регулирует деятельность информационных учреждений, направленную на развитие информационной сферы общества. Данный метод включает в себя не только прессу, но и совокупность всех производств и связей в виде телевизионной и радиосвязей, создания, хранения, обработки, демонстрации информационных систем и веб-ресурсов, распространения разных видов информации, от развлекательной до научной, политической и др. Информационная политика государства призвана обеспечивать разнообразие и равноправие организационных форм в средствах массовой информации, актуализировать общественную задачу масс-медиа, обеспечивать беспристрастность информационной политики национальных, региональных и местных органов власти. Все эти вопросы являются основными в статье.

**Ключевые слова:** информационная политика, информационная безопасность, информационное право, информационные отношения, национальные информационные системы.

**Pernebekova Aizhan Pernebekovna**
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

## Properties of the legislation of Kazakhstan and Russia in the development of information policy and security

**Abstract.** The article examines the laws on information security and information policy in Kazakhstan and Russia. There is relatively shown information political situation of the two countries. The authors comprehensively analyzed interests of the two states in the information sphere, implementation of basic information rights and freedoms of citizens, development of competitive information tools, information and telecommunications industry, application and creation of information technologies, development of information products and services, state policy in the field of information security, international cooperation in the information sphere.

In general, as the process of informatization of society intensively develops and enters the world information space along with its profits, the negative aspects naturally increase. The influence of mass culture can lead to the subsequent displacement of national culture. After all, in any form of media you can find a lot of information that is alien to our national culture, our teachings. The dynamics of the development of information technology, which occupies a significant place in the political-economic and socio-cultural life of the state, places high demands on the solution of the problems of information security. Information policy in the state regulates the activities of information institutions aimed at the development of the information sphere of society. This method includes not only the press but also the totality of all productions and connections in the form of television and radio connections, creation, storage, processing, display of information systems and web resources, distribution of information from entertainment to science, politics, etc. The information policy of the state makes sure that the organizational forms in the media are diverse and equitable; the actualization of the public task of the mass media; impartiality of the information policy of national, regional, and local authorities. All these issues are the main issues in the article.

**Keywords:** information policy, information security, information law, information relations, national information systems.

### References


1. «Otandyқ BAҚ-tyң aқparattyқ sayasaty» [information policy of domestic mass media]. (elektron. resurs).-2020. https://el.kz/news/kogam/otandy-_ba-ty-_a-paratty-_sayasaty_/ (30.06.2020).

2. Қazaқstan Respublikasynyң Bұқaralyқ aқparat құraldary turaly Zaңy [Law of the Republic of Kazakhstan on mass media]//1999, N 451.- www.adilet.zan.kz

3. Қazaқstan Respublikasynyң ұlttyқ қauipsizdigi turaly Қazaқstan Respublikasynyң 2012 zhylғy 6 қaңtardaғy № 527-IV Zaңy [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 6, 2012 No. 527-IV on the national security of the Republic of Kazakhstan]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000527

4. Қazaқstan Respublikasyndaғy til turaly Қazaқstan Respublikasynyң 1997 zhylғy 11 shildedegi N 151 Zaңy [on languages in the Republic of Kazakhstan law of the Republic of Kazakhstan dated July 11, 1997 N 151]. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151_

5. «Bilim salasyndaғy өzgerister men zhaңartular». (elektron.resurs).-2018. https://rel.kz/bilim-salasynda-y-zgerister-men-zha-artular/ (07.04.2018).

6. «BAҚ turaly zhaңa zaң, zhurnalistikanyң deңgejin kөteru zhәne azamattyқ қoғam institutymen zhұmys — 2020 zhyldyң қorytyndysy bojynsha Қazaқstannyң aқparat salasynyң damuy». (elektron.resurs) - 2021. https://primeminister.kz/kz/news/bak-turaly-zhana-zan-zhurnalistikanyn-dengeyin-koteru-zhane-azamattyk-kogam-institutymen-zhumys-2020-zhyldyn-korytyndysy-boyynsha-kazakstannyn-akparat-salasynyn-damuy-2904245. (29.01.2021).

7. Baglaj M. V. Resej Federaciyasynyң Konstituciyalyқ құқyғy. ZHOO-ғa arnalғan oқulyқ. – 6- basylym. – Moskva: Norma, 2007. – 784 B.

8. Resej Federaciyasynyң 1991 zhylғy 27 zheltoқsandaғy «Bұқaralyқ aқparat құraldary turaly» N 2124-I Zaңy. https://base.garant.ru/10164247/



**Автор туралы мәлімет**

***Пернебекова Айжан Пернебекқызы*** – Журналистика және саясаттану факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Pernebekova Aizhan Pernebekovna*** – Ph.D., Senior Lecturer of the Department of Teleradio and Public Relations of the Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

ХҒТАР: 19.61.45

[1]Сақ Қ.Ө.
[2]Тұржан О.І. *

1,2Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** onaigul_t@mail.ru

# Медиа шабуылдардың сипаты және ақпараттық

**Аңдатпа.** *Қазіргі кезеңнің ақпарат тарату және ақпарат жинақтау мәселесі тек қана ақпараттық шеңбер ішінде болудан шығып кетті. Қазіргі ақпарат экономикалық та, саяси да, мәдени де ықпалдасудың басты құралына айналды. Саяси бәсекелестер арасында ақпараттық текетірестердің белсенділік алып кеткен кезеңі де – осы кезең. Оның ішінде қарсыласы туралы жалған ақпарат тарату түріндегі әдісі де қарсыласына күш көрсетудің бір әдісіне айналды. Адамзат тарихында қазіргі технологияның дамуына дейін де ақпараттық текетірестер, жалған ақпарат тарату жағдайы болған екен. Көне грек заманында карфагендік әскер басы Барка Ганнибал елге өзінің әскерінің ішінде бір белгісіз індет тарап кеткендігі туралы хабар таратады. Мұны естіген қарсыластары оның әскері сол індетпен жағаласып, бір орынында тұр екен деп жайбарақат отырады. Ал Ганнибал болса, бұл кезде өз әскерімен қарсыластарының іргесіне келіп қалған еді. Осындай тәсілінің арқасында ол қарсыласының Тарента деген қаласын еш қиналмастан басып алған екен дейді. Ал XXI ғасырдың осыған ұқсас жалған ақпарат тарату тәсілі тек бір қаланы емес, тұтас халықтарды, ел мен елді бір-бірімен жауластырып қоюға күші жететін жағдайға келді. Бұл мәселе ғылыми талдаудың да нысанына айналды. Ақпараттық технологиялардың пайда болуына байланысты ақпараттық текетірес те белсенділік алды. Бір зерттеушілер «Ақпараттық соғыс» термині алғаш рет 1985 жылы Қытайда айтылған десе, физика саласының зерттеушісі Т.Рон деген ғалым бұл алғаш рет 1970-ші жылдардың ортасында айтылды дейді және «ақпарат – кез келген армияның ең осал тұсы» деп көрсетіпті. Ел бірлігін ыдыратуды көздейтін ақпараттардың түрі қандай болуы мүмкін? Ақпараттық шабуылдардан қорғанудың тәсілдері бар ма? «Цифрлық фашизмнің», «кибер-імпերализмнің» ел ішінде бүлік шығару ниетінің арғы жағында не тұр? Жалған ақпараттардың жастарға әсері қандай? Біз бұл зерттеу мақаламызда осы мәселелердің кейбір қырларына тоқталып, оны ғылыми тұрғыдан тұжырымдаймыз.*

**Түйін сөздер:** *ақпараттық шабуыл; «цифрлық фашизм», кибер-империализм», ақпараттық қорғаныс; Түркі Кеңесі; жастар.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-40-47**

## Кіріспе

Жаһандану үдерістерінің алғашқы кезеңінде шағын мемлекеттер экономикалық жағынан алға шыққан алпауыт елдердің ықпалына жұтылып кетуден сескенген еді. Ол заңды да. Алпауыт мемлекеттер өздерінің тек саяси-экономикалық жағынан мықтылығымен ғана емес, ақпараттық ықпалымен де сескендіре бастаған еді. Дегенмен, қандай күш пайда болса, оған қарсы екінші күштің өзінен өзі пайда болатыны ежелгі заңдылық. Әсіресе, ақпараттық тұрғыдан күш көрсетудің ақпараттық шабуыл, ақпараттық манипулия-

ция, ақпараттық террор кейпіндегі ықпалы ақпараттық қорғаныс, ақпараттық-барлау, ақпараттық-менталитеттік ынтымақтастық бағытындағы іс-қимылдарды жеделдетті. Ақпаратты кімнің көбірек тарата алатындығы да ақпараттық қуаттың белгісін көрсететін фактор болды. Зерттеушілердің айтуынша бүгінгі таңда әлемге таратылатын ақпараттардың 70 %-ы АҚШ-қа тиесілі екен.

Елдің ішінде таратылса да, халықаралық деңгейде таратылса да кез келген ақпарат белгілі бір мақсатты көздейді. Қазіргі таңда БАҚ қана емес, оқырман мен көрерменнің өзі де ақпарат таратушы және қабылдаушы және тұтынушы ретінде медиа-ғаламды құрап тұр. Әлеуметтік желінің өзіне тартып тұратын келбетіндегі ақпарат қуанышты болса да, реніштi болса да, үміт етерлік болса да, түңілтерлік болса да, үрейлі болса да, оны құныға оқимыз. Бір-бірімізге өзіміз-ақ таратамыз. Тіпті кейбір ақпараттардың ақпараттық шабуыл екендігін біле де бермейміз. Ақпараттық шабуылдардың «шабуылмын!» деп айқайлап келуі қазіргі таңда тіпті де маңызды емес. Керісінше, ол манипулияциялық әдістер арқылы кеңірек ауқымды қамтиды. Демек, мемлекеттің ақпараттық саясаты басқа саясаттардың алдында жүруі тиіс.

## Әдебиеттерге шолу

Біз бұл зерттеуімізде ақпарат саласын зерттеп жүрген көптеген ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдарды негізге алдық. Ақпараттық технологиялардың жаңа түрлерінің көмегімен ақпараттық шабуылдың әлеуметтік ортаға қалай ықпал ететіндігі туралы М. Маклюэннің талдауына сілтеме жасай отырып, оның қазіргі кезеңде шапшаңдаған сипатына назар аудардық. Тек сөз түрінде ғана емес, кино, өнер, түрлі жаңа техникалар мен бұйымдардың да өзіндік ақпараттық манипулияциялық ықпалы болатындығын зерттеген С. Ильченконың, М. Либицкидің, Ш.С. Сулейманованың, Н. Омашевтың, С.В. Попова және тағы да басқа зерттеушілердің ой-тұжырымдарына сүйендік. Соларды негізге ала отырып, қазіргі түркі тілдес халықтар әлемінің ақпараттық кеңістігіндегі жағдайларға тоқталып, жақында ғана өткен Түркі Кеңесінде айтылған ұсыныстар мен пікірлер бойынша ой түйіндеп, оған ғылыми тұжырымдама бердік.

## Зерттеу әдістері

Зерттеудің эмпирикалық базасына ақпарат саласы бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерде айқындалған деректер мен тұжырымдар негіз болды. Феноменологикалық әдіс арқылы ақпараттардың қоғамдық ортаның менталитетіне, ұстанымына тигізер ықпалына талдау жасадық.

## Зерттеудің өзектілігі мен нәтижесі

2021 жылы 22-24 қазан аралығында Стамбулда өткен Түркі Кеңесінің форумында Түркі Кеңесінің Бас хатшысы Бағдат Әміреев форумның негізгі мақсаты туралы айта келіп, Түркі Кеңесіне мүше мемлекеттерге ортақ, ұлттық мүдделеріне, менталитеттеріне сәйкес ақпараттық кеңістік қалыптастыру және ортақ мәдениет пен өркениетті дамыту, медиа және киноиндустрия саласындағы ынтымақтастықты нығайту қажеттігіне тоқталды.
Бас хатшы маңыз берген қажеттіліктің мәнісі тереңде еді. Білінбей келіп, бүлдіріп жатқан басқыншылық ақпараттардың таралу формасының әр алуандығы олардың түпкі дәмелерін сездіртпейді де. Олардың ең басты мақсаты – ұлттық-менталитеттік рухты әлсірету немесе біржола жою арқылы әрбір адамның санасына билік жүргізу. Ал бұл етек алып кетсе, жас ұрпақ үшін отаншылдық, ұлттық мүдде деген қасиеттердің мәнін жойып жіберері анық. Демек, ақпараттық шабуыл және ақпараттық қорғаныс мәселесін жан-жақты талдап, оған ғылыми-теориялық талдау жасау және бұл бағыттағы жаңа ақпараттық қорғаныстардың тәсілдерін зерттеу өзекті. Осы мақалада ақпараттық шабуылдардың негізгі белгілерін айқындалды, ақпараттық қорғанысты нығайтудың тәсілдері мен ақпараттық иммунитет қалыптастырудың жолдары сараланып, ғылыми тұжырымдалды.

**Талқылау және нәтижелер**

Қандай да бір қоғамдық ортаға сырттай да, іштей де іріткі салуды ойлаған ақпараттық манипулияциялар түрін өзгерткіш келеді. Түрі өзгерген ақпараттардың нені көздеп жүргенін бірден тану да қиын. «Ақпараттық манипулияция деректерді, цифрларды өзгертіп, әдейі бұрып жеткізу арқылы көпшілікке әлеуметтік, психологиялық және саяси жағынан ықпал етіп, олардың ұстанымы мен түсінігін өзгертуді мақсат етеді» [1. 65]. Осындай тәсілдерді тасалап келетін үлкен саясат үлкен ақпарат арқылы жасалмайды. Үлкен саясатты кішкене ақпараттар білдірмей, індеп кіріп жасайды. Мұндай ақпараттар көп жағдайда басқыншылықты көздейтін шетелден келеді, әрі жанға жайлы, жұмсақ болады. Жұмсақтығымен баурайды да, іштен шалады. Бұл тек жеке адамдарға ғана емес, тұтас халық бірлігінің уықтарын біртіндеп суырып, шаңырағын құлатудың әрекетін жасайды. Ақпараттық ықпалдастық бірлікті көздесе, ақпараттық шабуылдар ұлттар мен ұлыстар арасына жік туғызуды көздейді.

Америкалық теоретик М. Либицки өзінің «What Is Information Warfare?» деген еңбегінде ақпараттық типтердің мынадай жеті түрін көрсетіпті: командалық-бақылау функцияларға иелік ету үшін әскери текетірес; барлау және контрбарлау бағытындағы текетірес; психологиялық бағыттағы операциялар; хакерлік шабуылдар; ақпараттық өнімдерге бақылау жасау бағытындағы ақпаратық-сауда соғысы; электрондық саладағы текетірес; виртуальды кеңістіктегі кибернетикалық соғыстар (2. 204]. Осындай сипаттағы шабуылдарға ұшыраған тарап оның ықпалын әлсіретіп, жойып жіберу іс-қимылын жасамаса, шабуыл өзінің мақсатын қалай да жүзеге асырады. Демек, ақпараттық қорғаныстың маңызы уақыт өткен сайын арта түсуде.

Қазіргі кезеңде атомды бейбіт мақсатқа қолдану керектігі сияқты, ақпарат саласындағы цифрлы мүмкіндікті де бейбіт мақсатқа қолдану деген жағдайға келіп тұрмыз. Жастардың «цифрланған» санасында отаншылдыққа, бауырмалдыққа, адамгершілікке орын қалмай, кімнің «цифры» күшті болса, соған еріп кете беру жағдайының орнығуы да алыс емес сияқты. Осыған орай, әр алуан мақсатты көздейтін ақпараттық соғыс жүргізудің бағытын зерттеушілер екі бағытқа бөліп қарастырады:

- жастарды интернет-ресурстар арқылы өздеріне ниеттес етіп «өңдеу»;
- орта жастағы және қарт адамдарды ақпараттық каналдар арқылы және көңіл көтеретін ақпараттық индустрия арқылы «өңдеу».

Осындай әдістермен адамдардың түпсанасына айқайламай-ақ, жайлап, асықпай, бірақ үздіксіздік тәсілімен жаңа идеялдар мен құндылықтарды, тың идеяларды насихаттай бастайды. Ал бұл қоғамдық ортадағы топтардың бірте-бірте жік-жікке бөлініп, тіпті өздерінің негізгі мүдделерінен айнып, бір-біріне қарсы шығып, тіпті отбасылық құндылықтарды жоққа шығаруға дейін барады. Әйтеуір пайда табуды көздеп адам баласын аздыратын небір азғындықтарды насихаттап, адамның, әсіресе, жастардың сана-сезімін «қара базардың» тауарына айналдырған ақпараттық соғыс жүргізуші тараптар интернеттің ықпалын барынша кеңінен пайдалануда. Демек, ақпараттық қорғаныс үшін ақпараттық соғыстың білдірмей келіп, бүлдірер қауіпін талдап, қоғамдық ортаға жеткізіп отыру, оны талқыға салу маңызды.

Кез келген басқыншылық соғыстың мақсаты – өзі шабуылдаған елдің халқын аздырып, көнбісті ету, билік жүргізу, байлығын иелену және жергілікті халықты тұқыртып ұстау. Ақпараттық соғыстың да мақсаты сол. Егер бұл осылай жалғаса берсе, әр елдің іші осындай жік-жікке бөлініп кетсе, қоғамдық даму да болмайды. Қоғамдық даму кері кетіп, жауыздықтар мен арсыздықтар жер бетін тамұққа айналдырары сөзсіз. Демек, әр мемлекет өз ішіндегі халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың бірлігін сақтап, көршілес елдермен тату, достық қарым-қатынас орнатуы – адамзаттың қауіпсіздігі үшін маңызды. Тарихта әлемді тұтас билеп алып, байлыққа кенелген ешбір мемлекет жоқ.

Мақаламыздың басында сөз еткен Түркі Кеңесінің форумында халықтар арасындағы


ISSN: 2616-7174, eISSN:2663-2500

татулық пен бірлікті нығайтудың жолында ақпараттық қауіпсіздіктің маңызы туралы мәселе кеңінен талқыланды. Өйткені кейбір халықаралық БАҚ-тар Түркия мемлекетінің түркі тілдес басқа мемлекеттермен қарым-қатынасынан пантуркизм идеясын іздей бастады. Тіпті іздей бастаған жоқ, «дәл солай» деп нақтылап айтып жүр. Олар басқа елдермен Түркияның коммерциялық та, коммерциялық емес те қарым-қатынастарынан «жұмсақ күш» реңкін көреді екен. Мұндай ой-тұжырымдар түркі тілдес мемлекеттер арасын алшақтату мақсатын көздейтін ақпараттық шабуылдар түрінде сипат алуда [3. 6-26]. Түркі әлемін зерттейтін Юнус Эмре қорының іс-қимылынан да пантюркизмді көретін ақпараттық шабуылдарда Түркия мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарға да жік түсіру әрекеттері жиі көрініс таба бастады.

Түркия Республикасы Президенті аппаратының Коммуникациялық басқарма басшысы профессор Ф.Алтунның сөзімен айтсақ, Түркі Кеңесі әлемдік деңгейдегі маңызды платформаға айналып, халықаралық ықпалы да артты. «Алдымызда әділетті мағынасыздандыруға, құнсыздандыруға, елеусіздендіруге және мәдени, экономикалық, идеологиялық жақтан бодандық астына алуға тырысқан жалған индустрия бар. Біз осындай жалғандыққа және дезинформацияға қарсы күресіп, тек шындық жағында болуды моральдық қағидамыз ретінде қараудамыз» деді ол [4].

Осы форумда түркілік танымал киноактер Э.Дюзятан Түрк деген атты қорғау үшін талайлар құрбан болғандығын айтты. Қазіргі халықаралық жағдайда қандай да бір ұлттың құрбан болуының ең басты себептерінің бірі – ақпараттық қорғансыздығынан. Ақпараттық қорғансыздық елдің ішіндегі бет-бетімен жүретін берекесіздігінен де болады. Сол берекесіздік басқыншы тарап үшін өте қолайлы болады. Түркі Кеңесінің осы форумы сол берекесіздіктен болған рухтық шашыраңқылықты жойып, тұтас Түркі бірлігін нығайтуды көздеді. Бұл түптеп келгенде тек түркі тілдес халықтардың бірлігі ғана емес, әлемдік ақпараттық соғыс әрекеттеріне қарсы іс-қимыл екені даусыз. Егер де жер шарындағы қандайда бір ел ақпараттық шабуылдың кесірінен жұтап, жоқшылыққа ұшыраса, ол өзімен кетпейді. Оның жоқшылығы мен кедейшілігі дамыған елдердің де мазасын кетіретіні анық. Оған қазіргі таңдағы Африка, Ауғаныстан, Сирия және тағы да басқа елдердің босқындарының Европадағы дамыған елдердің іргесін теуіп, мазасыз жағдайға келтіріп отырғаны мысал бола алады. Сондықтан да кез келген сырттан келетін ақпараттық шабуылдардың бетін қайтару және ақпараттық қорғанысты нығайту тек түркі тілдес халықтар үшін ғана емес, кез келген мемлекет үшін маңызды.

Кәдімгі қарулы соғыстардың о баста ақпараттық шабуылдар арқылы басталғанына дәлел көп. Жалған ақпарат тарату арқылы елдің ішіне жік салып, ақыры халқы босқынға айналуының сипатын М. Маклюэн былайша сипаттайды: «Қазіргі ақпараттық жаңа технологиялар аса қуатты хирургиялық операция жасау құралдары іспеттес, осы құралдар арқылы өзіміздің әлеуметтік «денемізге» операциялар жасалатындығын сезінбейміз. Және ол операциялар қандай да бір әлеуметтік «антисептиктердің» көмегінсіз жасалатындықтан, одан келген зиян күллі қоғамдық ортаға жайылады» [5].

Зерттеушілер осындай себептермен «жалған ақпаратқа алданып отырған тараптың мына үш сипатын байқауға болады дейді:

- алдамшы ақпаратқа назарын аударып, оны бақылап отырады;
- біраздан соң бұл алдамшы нәрсені шындық ретінде қабылдай бастайды;
- көп ұзамай алдаушының мақсатына сәйкес іс-қимылға көшеді [6. 17]

Осындай себеппен елдің ішкі бірлігі кеткеннен кейін, сырттан келер жау да көп, өз араларында дау да көп болады. Сыртқы жау мен ішкі дау қосылса, елде елдік қалмасы анық. Демек, ақпараттық қорғанысты жүзеге асырудың жолдарын қарастыру маңызды. Соның бір жолы – ұлттық БАҚ-тың санын көбейту, солар арқылы қуатты жарнамалық ақпараттар беріп отыру, менталитеттік бағыттағы түрлі ойын-сауықтық, ұтыс ойын-

дары түріндегі ақпараттар, ток-шоу, отандық БАҚ-тардың тартымды имиджін қалыптастыру. Сондай-ақ, ұлттық мәдениет пен ұлттық ұстанымдарды, менталитеттік қағидалар тарихын зерттеу, танымалдығын арттыру, басқа мемлекеттерден сіздің мемлекетіңіз туралы ақпарат таратылуына ықпал ету.

Соңғы жылдары «цифрлық фашизм» деген термин пайда болды. Өзінен өзі пайда болған жоқ, ол «жаңашылдық» сипаты арқылы шабуылдайтын ерекшелігіне байланысты осылай аталып жүр. Оның бүлдіргіштігінің мәні неде десек, оның жастарға ұнамдылығында. Цифрлық мүмкіндіктің небір ғажайып көріністеріне деген қызығушылықты тудыру арқылы өзінің түпсанаға ықпал ететін қуатымен, жастарды өз ұлты мен өз отанынан ажырап кетуіне, суып кетуіне әкеліп соқтыратындығымен қауіпті. Өз отанынан, өз менталитетінен ажырағандар басқаның елін ел қылып та жарытпайды, басқаның менталитетін өзіне түпсаналық тұрғыдан қабылдап та ала алмайды. Ақыры дүбара болып, адами жұтаңдыққа ұшырайды. Егер бір ұлттың 30-35 пайызы осындай жағдайға ұшыраса, ол өзінің жұқпалылық қасиетімен айналасына да жайыла бастайды екен. Осылайша ұлтты ұлтсыздандырып, мәңгүрт қалыпқа түсіреді. Басқыншылық бағыттағы ақпарат тарататындардың арғы ниеті осыда жатыр. Оларға мәңгүрттің елі мен байлыққа толы жері керек. Қазіргі цифрлық дәуір кезеңінде бұл қауіп алдымен цифрлық технологиялардан кенжелеп қалғандарға төнеді. Демек, біздің қазақ та, түркі тілдес басқа халықтар да әлемдік цифрлық мүмкіндіктерді тезірек игеріп, көркемдік пен мүмкіндіктерді өз елімізде жасау – ақпараттық шабуылдардан қорғанудың бір кепілі бола алады. Өз цифрлық платформасын озық үлгіде құра алған мемлекеттер өз тұтастығын да сақтай алады, ұрпағының жан-жаққа алаңдап, озып тұрғандардың жетегінде кетпеуіне мүмкіндік алады. Ақпараттық қорғаныстың қазіргі сипатының маңызы осында.

Жаһандық цифрлық ақпараттар мақсатты аудиторияға барынша тез жететін және ұзақ уақыт есте қалатын қасиетімен ерекшеленеді. «Сөзбен берілген, яғни, мәтіндік ақпараттардың тек 7%-ы ғана есте сақталатын болса, ауызша таралған ақпараттардың 38%-ы, визуалды ақпараттардың 55%-ынан астамы есте сақталады екен» [7. 170]. Ал осыған цифрлы ақпараттарды, түрлі кодтармен жетіп, иек қағып, ыммен түсіндіретін ақпараттардың өткірлігін қоссақ, мұндай шабуылдардың сипаты қандай болатындығын болжауға болады. «Біздің елімізге капиталын әкеліп жатқан алпауыттар бейбіт өмірдің қаймағы бұзылмауына мүдделілік танытады. Бірақ олар түрлі бағыттағы жобалары арқылы өз идеяларын сіңіруді де ұмыт қалдырмайды» [8. 73].

Зерттеуші Д.В.Шибаев ақпараттық шабуылдың мынадай сипаттарын көрсетеді:

- қоғамдағы әлеуметтік-рухани қарым-қатынастарға мысық табандап еніп, ұлттық идеология мен ұлттық құндылықтарды бірте-бірте ығыстыруға әрекет етеді;

- оның орнына шабуылдаушы жақтың құндылықтары мен иделогиялық ұстанымдарын орнықтырады;

- сол арқылы өз ықпалдарын күшейтіп, стратегиялық ресурстар мен ақпараттық-телекоммуникациялық құрылымдарда, ақпараттық кеңістікте өздерінің БАҚ-тарын көбейтеді;

- жас ерекшелігіне қарай «зомбиға» айналдыру үшін мультфильмдерді, арнайы тақырыптық бағдарламаларды көбейту арқылы жергілікті ұлттың өз ұлттық құндылықтарынан бас тартуына дейін апарады [9. 62].

Тек мультфильмдер ғана емес, көркем фильмдер де, тіпті шетелдік озық технолгиялық бағыттағы бұйымдар да, сәнді киім-кешектер де, ойыншықтар да басқаларды өздеріне ниеттес, бағыттас етудің қызметін атқарады. Олай болса, өз елімізде озық технолгиялы өндірістік өнімдердің көптеп жасалуы, шикізатымыздың емес, өзіміз жасаған өнімдердің шетелде сұранысқа ие болып жатқандығы туралы мәліметтер де елдің ішкі бірлігін нығайта түсері анық. Яғни, ақпараттық шабуылдардың ықпалын әлсіретудің бір амалы – елдің барлық саладағы жоғары әлеуеті туралы ақпараттарды барынша көп тара-

ту болмақ. Сондай-ақ, жасалған ақпараттық шабуылдың ақпараттық шабуыл екендігін саралап, талдап, оны БАҚ-тарда, әлеуметтік желілерде айту да ақпараттық иммунитет қалыптастырудың маңызды бір амалы бола алады.

**Қорытынды**

Елдің ішкі тұтастығының, туыстас халықтардың өзара бірлігінің, олардың тек өзара ғана емес, басқа елдермен де достық қарым-қатынаста болуының маңызы артып келеді. Тұтастықтың арқасында экономикалық та, саяси да дамуға мүмкіндіктер пайда болады. Білім саласындағы, өнер мен экономика саласындағы халықаралық коммуникацияның шашырамауына жаңа кеңістік ашылады. Ал шабуылдар мықты қарсылыққа тап болып отырса, олардың да күші әлсірейді.

Осыларды қорыта келгенде ақпараттық шабуылдардан қорғанудың стратегиялық бағыттарының ішінде мынадай міндеттер болуы керек деп есептейміз:

- жұртшылықтың ақпараттық иммунитетін күшейту;
- ақпараттық шабуылдарды тани алатын медиа сауаттылығын арттыру;
- ақпараттық-цифрлық бағыттағы мамандарды көбейту;
- өз елімізде және Түркі тілдес мемлекеттер арасында кибер-имперализмге және жаһандық дезинформацияға қарсы тұра алатын ортақ ақпараттық өнімдер беру және тарату [4];
- ақпараттық қорғаныс шебін күшейтетін цифрлық технологияны дамыту;
- цифрлық технологияның мықты мамандарын даярлау.

Әр заманның өз соғысы бар. Біздің дәуірдің соғысының қаруы – ақпараттық «қару». Адам қанша мықты болғанымен, үгіт-насихаттың алдында әлсіз. Ал жат пиғылдағылардың үгіт-насихаты адам санасын өзіне бағындыруды көздейді. Біз осы зерттеу мақаламызда осындай шабуылдардың сипатын және одан қорғанудың кейбір мәселелерін сараладық, ғылыми тұрғыдан тұжырымдадық. Бұл ғылыми мақаламыз ақпарат мәселесін зерттеп жүргендерге қандай да бір пайдасын тигізер деген үміттеміз.

**Әдебиеттер тізімі**

1. Ильченко С. Как нас обманывают СМИ. Санкт-Петербург: Питер, 2019. – 320 с.
2. Сулейманова Ш.С. Информационные войны: история и современные тенденции // Вопросы политологии. – 2017. № 4(28). – 203-2014 с.
3. Сулейманов Р. Влияние Турции в татарстане: фактор «мягкой силы» // Журнал «Мусульманский мир». – 2016. №1. – 6-26 с.
4. Жұмабайқызы Г. Түркілік ақпарат кеңістігі қанат жайып келеді [Электрон ресурс] – 2021. URL.: https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/turklk- akparat-kenstg-kanat-jayyip-keled-176837/ (қаралған күні: 10.11.2011).
5. Маклюэн М. Понимание медиа. Часть I. Глава 7. Вызов и коллапс. Немезис креативности. [Электрон ресурс] – 2011. URL.: https://gtmarket.ru/library/basis/3528/3536 (қаралған күн: 10.11. 2021).
6. Попова С.В., Федоринов В.Е. Цели и последствия информационной войны // Журнал «Воздушно-космические силы. Теория и практика». 2018. № 6. – 15-21 с. http://xn----7sbajajhyox3duj.xn--p1ai/images/data/zhurnal_vks/6-2018/
7. Современный медиатекст: учебное пособие. отв. ред. Н.А. Кузьмина. – ООО «Полиграфический центр «Татьяна»: Омск, 2011. – 414 с.
8. Омашев Н. Өнегелі өмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. Ш. 193. – 365 б.
9. Шибаев Д.В., Методы противодействия информационной войне // Российский журнал правовых исследований. Том 3. – 2016. № 4. – 60-68 с. https://journals.eco-vector.com/2410-7522/article/view/18192 DOI: https://doi.org/10.17816/RJLS18192 (қаралған күн: 11.11.2021)

[1]К.О. Сак, [2]О.И. Туржан
[1,2]*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

**Специфика медиа-атак и проблемы информационной безопасности**

**Аннотация.** Вопрос распространения информации и сбора информации на современном этапе уже не просто информационный круг. Современная информация стала ключевым инструментом экономической, политической и культурной интеграции. Это период, когда активизировалось информационное соперничество между политическими соперниками. В частности, метод распространения ложной информации стал одним из методов насилия. В истории человечества еще до развития современных технологий были случаи информационных конфликтов, распространения ложной информации. В Древней Греции Карфагенский полководец Барка Ганнибал сообщил, что неизвестная чума распространилась среди его армии. Когда его противники услышали это, они обрадовались, что армия Ганнибала оказалась на грани катастрофы, тогда как он уже вплотную подошел к ним. Он отмечал, что ему легко удалось захватить город своего противника Таренту.

А в 21 веке подобный способ распространения ложной информации стал силой, с которой нужно считаться не только с одним городом, но и с целыми странами и народами. Этот вопрос также стал предметом научного анализа. С появлением информационных технологий обострился и информационный конфликт. Некоторые исследователи говорят, что термин «информационная война» был впервые введен в употребление в Китае в 1985 году, но исследователь физической отрасли Т. Рон указывает, что впервые ввел термин в середине 1970-х годов, утверждая, что «информация является наиболее уязвимой частью любой армии».

Какую информацию можно использовать для разрушения единства страны? Есть ли способы защитить себя от информационных атак? Что стоит за стремлениями «цифрового фашизма» и «кибериมпериализма» восстать внутри страны? Как ложная информация влияет на молодежь? В этой исследовательской статье мы сосредоточимся на некоторых аспектах этих проблем и сформулируем их с научной точки зрения.

**Ключевые слова:** информационная атака, «цифровой фашизм», «кибер-империализм», информационная безопасность, Тюркский совет, молодежь.

[1]K.O. Sak, [2]O.I.Turzhan
[1,2]*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**The specifics of information attacks and the importance of information security**

**Abstract.** The issue of disseminating information and collecting information at the present stage is no longer just an information circle. Modern information has become a key tool for economic, political, and cultural integration. This is the period when information rivalry between political rivals intensified. In particular, the method of spreading false information has become one of the methods of violence. In the history of mankind, even before the development of modern technologies, there were cases of information conflicts, the spread of false information. In ancient Greece, the Carthaginian general Barca Hannibal reported that an unknown plague had spread among his army. When his opponents heard this, they were glad that his army was on the brink of disaster. Hannibal, on the other hand, was at the helm with his army. He says that he managed to capture his opponent's city, Tarentum, without any problems.

In the 21st century, this method of spreading false information has become a force that must be reckoned with not only with one city but also with entire nations, countries, and peoples. This issue has also become the subject of scientific analysis. With the advent of information technology, the information conflict has also intensified. Some researchers say the term «information war» was first coined in China in 1985, but a physics researcher named T. Ron first coined the term in the mid-1970s, arguing that «information is the most vulnerable any army «.

What information can be used to destroy the unity of the country? Are there ways to protect yourself from information attacks? What is behind the intention of «digital fascism», «cyber-imperialism» to revolt in the

country? How does false information affect young people? In this research article, the authors focus on some aspects of these problems and formulate them scientifically.

**Keywords:** information attack; "Digital fascism", "cyber-imperialism", information security; Turkic Council; young people.

**References**

1. Il'chenko S. Kak nas obmanyvayut SMI. [Il'chenko S. How the media deceive us] (St. Petersburg: Peter, 2019 . 320 p.) [in Russian]

2. Suleymanova SH.S. Informatsionnyye voyny: istoriya i sovremennyye tendentsii [Suleimanova Sh.S. Information wars: history and modern trends] (Questions of political science. - 2017. No. 4 (28). - 203-2014 p) [in Russian]

3. Suleymanov R. Vliyaniye Turtsii v tatarstane: faktor «myagkoy sily». [Suleymanov R. Influence of Turkey in Tatarstan: the factor of «soft power»] Journal «Muslim World». - 2016. No. 1. - 6-26 p. [in Russian]

4. Jumabayqızı G. Türkilik aqparat keñistigi qanat jayıp keledi [Zhumabayevna G. Turkish information space is expanding] [Electronic resource] - 2021. Available at: https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/turklk- akparat-kenstg-kanat-jayyip-keled-176837 / (Accessed : 10.11.2011) [in Kazakh]

5. Maklyuen M. Ponimaniye media. Chast' I. Glava 7. Vyzov i kollaps. Nemezis kreativnosti [Maklyuen M. Ponimaniye media. Chast 'I. Glava 7. Vyzov i kollaps. Nemezis kreativnosti] [Elektron resurs] - 2011. Available at: URL .: https://gtmarket.ru/library/basis/3528/3536 (Accessed: 10.11. 2021).

6. Popova S.V., Fedorinov V.Ye. Tseli i posledstviya informatsionnoy voyny [Popova S.V., Fedorinov V.E. Objectives and Consequences of Information War] Journal of Aerospace Forces. Theory and practice». 2018. No. 6. - 15-21 p. [in Russian]

7. Sovremennyy mediatekst: uchebnoye posobiye. otv. red. N.A. Kuz'mina [Modern media text: a tutorial. otv. ed. ON. Kuzmina]. (OOO "Polygraphic center» "Tatiana»: Omsk, 2011. - 414 p. [in Russian]

8. Omashev N. Өnegelí өmír [Омашев Н. Moral life] (Almaty: Kazakh University, 2020. Sh. 193. - 365 p) [in Kazakh]

9. Shibayev D.V., Metody protivodeystviya informatsionnoy voyne [Shibaev D.V., Methods of countering information war] (Russian journal of legal research. Volume 3. - 2016. No. 4. - 60-68 p.) DOI: https://doi.org/10.17816/RJLS18192 [in Russian]

**Авторлар туралы мәліметтер**

***Сақ Қайрат Өмірбайұлы*** – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Журналистика және саясаттану факультетінің деканы; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

***Тұржан Оңайгүл Ізтұрғанқызы*** – филология ғылымдарының кандидаты, Журналистика және саясаттану факультеті телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

***Sak Kairat Omirbayuly*** – Candidate of Philology, Dean of the Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***Turzhan Ongaigul Izturganqyzy*** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Teleradio and Public Relations of the Faculty of Journalism and Political Science, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

ХҒТАР: 19.61.45

[1]Е.Б. Жұматаев
[2]Қ.Әуесбай*

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
[2]«Қазақстан» РТРК АҚ Атырау филиалы директоры, филол. ғ.к., Атырау, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** kanat_a82@mail.ru

# Цифрлы технологиялардың жаңалықтар қызметіне әсері

**Аңдатпа.** *Бұл ғылыми мақалада коммуникациялық технологиялардың қарыштап дамыған ақпарат тасқыны кезеңіндегі жаңалық тарату қызметі және ондағы өзгерістер терең қарастырылады. Әлемдік зерттеушілер Эверетт Деннис, Джон Мэрилл, Джон Нэсбит, Элвин Тоффлер, Рольф Добелли, Тейлор Фило, Ален де Боттон және Томас Паттерсеннің ғылыми тұжырымдары сараланып, ресейлік ғалымдар Лада Браславец пен Рудольф Борецкийдің пайымдаулары сөз болады. Сондай-ақ, жаһандық сарапшылар Нил Сноу мен Уолтер Липманның сараптаулары зерделеніп отыр. Жаһандық зерттеуші-ғалымдардың жаңалықта болуы тиіс және ескерілуі қажет он екі факторына талдау жасалынады.*

*Сонымен бірге, бүгінде әлемдік сарапшылар жаңалықтардың мән-мазмұнына көрермендердің назарын еріксіз аударатын ойын-сауықтық элементтердің барлық түрлерін енгізуге назар аударатынын заманауи тренд ретінде бағалап отырғаны зерделенеді. Цифрлы дәуірде ауқымды аудиторияны қамту үшін жасалынып отырған мұндай қадамдарға тұжырым жасауда автор ресейлік профессор Рудольф Борецкийдің зерттеулеріне жүгінген.*

*Ақпараттық соғыс пен цифрлы қоғамдағы ымырасыз бәсекелестіктің телевизиядағы жаңалықтар қызметіне әкелген өзгерістері мен әсері әлемдік ғалымдардың зерттеулері негізінде терең талқыланып, автордың өзіндік пайымдауларымен қорытындыланады.*

*«Хабар 24», «Хабар», «Қазақстан», «Астана», «КТК», «31-арна» және «Орт-Евразия» сынды отандық телеарналардағы жаңалық тарату қызметіне цифрлы дәуір әкелген трансформация мәселесі тұжырымдалады. Автор, сондай-ақ заманауи жаңалық тарату қызметіндегі «жұмсақ» жаңалықтар мен ресми жаңалықтардың бір-біріне орын ығыстыру мәселесіне көңіл бөліп, ғылыми талдаулар ұсынып отыр.*

*Зерттеуде мәтіндік талдаулар, жаһандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен анықтамаларын кездестіре аламыз.*

**Түйін сөздер:** *медиа және технология, цифрлы қоғам, ақпараттық соғыс, жаңалықтар қызметі, трансформация, ақпарат, телевизия.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-48-57**

## Кіріспе

Қазіргі заманда ақпарат адамзатқа қажет әлемдегі негізгі қозғаушы күштердің біріне айналып отыр. Жер жаһандағы саяси-экономикалық, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-рухани, спорттық-сауықтыру, танымал әншілер мен әртістердің, лауазымды тұлғалардың жұлдызды өмірі туралы жаңалықтар күнделікті сұранысқа ие. Ақпаратсыз әлемді көз алдыңызға елестете алмайсыз. Күні бойы кез-келген көзі ашық, көкірегі ояу азамат өз елінде және дүниежүзінде болып жатқан оқиғалар туралы жаңа ақпараттарды оқуға, көруге қызығушылық танытып отырады.

## Зерттеу әдістері

Бұл бір жағынан жан-жағында не болып жатқанынан хабардар етсе, екінші жағынан адамзаттың даму жолындағы жаңалықтарынан құр қалдырмайды, үшінші жағынан тұрмыстық, отбасылық қажеттіліктер үшін керек, төртіншіден, кәсіби мамандығың мен сүйікті ісіңе қажет тың ақпараттар алу үшін, бесіншіден еліңдегі тыныс-тіршілікті бағамдап отыру үшін қажет. Сондықтан келешегіне үмітпен қарайтын әр адам жаңалыққа үйір болады.

Ғылыми мақалада жинақтау, саралау, пайымдау, талдау, талқылау және контент-анализ әдістері қолданылды.

Ақпарат сөзінің түбі латынның informatio сөзінен шыққан. Мәлімет, түсіндіру, таныстыру деген мағынаны білдіреді. Қазақтың ақпарат сөзі, жаңалық сөзімен тең мағыналас. Сондықтан бірдей қолданыста. Ең алдымен әлемдік зерттеушілер  Эверетт Деннис пен Джон Мэриллдің жаңалыққа нені жатқызуға  болады деген сауалға берген жауабын зерделеп көрсек. Олар мынадай анықтаманы алға тартады. «Жаңалық – бұл нақты бір мәселе мен оқиғаға немесе үдеріске байланысты заманауи көзқараспен жеткізілген ақпарат. Жаңалықтарда жеке адам мен жалпы қоғам үшін маңызды өзгерістер жан-жақты қамтылып отырады. Жаңалықтар аудиторияны қызықтырған тақырыппен қоса, редакциялардың ішкі және сыртқы шектеулерін ескеру арқылы дайындалады. Ол редакцияның күні бойы болып жатқан оқиғаларды іріктеу барысында ішкі ұжымдық талқылаулар арқылы қол жеткізетін келісімі мен тез бүлінбейтін өнім дайындау ойынының  нәтижесі» [1,35 б].

## Талқылаулар мен нәтижелер

Бұл жаңалықтарға берілген анықтамада қазіргі замандағы ерекшеліктер ескеріліп отыр. Әсіресе, ішкі және сыртқы шектеулер туралы орынды айтылған. Мәселен, редакцияларға құрылтайшылардан бөлек, үкімет пен министрліктерден, әкімшіліктер мен биліктегі  партиялардан да өздері өткізетін оқиғалар мен шараларға байланысты түрлі нұсқаулар мен шектеулер қойылып жататыны жасырын емес. Көбінесе баспасөз баянының  шеңберінен шықпау талап етіледі. Бірақ қалай болғанда да мұндай шектеулерге қарамастан көрерменге тартымды ақпарат ұсыну журналистің шеберлігі мен редакцияның табандылығына байланысты екендігі сөзсіз. Сондықтан жаңалықтарды дайындайтын әр ұжым күнделікті өздері қамтитын маңызды оқиғаларды іріктеп, негізгі өнімді дайындау барысында шынымен де түрлі келісімдер мен арағаайындықтан тұратын ойындардың қатысушысы болады. Оны да зерттеушілер орынды ескерген.

Осы зерттеушілер жаңалықта болуы және ескерілуі тиіс 12 факторды атап өтеді. «Олар ақпараттың қайталанып беріле алатындығы, ауқымдылығы, мағынасының анықтылығы, белгілі бір топқа бағытталуы, нәтижесінің әсер етуі, сенсациялығы, дамытып үзбей берілуі, салмақтылық пен көңіл көтеру теңгерімінің сақталуы, өркениетті елдердің деңгейімен салыстырылуы, саясат пен мәдениет жұлдыздары өмірінің қамтылуы, қоғамдық-саяси беделі бар жеке тұлғалар өмірінің назарда болуы, оқиғаның кері әсерінің болжануы сияқты факторларды ескерсе, журналист өз ақпараты арқылы аудиторияны тарта алады» [1,107б].

Сарапшылардың заманауи талаптарды осы тізімге кіргізуімен толығымен келісуге болады. Әсіресе, сенсацияға, жұлдыздар өмірі-

не қатысты ақпараттарға кез-келген адам қызығушылық танытатын болды. Бұрындары төтенше және қылмысты оқиғалар, жұлдыздардың әрекеттері туралы ақпараттардан гөрі саяси, әлеуметтік, қоғамдық, рухани оқиғаларға бірінші кезекте мән берілсе, қазір адамды көп ойлантпайтын, жеңіл ақпараттарға сұраныс көбейді. Саяси жаңалықтардың көбінесе тек түрлі сайлаулар кезінде және үкіметтер ауысқан тұста рейтингі өседі. Басқа кезеңдерде бұл тақырыптар онша қызығушылық тудырмайды. Мысалға, еліміздің телеарналарындағы жаңалықтардың деңгейін саралай кетсек, оған нақты көзіміз жете түседі. Мемлекеттік телеарналарда («Хабар 24», «Хабар», «Қазақстан», «Астана») біріншіден, ресми жаңалықтар ақпараттық бағдарламалардың бас жағында беріледі. Екіншіден, бұл сюжеттердің хронометражы ұзақ болып келеді. Үшіншіден, сараптау-талдау емес, баяндау стилі басым. Төртіншіден, соңғы он жылдықта бұл арналарда түрлі өзекті мәселелерді көтеретін проблемалық сюжеттер көп көрсетілмейтін болды. Бесіншіден, сенсациялық және жұлдыздар өмірі туралы ақпараттар әлі де қамтылмайды. Алтыншыдан, осы арналар орналасқан телекоммуникациялық технологиясы озық «Қазмедиа орталығының» тікелей байланысқа шығатын ғажайып мүмкіндіктері төтенше оқиғалар орын алған кезде толыққанды пайдаланылмайды. (Алматыда орын алған лаңкестік оқиға, жер мәселесіне байланысты митингілер) Бұл мүмкіндіктер тек ресми оқиғалар болған кезде іске қосылады. Осыдан кейін өкінішке қарай олардың рейтингі де мүлдем көтерілген емес. Көрермендер іш пыстыратын жаңалықтарды көруге құлықты емес. Ал жекеменшік тәуелсіз телеарналар («КТК», «31», «Орт-Евразия») дүниежүзі телеарналары қолданатын сенсациялық ақпараттарды айқайлатып беруге машықтанып алды. Әр күннің ең шулы жаңалығын олар бағдарламаның басында жедел және сараптап беруге тырысады. Жеке арналардың жаңалықтар қызметі  жұлдыздар өмірін жалаулатып беруді де тез меңгерді. Кейбірі тіпті арнайы айдармен беруді қолға алды. («31 арнада» «Жұлдыздар жарқырайды») Мұндай жаңалықтарға сұраныс еселеп өскен соң, жарнаманың уақыты да ұзарып сала берді.

Дәл қазіргі заманда әлемдік сарапшылар жаңалықтардың  мазмұнына көңіл көтеретін ойын-сауықтық элементтердің барлық түрлері кірігіп кеткенін назар аударатын тренд деп бағалайды. Әрине, бұл кең ауқымды аудиторияны тарту үшін жасалған әрекет. Тұтынушының сұранысы болған соң, жаңалықтар да жаңа өзгерістерді біртіндеп бастан өткере бастады. Бұрындары тек сарыжағал басылымдар таратып келген ақпараттар енді қазіргі заманауи жаңалықтардың қалыпты легіне айналды. Байқасаңыз барлық жаңа технологиялардың өзі көңіл көтеру үрдісіне бейімделіп жасалатын болды. Бұның себебін ММУ профессоры Рудольф Борецкий дәл тұжырымдаған екен. Оның айтуынша, «салмақты хабарлар эстрадалық материалдардың пішіні мен мазмұнын меңгеріп алды. Бұл құбылысты ол жанрлардың диффузияға ұшырауы» деп атайды. Ғалым оған телевизияның коммерциалануына орай рейтингті көтеру тікелей әсер еткенін дөп жазған [2]. Мұның өзі адамдар көп қолданатын телекоммуникациялық жүйелерді де жетілдірді. Осындай өзгерістерден жаңалықтар да қалыс қалмады. Американдық сарапшылар жаңалықтарды қатты және жұмсақ деп екіге бөліп қарайды. Қатты жаңалықтарға мемлекеттік мүдде тұрғысынан, қызметте отырған галстукты адамға қатысты берілетін жаңалықтар жатады. Көбінесе, елдің бірінші тұлғалары және үкіметі туралы, яғни ресми ақпараттар. Жұмсақ жаңалықтар сенсациялық және жұлдыздар өмірі туралы ойын-сауықтық ақпараттар. Зерттеушілердің мәліметінше, осы жұмсақ жаңалықтар 90 жылдары ақпараттық бағдарламаның 25 пайызын құраса, қазір 40 пайыздан асып кеткен. Осының өзінен-ақ көрерменнің талғамы қалай өзгергенін байқауға болады. Американдық зерттеуші Томас Паттерсен: «Жұмсақ жаңалықтар ауқымының өсуіне түрлі рейтингтік және маркетингтік агенттіктерінің сенсациялық және жұлдыздар өмірі туралы ойын-сауық ақпараттары аудиторияны көп тартады және ұстай алады деген қорытындылары тікелей әсер етіп отыр» [3]


ISSN: 2616-7174, eISSN:2663-2500

- деген тұжырымды алға тартады. Бұл тұжырыммен келіспеуге болмайды. Өйткені жеңіл ақпараттарды көрермен де жеңіл қабылдайды. Әлемдік белгілі телеарналардың өзі бұл жаңалықтардың қаттыдан жұмсақ түріне көп бейімделуін мойындап, тұтынушының талғамы үшін жұмыс істеуге бірден көшіп кетті. Бұл үдеріске еліміздегі мемлекеттік телеарналар да назар аудармаса болмайды. Қазір олар бағдарламалар мен хабарларды ойын-сауықтық шоуға бейімдеді. Өкінішке қарай, осы арналардағы жаңалықтар қызметі ресмиліктің сірескен сеңін әлі бұза алмай келеді. Бірақ ерте ме, кеш пе бәрібір бұл сең бұзылатыны анық.

Жаңалықтар әлемдегі түрлі қауіп-қатерлердің өршуіне орай, елдер арасындағы түйткілдердің көбеюіне байланысты және діни қақтығыстардың жиілеуіне қатысты қайтадан биліктің үгіт-насихат құралына ақпараттық соғыстың да итаршысына айналды. Дүниежүзі тарихында мұндай ақпараттық майдан қырғи-қабақ соғыс жылдары КСРО мен АҚШ арасында болғаны белгілі. КСРО тараған соң, бұл ақпараттық қақтығыс бұлты сейілген еді. Алайда 21 ғасырда бұл дүрбелең қайтадан бой көтеріп отыр. Оған телеарналардың жаңалықтары да тартылмай қалмады. Мәселен, дәл қазіргі Ресей мен Украина арасындағы Қырым үшін өршіген тартысқа май құюшы – ақпарат құралдары. Ресей арналарын көрсең, Украинада фашистер, бандеровшылар, ұлтшылдар билікті басып алған деп шулайды да жатады. Украина телеарналары Ресейдің империялық мүддесі қайта оянды, оккупация жасалды, лаңкестік топтар шабуылдады деп дабылдатты. Екі елдің тележаңалықтары өз мемлекеттерінің мүддесін қорғау мақсатында ақпараттық соғысқа кірісіп кетті. Онда жеңу үшін олар барлық бар ескі және заманауи тәсілдерді пайдаланып жатыр. Екі ел арасындағы бауырластық қатынастар, сауда-экономикалық байланыстар, кеңестік замандағы достық ахуал бір күннің ішінде жоққа шығарылды. Есесіне мұндай плюстерді, әп-сәтте минусқа айналдыратын қарқынды үздіксіз насихаттау жобасы қолға алынды. Оның жасанды түрде ұйымдастырылғаны мынадай: науқанның бір мезгілде басталуы, жаңалықтарда ғана емес ток-шоуларда да жаппай талқылануы, бір жақты мүдделес сарапшылардың іріктеліп алынуы, көршілес және басқа елдерден одақтастардың тартылуы, тақырыпқа арналған деректі және көркем фильмдердің көптеп түсірілуі, арнайы кітаптардың шығарылуы, тәрбие орталығы болып табылатын мектептерді де араластыру, адамдардың эмоциялы әрекеттерін пайдалану сияқты параметрлерден анық көрініп отырды. Бұл қажетті пікір мен көзқарасты бір жақты дәлелдеп көрсетуге барлық мүмкіндіктер пайдаланылды. Екі елде осындай үгіт-насихаттық науқанның арнайы тұжырымдамасы жасалғаны айқын көрінді. Әр жақ өзінің тұжырымын дәлелдеу үшін телеарналардағы жаңалықтарды негізгі қару ретінде жан-жақты қолданды. Бұл арада АҚШ сарапшысы Н. Сноудың «Үгіт-насихат кең ауқымды дәлелдеуден тұратындықтан, оны жасаушыға басымдық әкеледі» [4] деген тұжырымы орынды екендігіне көз жеткізе түсеміз. Бұған қоса ақпараттық соғыстар БАҚ-тың беделін түсіріп жібергенін нақты көріп отырмыз. Мысалға, бұрындары ресейлік телеарналар ТМД елдеріндегі әріптестері үшін үлгі көрсететін көшбасшы болғаны жасырын емес. Бірақ Украинамен арадағы ақпараттық соғыстан кейін олардың абырой-беделі мүлдем төмендеп, белгілі журналистері итаршы идеологтардың қатарына кіріп кетті.

Американдық сарапшы У.Липманның «қоғамдық пікір БАҚ үшін жасалуы керек, негізді болу үшін қоғамдық пікірді БАҚ қалыптастырмау керек, белгілі бір орта қалыптастыруы қажет» [5] деген пікірінің де жаны бар. Өйткені кез-келген мәселе өзінің ортасында пісіп жетіліп барып, қоғам талқысына шығады. Журналистер сол мәселені БАҚ арқылы көрсетіп, таратады, ел назарын аударады. Бұрындары солай болып келген еді. Бірақ ақпараттық соғыс бұл журналистік қағиданың быт-шытын шығарды. БАҚ өзі түрлі тәсілдерді қолданып, оқиғаны өзі жасап, өзі мәселені туындатып, өзі соны тарататын болды. Қазір оған фейк жаңалықтар деген ат қойылып, айдар тағылды. Яғни болмаған оқиғаны болғандай етіп эфирге шығару белең алды. Бұл да

ақпараттық соғыстың бір жемісі. Мұндай сюжеттер тек Қырым оқиғасы кезінде ғана емес, Ирактағы соғыс, Израил-Палестина кикілжіңі кезінде де дайындалғаны белгілі. Ресейдің бірінші арнасының Славянскідегі крестке шегеленген бала туралы сюжеті нақты дәлелденбей жалған болып шыққаны, Ирактағы мешіттер мен ауруханалардың атқылануы туралы кейбір материалдардың шындыққа сай болмай шыққаны фейк жаңалықтың бірекі көрінісі ғана. Мұндай сюжеттерді дайындауға не себеп болды деген сауалға жауап іздесек, осындай жан түршігерлік оқиғаларды көрсету де үгіт насихат технологиясының бір түрі екендігіне көзіміз жете түседі. Сарапшы Дж.Лакофф «11 қыркүйектегі жан түршіктіретін оқиғаны ұмыту үшін «лаңкестікке қарсы күрес» сияқты одан да зор оқиға ойлап табылды» деп есептейді [6].

Ақпараттық соғыс телеарналардың беделіне кері әсер етпей жатқан жоқ. Көрермендер теледизорға телміруді қойып, мобильді телефондары арқылы интернеттегі әлеуметтік желілер тұтынушыларының санын еселеп өсіріп жатыр. Ұлыбританияның Ofcom радио, телевизия, байланыс кәсіпорындары басқармасының жүргізген зерттеулері бойынша, «интернет газет-журналдармен қоса, телевизия аудиториясын да жаулап алды» [7].

Мысалға, Италияда барлық ел тұрғындары жаңалықтарды интернеттен онлайн-режимде оқуға көшкен. Жапония тұрғындары да барлық жаңалықтарды интернеттен оқуды әдетке айналдырған. Германия мен Испанияда да осындай жағдай қалыптасқан. Өткен жылы ғана көршіміз Ресейде жарнамадан түсетін табыс көлемі жағынан телевизиядан интернет алға озып шыққан. Бұл Ресей коммуникациялық агенттіктері қауымдастығының келтірген деректері. Осыған орай сұхбат берген белгілі ресейлік committee тележурналист Владимир Познер: «Меніңше, телевизия үгіт-насихат құралы емес, негізінен ақпарат тарататын функциясын сақтаса, аудитория интернеттен теледидарға қайта оралатын болады. Бұған қоса интернет адамдардың пікірін ашық білдіруіне де мүмкіндік беріп отыр. Оны да ескермесе болмайды», - дейді [8].

Бұл тұста танымал журналист телевизияның кемшін тұсы мен оны жөндеудің жолын дұрыс меңзеп тұрғаны анық.

«Бұқаралық коммуникация құралдары ғасырлар иірімінде қарыштап дамыды. XV ғасырда – кітап, XVI – газет, XVII ғасырда журнал жарыққа шықты. XX ғасырда радио мен телевизияның жасалуы ақпарат саласында орасан зор толқыныс тудырса, ал, XXI ғасырда аталмыш коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстырған Интернет пайда болды» [9]. Күнде өзгеріп жатқан жаңа технологиялар заманында ақпарат тарату, телекоммуникация, байланыс салаларына енген жаңалықтар өте көп. Соның бірі – әлеуметтік желі. Интернет арқылы әлемнің кез-келген нүктесінен жедел ақпарат алуға, таратуға, тікелей пікір алмасуға жаңаша мүмкіндік пайда болды. Ең бастысы ешқандай шектеу жоқ. Сондықтан болар, әлеуметтік желіні қолданушылар саны еселеп өсіп отыр. Онымен біртіндеп қоғам және билік өкілдері де тікелей санасатын болды. Осыған орай әлеуметтік желі бұған дейін ақпарат таратудың негізгі көзі болған БАҚ-қа бәсекелес бола ала ма деген заңды сұрақ туындады.

Әлемдік ғалым-сарапшылардың пікірінше, қазіргі жаһандық заманда журналистиканың ақпараттық функциясы негізгі маңыз атқаруда. Бұл тұжырыммен келіспеуге болмайды. Өйткені басты тұтынушы жер жаһан тұрғындары үшін дүниежүзінің әр түкпірінде болып жатқан саяси, экономикалық, қаржылық, әлеуметтік, қоғамдық, ғылыми, мәдени, жарнамалық, спорттық, қылмыстық, ауа-райы туралы ақпараттар күнделікті қажеттілікке айналды. Әлемнің кез-келген нүктесінде болған жақсылы-жаманды жаңалық орын алған сәтте-ақ планетамыздың негізгі орталықтарына лезде тарап үлгереді. Бұрындары газет-журнал, радио, телевизия, ақпарат агенттіктері арқылы жария болса, бүгінде ғаламтордың жедел ақпарат жеткізу мүмкіндіктері қосылды. Зерттеуші Э. Тоффлердің «Компьютерлік технологиялар мен ақпараттық жүйелер жаңа заманның символдары, олар зауыт-фабрикаларды әкелген индустриялдық қоғамды алмастыратын болады» [10] деген пікірі дәл болып

шықты. Бұған дейін әлемнің бір елінде болған саяси, қоғамдық төтенше оқиғаны жасырып, кең таратпауға тосқауыл жасалатын. Бұл күндері ғаламтор мұндай тосқауыл әрекеттерінің быт-шытын шығарды. Болған оқиғаны ресми ақпарат құралдары жариялағанша, әлеуметтік желілер ақпаратты да таратып, түсірілімді де көрсетіп, керек десеңіз әртүрлі деңгейдегі сараптамасын да жасап тастайтын деңгейге жетті. Сондықтан ақпаратты жасырып қалу деген ұғым жойылып барады. Қазір БАҚ-нан гөрі ғаламтордағы әлеуметтік желілер ақпаратты тез тарататын болды. Бүгінде түрлі телекоммуникациялық, байланыстық мобильді жедел тарату құрал-жабдықтарының жетілуі мен қол жетімділігінің нәтижесінде болып жатқан оқиғаны нақты куәгер, яғни сол жерде тұрған кез-келген  адам әп-сәтте жариялай алады. Белгілі зерттеуші Д.Нэсбиттің атап өтуінше, «Ғаламтордағы әлеуметтік желілер әр азаматтың өз үкіметінің қаншалықты тиімді жұмыс істеп жатқанын белсенді және нәтижелі қадағалауына мүмкіндік беріп отыр» [11].

Халықаралық және еліміздің сарапшылары жүргізген әлеуметтік зерттеулер бойынша, бұрынғы көрермен мен оқырманның орнын ғаламтор тұтынушысы алмастыра бастады. Сол тұтынушы жаппай орын алған оқиға туралы ақпаратты БАҚ-тан емес, тез тарататын болған соң, ғаламтордағы әлеуметтік желіден көруге көшті. Бұл БАҚ үшін жаңа бәсекелестіктің дабылы қағылғанын көрсетеді. Зерттеуші Л. Браславецтің ойынша, тіпті «Қазір әлеуметтік желіні БАҚ-тың жаңа түріне қосамыз ба деген пікірталас қызу жүріп жатыр» [12].

Кейінгі жылдары жаңалықтар шығарылымының материалдары журналист-тілшілері қатысып, көзбен көріп келген оқиғалардан ғана емес, ақпарат және пиар агенттіктерінің ақпараттарынан толығатын болды. Кардиф университетінің зерттеушілері мынадай дерек келтіреді: «Мәселен, газеттердегі ақпараттық материалдардың бесеуінің біреуі дайын ақпараттардан дайындалады. Нақты тәжірибеде, журналистік материалдардың 60 пайызы дайын ақпараттардан жасалады, 12 пайызы ғана тәуелсіз түрде дайындалады» [13].

Ал негізінде нақты оқиға ортасында болып, ақпарат тарату журналистиканың басты параметрлерінің бірі болуы тиіс. Бірақ тіпті «американдық журналистика принциптерінің» демократиялық жүйедегі бес басты функциясында ол мәселе ерекше атап өтілмеген. Онда:

Журналистика ақпарат береді, қорытынды жасайды, түсіндіреді және ұғындырады;

Журналистика зерттейді;

Журналистика ашық әңгіме өрбітеді;

Журналистика әлеуметтік ашықтықты қалыптастыруға көмектеседі;

Журналистика ашықтыққа ықпал етеді, - деп жазылған [14]. Бұның ішінде журналистің оқиға ортасында болуы нақты тұжырымдалмаған. Керісінше, әлеуметтік нақты жағдайды көрсету қанық жазылған. Қалай болғанда журналистің оқиға ортасында болып ақпарат таратуына басымдық берілуі басты критерийлердің бірі болып қалуы керек екендігі даусыз. Сонда ақпарат шынайы және дәлелді болады.

Кейбір өркениетті елдерде жаңалықтарды жазу мен көрсетудің қажеттігі жоқ деген ғылыми тұжырымдар да пайда болды. Бұл әлеуметтік желілер арқылы ақпарат алмасу кең етек алғанын меңзеп жасалған қорытынды болар. «Guardian» газетінде зерттеуші Р.Добелли жаңалықтың керегі жоқтығын былайша түсіндіреді:

- жаңалықтар нақты өмірді айқын көрсетпейді,
- жаңалықтардың дәлелі әлсіреп кетті,
- жаңалықтар мәселені ашып беретін қасиетінен айырылып қалды,
- жаңалықтар қателіктерді көбейтеді,
- жаңалықтар ойлау жүйесін кері кетіреді,
- жаңалықтар есірткі сияқты, көрермен оқиғаның жалғасын білгісі келіп тұрады,
- жаңалықтар көп уақытты алады,
- жаңалықтар белсенділікті төмендетеді,
- жаңалықтар креативтілікті жояды [15].

Осы зерттеуге қарсы пікір білдірушілер көп болды. Бұл ғылыми тұжырымның пайда болуының өзі жаңалықтардың сапасын әрдайым арттырып, жетілдіріп отыру керектігін көрсетіп тұр.

Жаңалықтарға қатысты зерттеушілер сынап жүрген тағы бір мәселе бар. Мысалға, зерттеуші Т.Фило халықаралық жаңалықтар-

ды беруде «ақпарат көп, көзқарас аз» [16] деп есептейді. Ол жаңалықтарда әр мәселеге байланысты сөз алатын сарапшылар пікірлерінде тепе-теңдік сақталмай жататындығын алға тартады. Мәселен, палестин-израил текетіресі туралы жетекші ақпарат құралдарындағы материалдарды зерттеп, саралай келе, палестиналықтарды қолдайтын сарапшылардан, израилдіктерді жақтайтын сарапшылар эфирге екі есе көп шыққанын анықтаған. Мұндай әділетсіздік Қырым, Сирия, Ирак мәселелерінде де кең етек алды. Ресейлік те, украиналық БАҚ-та пікір тепе-теңдігін сақтауға ұмтылған да жоқ. Бұл да жаңалықтар қызметтері ескеретін түйткілді мәселе. Кейде отандық телеарналар халықаралық жаңалықтарды әлемдік агенттіктердің ақпараттарын аудару арқылы таратады. Осы аудармалар кезінде өз елінің мүддесі және көрермендердің менталитеті де ескерілуі керек. Өкінішке қарай, ондай електің болмауын ислам лаңкестері, мұсылман лаңкестік тобы сияқты сөздерді жиі еститінімізден байқауға болады.

Бүгінгі жаңалықтардың бұрынғылардан түпкілікті өзгергені белгілі. Заманауи зерттеуші Ален де Боттон «Жаңалықтар дінді алмастырды» [17] деген пікір білдіреді. Бұл тұжырыммен бір жағынан келісуге тура келеді. Бұрынғылар Құран мен Библияны оқыса, қазірде ояна сала, адамдар елінде, қаласында, әлемде болып жатқан жаңалықтармен танысуға тырысады. Кітап ой түюге, пайым жасауға шақырса, жаңалықтарды есте сақтау мүмкін емес, тым жеңіл-желпі ақпар көп. Өйткені ондай ақпараттар ағымы тым ауқымды. Он күн бұрын қандай оқиға маңызды болғанын еске түсіру өте қиын. Осы зерттеуші поп-жұлдыз Тейлор Свифттің шорти киген фотосын көрушілердің саны айсберггің кішірейіп бара жатқаны туралы түсірілген фотоны қараушылардың санынан әлденеше есе көп болғанын мысалға келтіре отырып, «журналистер маңызды да, өткір, өзекті мәселелерді көтеріп, әншіні жеңудің жолдарын қарастыруы керек» дейді [17].

Боттонның бұл тұжырымы әлем журналистері үшін өте өзекті. Бұл зерттеуші қазіргі ең өтімді жаңалықтарды былайша жіктейді: саяси, әлемдік, экономикалық, белгілі тұлғалар туралы ақпараттар, төтенше оқиғалар туралы жаңалықтар, тұтынушыларға қажет ақпараттар. Оның ойынша, жаңалықтар көтерілген мәселені салмақты түрде талдай алмайтын негізгі кемшін тұс пен түйткілді аша алмайтын деңгейге түсіп кетті. Мәселен, экономика тақырыбында, салықтың деңгейі мен инфляцияға қарсы күрес туралы айтылады да, нақты оларды реттейтін рыноктың ролі туралы ештеме қозғалмайды. Білім тақырыбын алсақ, сыныптағы оқушылардың саны, мұғалімдер жалақысы, білім сайыстарындағы жетістіктер туралы қамтылады да, пәндердің жүктемесі оқушыларға ауыр емес пе, мектеп балаларға эмоционалдық және психологиялық жағынан қандай қолдау көрсетіп жатыр деген сияқты оқушылардың ынтасын арттыруға бағытталған жайттарға мән берілмейді. Зерттеушінің пайымынша, осындай келеңсіздіктер жаңалықтардың беделін түсіріп жатыр. Бұған қоса ол «жаңалықтарда өзін-өзі жасаған адамдар, бизнесін көтерген іскерлер тағы басқа табысты адамдар мен кәсіпорындар туралы тым көп ақпар берілсе, көрерменнің қызығушылығы керісінше бәсеңдей түседі, онда қызғаныш пайда болады» деп ой түйеді [17].

## Қорытынды

Де Боттон пікірінше, адамзат қазіргі кезде өзінен әлдеқайда шалғай жерлерде, әлемнің әр түкпірінде болып жатқан өз өмірінен тыс ақпараттарды тез қабылдайтын деңгейге жетті. Бұрындары мұндай қажеттілік жоқ еді, адамдар көбінесе өз еліндегі ақпараттарды кең білуге тырысатын. Мұндай мүмкіндік коммуникациялық жүйелер мен демократияның дамуымен және жаһандану арқасында қалыптасып отыр. Соның нәтижесінде өзімізге қажет емес ақпараттар да ағылуда. Бұл ақпараттар тез және оқиға шағын болғанына қарамастан зорайған түрінде жетеді. Осыны зерттеуші Боттон «Бізге жаңалықтар қызметі ақпараттарды қызықтырып, жеделдетіп және үзіп жеткізу арқылы толық аяқталмаған күйінде ұсынады. Әр жағын күтуге итермелеп,

бейімдеп қояды. Осы процесс тоқтамай, созыла береді. Жаңалықтар бізге өзіміздің күш-қуатымызды, ішкі энергиямызды сезіндіретін, сенімді нығайтатын, кез-келген төтенше оқиға мен апатттарға төтеп бере алатын табиғи энергиямыздың қоры бар екендігін еске салмайтын болды. Бұл да адамзаттың әлсіз бола түсуіне әсер етіп жатыр» [17] дейді. Бұл тұжырымда да ойландыратын тұстар бар. Жаңалықтар тек шошытатын, үрей тудыратын ақпараттармен бірге, адамзаттың құндылықтарын дәріптейтін ақпараттарды беріп отыруды да ұмытпауы шарт. Де Боттон «Жаңалықтар адамдарды қорқыту, үрейлендіру арқылы аудитория жинауды оңтайлы тәсілге айналдырып алды. Тағы бірде олар ракты жазатын дәрі табылды деп, адамның үмітін оятады. Жаңалықтар қорқыныш пен үміт арқылы көрерменді өзіне жіпсіз байлау әдісін кең қолданатын болды» [17]. Бұл да бүгінгі жаңалықтардың барлығында бар заман ағымы тудырған, нарық туғызған әдіс-тәсілдер екендігі сөзсіз.

**Пайдаланған әдебиеттер**


1. Деннис Э., Мэрилл Д. Беседы о масс-медиа. / Москва: Вагриус, 1997. – С.35, С.107
2. Борецкий Р. А. Осторожно телевидение / Москва: 2002, С.38
3. DOING WELL AND DOING GOOD: How Soft News and Critical Journalism Are Shrinking the News Audience and Weakening Democracy – And What News Outlets Can Do About It by Thomas E. Patterson Joan Shorenstein Center on the Press, Politics and Public Policy John F. Kennedy / School of Government Harvard University, 2010.
4. Snow N. Information war. – New York, 2003.
5. Lippmann W. Public opinion. – New York, 1997.
6. Lakoff G. The political mind. A cognitive scientist's guide to your brain and its politics. – New York, 2009.
7. Исследования Ofcom, сентябрь 2012 г.
8. pozneronline.ru
9. Насимов М.Ө. Жаһандық ақпараттық кеңістік шарттарындағы тәуелсіз Қазақстанның имиджін қалыптастыру мәселелері // Егемен Қазақстан. – 2011. – 22 ақпан.
10. Тоффлер Э. Шок будущего / Москва: АСТ, 2001, С.34.
11. Несбит Д., Эбурдин П. Что нас ждет в 90-х гг.: Мегатенденции. Год 2000 / Москва: 1992.
12. Браславец, С. А. Социальные сети, как средства массовой информации: к постановке проблемы / С. А. Браславец // Вестник ВГУ. Серия: Филология. Журналистика.– 2009. – № 1. – С. 125 – 132.
13. Lewis J. ao Four rumours and an explanation; a political cconomic account of journalists 'changing newsgathering and reporting practices. – Journalism Practice. – 2008. – Vol. 2. – N 1.
14. Craft S. a.o. Principles of American journalism: an introduction. – New York, 2013
15.News is bad for you. URL: https://www.theguardian.com/media/2013/apr/12/news-is-bad-rolf-dobelli (Date view 21.02.2021)
16. Фарнсуорт, Фило Тейлор. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Фарнсуорт,_Фило_Тэйлор (Дата обращения 03.05.2021)
17. The Difficulties of Consuming News URL:https://www.huffingtonpost.com/alain-de-botton/news-consumption-difficult-_b_4848709.html (Дата обращения 03.05.2021)


**[1]E.B. Zhumatayev, [2]K.Auesbay**

*[1]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

*[2]JSC RTRK «Kazakhstan», Atyrau, Kazakhstan*

**The impact of digital technology on the news service**

**Abstract.** The article considers the features of the news service's activity during the period of rapidly developing information flows in the era of communication technologies. The article analyzes the scientific conclusions of such world researchers as Everett Dennis, John Merill, John Nasbit, Alvin Toffler, Rolf Dobelli,

Taylor Filo, Alain de Botton, and Thomas Pattersen. The article considers the judgments of such Russian scientists as Lada Braslavets and Rudolf Boretsky. There were studied and analyzed the works of global experts Neil Snow and Walter Lipman. The article analyzes twelve factors that should be considered by global research scientists.

The article analyzes views of world experts as a modern trend, the trend of introducing all kinds of entertainment elements that involuntarily attract the attention of viewers to the essence of the news. In the formulation of conclusions about such steps taken in the digital age in order to reach a wide audience, the author refers to the research of Russian professor Rudolf Boretsky.

There were studied processes of the influence of the information war and uncompromising competition on the television news service in detail based on the research of world scientists and summarized by the author's judgments.

The article examines the activities of the news service in the era of digital transformation on the example of such domestic TV channels as «Khabar 24», «Khabar», «Kazakhstan», «Astana», «CPC», «Channel 31» and» Ort-Eurasia».

The authors also present an analysis focusing on the problem of dividing news into «hard» and «soft» in the modern news distribution service.

The study contains textual analyses, scientific conclusions, and definitions of global scientists.

**Keywords:** media and technologies, digital society, news service, information war, transformation, information, television.

**[1]Е.Б. Жуматаев, [2]К. Ауесбай**

*[1]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

*[2]Атырауский филиал АО РТРК «Казахстан», Атырау, Казахстан*

**Воздействие цифровых технологий на службу новостей**

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности деятельности службы новостей в период стремительно развивающихся информационных потоков в эпоху коммуникационных технологий. Анализируются научные выводы мировых исследователей Эверетта Денниса, Джона Мэрилла, Джона Нэсбита, Элвина Тоффлера, Рольфа Добелли, Тейлора Фило, Алена де Боттона и Томаса Паттерсена, затронуты суждения российских ученых Лады Браславец и Рудольфа Борецкого. Также рассмотрены работы известных экспертов Нила Сноу и Уолтера Липмана. Анализируются двенадцать факторов, которые должны быть учтены глобальными учеными-исследователями.

Вместе с тем изучается современный тренд, отмеченный мировыми экспертами: внедрение всевозможных развлекательных элементов, которые невольно привлекают внимание зрителей к сути новостей. Формулируя выводы о подобных шагах, предпринимаемых в условиях цифровой эпохи в целях охвата широкой аудитории, автор обращается к исследованиям российского профессора Рудольфа Борецкого.

Подробно изучены, на основе исследований мировых ученых, процессы влияния информационной войны и бескомпромиссной конкуренции на телевизионную службу новостей и представлены собственные суждения автора.

Рассмотрена деятельность службы новостей в эпоху цифровой трансформации на примере отечественных телеканалов «Хабар 24», «Хабар», «Казахстан», «Астана», «КТК», «31 канал» и «Орт-Евразия».

Автор также осуществляет научный анализ, акцентируя внимание на перемещении официальных и «мягких» новостей в современной новостной службе.

В исследовании встречаются текстовые анализы, научные выводы и определения ученых с мировым именем.

**Ключевые слова:** медиа и технологии, цифровое общество, служба новостей, информационная война, трансформация, информация, телевидение.

**References**

1. Dennis E., Merill D. Besedy o mass-media [Conversations about mass media]. / Moskva: Vagrius, 1997. – С.35, С.107

2. Boreckij R. A. Ostorozhno televidenie [Caution television] / Moskva: 2002, C.38
3. DOING WELL AND DOING GOOD: How Soft News and Critical Journalism Are Shrinking the News Audience and Weakening Democracy – And What News Outlets Can Do About It by Thomas E. Patterson Joan Shorenstein Center on the Press, Politics and Public Policy John F. Kennedy / School of Government Harvard University, 2010.
4. Snow N. Information war. – New York, 2003.
5. Lippmann W. Public opinion. – New York, 1997.
6. Lakoff G. The political mind. A cognitive scientist's guide to your brain and its politics. – New York, 2009.
7. Issledovaniya Ofcom, sentyabr' 2012 g.
8. pozneronline.ru
9. Nasimov M.Ө. Jahandyq aqparattyq kenistik sharttaryndagy tauelsiz Qazaqstannyn imidzhin qalyptastyru maseleleri // Egemen Qazaqstan. – 2011. – 22 aqpan.
10. Toffler E. Shok budushchego / Moskva: ACT, 2001, S.34.
11. Nesbit D., Eburdin P. CHto nas zhdet v 90-h gg.: Megatendencii. God 2000 / Moskva: 1992.
12. Braslavec, S. A. Social'nye seti, kak sredstva massovoj informacii: k postanovke problemy / S. A. Braslavec // Vestnik VGU. Seriya: Filologiya. ZHurnalistika.– 2009. – № 1. – S. 125 – 132.
13. Lewis J. ao Four rumours and an explanation; a political cconomic account of journalists 'changing newsgathering and reporting practices. – Journalism Practice. – 2008. – Vol. 2. – N 1.
14. Craft S. a.o. Principles of American journalism: an introduction. – New York, 2013
15. News is bad for you. URL: https://www.theguardian.com/media/2013/apr/12/news-is-bad-rolf-dobelli (Date view 21.02.2021)
16. Farnsuort, Filo Tejlor. URL: https://ru.wikipedia.org/wiki/Farnsuort,_Filo_Tejlor (Data obrashcheniya 03.05.2021)
17. The Difficulties of Consuming News URL:https://www.huffingtonpost.com/alain-de-botton/news-consumption-difficult-_b_4848709.html (Data obrashcheniya 03.05.2021)

**Авторлар туралы мәліметтер**

***Е.Б. Жұматаев*** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.
***Қ.Әуесбай*** – «Қазақстан» РТРК АҚ Атырау филиалы директоры, филол. ғ.к., Атырау, Қазақстан.

***E.B. Zhumataev*** – L.N. Gumilyov Eurasian National University,Nur-Sultan, Kazakhstan.
***K. Auesbay*** – Candidate of Philological Sciences, Director of the Atyrau branch of JSC RTRK Kazakhstan, Atyrau, Kazakhstan.

ХҒТАР 19.51.09

Ғ.М. Ақсейіт*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** galiya_76@mail.ru

# «Еңбекші қазақ» газетіндегі Алаш қайраткерлері туралы жарияланымдар

**Аңдатпа.** *Ғылыми мақалада кеңестік кезеңде жарық көрген «Еңбекші қазақ» газетіндегі Алаш қайраткерлеріне, олардың мақсат-мұратына қарсы жазылған жарияланымдар сарапталады. Автор өткен ғасырдың 30-жылдары жазықсыз саяси қуғын-сүргін құрбандары болған қайраткерлерді орынсыз қаралау жұмыстыры осы баспасөз бетінен орын алғандығы туралы деректер келтіреді. Алаш қайраткерлерімен бірге кеңестік саясат жолындағы қаламгерлердің пікірі мен нақты құжаттар қатар берілген.*

**Түйін сөздер:** *Алаш қайраткерлері, «Еңбекші қазақ» газеті, идеологиялық майдан.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-58-63**

## Кіріспе

1928-жылдары қазақ жерінде кеңес өкіметі орнап, біршама нығаюға бет алғаннан кейін жаңа өкімет тұсында да ұлтына адал қызмет атқарған алаш қайраткерлерін қуғындау, екі сөздің бірінде күйелеу сынды жағымсыз құбылыстар үдей түсті. Осы жылдардағы «Еңбекші қазақ» газетіндегі мақалалардың көбі айтыс-тартысқа, дау-дамайға құрылды. Бұл туралы белгілі ғалым Т. Қожакеев кеңестік көзқарас тұрғысынан жазылған ғылыми еңбегінде былай дейді: «20-жылдардағы «Еңбекші қазақты» ерекшелендіретін бір белгі – ол бұл тұста сын мен өзара сынның туын өте биікке көтерді. «Бетің бар, жүзің бар» демей, ашық айтудың, батыл сынаудың үлгісін көрсетті. Бұл тұста сілкіленбеген, сын естімеген қоғам қайраткері, өнер өкілі қалмады десе де болады. Газет бұл тұста жеке адамдар, нақты мәселелер жөнінде де пікір таласына, айтыс жүргізуге кең жол ашты. Сыналған, кіна тағылған ақын, жазушы, қоғам қайраткерлеріне уәж айтуға, өзін-өзі ақтауға немесе мойындауға мол мүмкіндік берді» [1, 27-б.]. Яғни, орынсыз қаралаған мақалаларға жауап беруге мүмкіндік бергенннің өзі әділдіктің бір көрінісіндей бағаланған.

## Зерттеу әдісі

Зерттеу барысында жалпы философиялық, тарихи-салыстырмалы, логикалық, жеке ғылыми әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар «Еңбекші қазақ» газетіндегі 50 шақты мақаланы оқу, талдау барысында контент-тал-

дау, мәтін талдау, бақылау, болжау әдістері қолданылды.

**Талқылау**

Тәуелсіздік жылдарында жазылған деректер былай дейді: «20-жылдардың соңына қарай республикадағы саяси жағдай шектен тыс ушығып, зорлық-зомбылыққа жол ашылды. 1927-29 жылдар аралығында қазақ зиялыларының арасында өзіндік пікірі бар азаматтардың барлығы да «ұлтшыл» деген айыппен қызметтен қуылды. Кемшілік, қателіктерді әшкерелеуде сынды, өзара сынды күшейту қолға алынды. Бүкілодақтық коммунистік партияның XV съезд шешіміне орай «Еңбекші қазаққа» 1928 жылдың 8 қаңтарында Ф.И. Голощекиннің Қызылорда қаласындағы коммунистердің жалпы жиналысында жасаған баяндамасы жарық көріп, «жікшілдер» деп атанған Троцкий мен Зиновьев артынан еріп жүргендер пролетариат табына қарсы шығушылар бұл шаруашылықтың өсуіне қиыншылық тудыруда деп келтірілді және жікшілдермен күресіп, олардың түп-тамырын құрту қажеттігін баса көрсетті» [2, 359-б.]. Тағы бір тарихи деректерде төмендегідей мәліметтер келтірілген: «20 ж. аяғында жағдайды ушықтыру мен күдікшілдік жаппай сипат алды. Орталықта троцкишіл-зиновьевшіл оппозициямен және «оңшыл оппортунистермен» күрестің күшеюі ұлт республикаларында ұлт-азаттық қозғалысының өкілдерін жазалау түрінде көрініс тауып жатты. 1928 жылдың аяғында «буржуазияшыл ұлтшылдар» деп аталғандардың – бұрынғы Алашорда қайраткерлерінің ішінен 44 адамға жалған айып тағылып, қамауға алынды. Олардың ішінде А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Ғаббасов және басқалар бар еді. Құрамында М. Тынышпаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, Ж. Ақпаев, Қ. Кемеңгеров және басқалары бар ұлттық интеллигенцияның (40 адамдай) басқа тобы 1930 жылы қыркүйек қазанда қамауға алынды. Олардың ішінен 15 адам Ресейдің орталық қаратопырақты облысына жер аударылды. Бұлардың барлығы 1937-1938 жж. жазаланды». 1937 жыл демекші, соңғы уақыттарда табылған, қанқұмар Голощекиннен кейін Қазақстан басшылығына келген Мирзоянның Сталинге тікелей жөнелтілген мына бір хаты қазақты ұлт ретінде жою саясатының айқын дәлелі. Оның мазмұны төмендегідей: «Антикеңестік элементтер бойынша бізге бірінші категория бойынша 8 мың, екінші категория бойынша 8 мың адам репрессиялау құқығы берілген болатын. Біз 10 желтоқсанға дейін бұл межені толық орындап қана қоймай, көрсетілген шектен 1600 адамды артық репрессиялаймыз. Кеңес жауларын түп-тамырымен толық жою үшін бірінші категория бойынша қосымша 600, екінші категория бойынша қосымша 1000 адамды репрессиялауға рұқсат беруіңізді сұраймыз».

1920-жылдардың екінші жартысындағы баспасөз бетіндегі жаппай қаралау мен қудалаудың көздегені осы болатын. Бұл жағдайда ең өкiнiштiсi – қазақ оқығандарының екі тарапы да ұлт қамын күйттеу жолында жүріп, бірін-бірі қаралап, күйелегендігі. Коммунистік партия жолында жүргендердің олай етпеске шаралары да жоқ еді. Төмендегі тағы бір тарихи құжатта мынадай дерек келтірілген: «1920 жылдардың аяғы мен 1930-жылдардың басында КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыс шиеленісе түскен сайын Кеңеске қарсы зиянкес элементтер мен астыртын ұйымдарды іздеу кең өрістей берді. Шахталар мен кәсіпорындарда кездейсоқ авариялар болса, колхоздар мен совхоздарда мал өлсе, өрт және табиғи апаттар болса – бәрі де тап жауларының әрекеті деп түсіндіріліп, осыған сай халық жауларына және кеңеске қарсы деген бүлікші ұйымдар жөнінде қолдан жасалған қылмысты іс қозғалды». Осыдан-ақ «жау іздеу» науқанының түп-төркіні қайда жатқандығын аңғаруға болады. Бұл іс жоспарлы түрде іске асырылып, үздік нәтижеге ұмтылуға негіз болды.

«Жау іздеу» саясатының асқынғаны соншалық, қолына қалам ұстағандардың барлығының осыған дейінгі жазған-сызғандарынан өзгеше астар іздеу, кеңес өкіметінің саясатына қайшылықты көзқарас табу науқаншылыққа, жарысқа айналып кетті.

Соның бір жарқын көрінісі – Сәбит Мұқанов белгілі қаламгер Ілияс Жансүгіровтің

«Сағанақ» атты кітабына авторға ескертпестен беташар жазып, мынадай сын таққан: «...бірақ Ілиястағы дұрыстыққа жатпайтын әдет – ол *ел* деген сөзді көп қолданады: «еліме», «елім үшін», «елімнің жайы» деп көбірек сөйлейді. Бұл ауру жалғыз Ілияста емес, осы күнгі жазушылардың біразында әдетке айналып барады. Тегінде ол әдет жақсы әдет емес, *ел* ішінде кімдер жоқ? Елге бай да, молда да, атқамінер де, би де, төре де, орташа да, саудагер де, кедей де, батырақ та кіреді. Мұндай «бұқарашылдық» қазақ еңбекшілеріне қызмет етем дегендерге ыңғайлы емес, дұрыс емес...». Осыған Ілияс Жансүгіровтың «Еңбекші қазақтың» 1928  жылғы № 1104 санында «Бетім анандай емес, мынандай» [3] атты жауап хаты жарияланған. Осыдан көретініміз – «ел» деген бір ауыз сөзді қолданғаны үшінақ «шолақ белсенділердің» көрсетуімен жау ретінде қуғындалып кету қаупі туған.

Коммунист Сәбит Мұқанов Ахмет  Байтұрсыновтың «Ура» деген ұранды «Алаш» деп аударғанына қатты шүйлігіп, мақала жазады. Онда былай дейді: ««Әскерлік атаулары» деген кітап шықты. Кітаптың сыртына «бұл кітап білім комиссиясының қаулысымен алынды» деп «Ахаң» мен Нұрымұлының «мүбарак» қойған қолдары бар. «Ура»-ның «Алаш» болуы осы кітаптың ішінде. Ахаң «Алашты» жақсы көретін шығар ғой. Аузы дағдыланып кеткен сөзі-ақ шығар. Әйткенмен советский ақшаны алып отырып, советский кітаптың ішіне «Ураны» «Алаш» деп аударуға Ахаң үйреткен дағдысын қолданбай-ақ қою керек еді. Өйткені кітап «Алаш Орданыкі» емес, советский ғой. Ғаббас Нұрымұлы – Алаш орданың сенімді жасының біреуі. Ол жас жігіт, жас жігітте қызулық, албырттық болмай қоя ма, Ғаббастыкі жастығы, қызулығы болсын. Ал 60-қа тақалып, байсалды кісі болған Ахаң «ақсақалдыкі» не? Ахаңның «Алаш орданы» сүйетінін кім білмейді! Бірақ оны өзге жерде-ақ ретін тауып енгізіп, советский ақша беріп отырған советский кітапқа енгізбей-ақ қоюы керек еді.

« ...Бір сөзде сонша байланатын не тұр?» дейтіндер болар. Бұл сөз біреу болса да, берегей сөз. Жаман айтпай жақсы жоқ. Ертең соғыс бола қалып, Алаш орда «бас көтерсе» біз Алаш ордамен соғысқан шабуылға барғанда Ахаңша «Ураның» орнына «Алаш!» деп шабамыз-дағы. Алда, масқара-ай, ұят-ай.

«Әскерлік атауларында» оңған «термин» шамалы. Соның ішінде оңбағанның оңбағаны былай тұрсын, төңкеріске қарсылық (контрреволюция) иісі аңқып тұрған – осы «Алаш». [4]

Өз қағынан, тілінен жеріну пиғылында жазылған бұл мақалаға Ахаң аса сабырмен, өзіне тән бұлтартпас дәлел-деректермен, сәл кекесін аралас уытты тілмен тиісті жауабын береді: «Енді орыстың «Ура» ұранына келейік. Оны да Сәбитше тексерейік. Сәбитше тексеру үшін, Сәбитше болжалға салайық та сұрайық.

«Ертең соғыс бола қалып, орыстың ақтары басын көтерсе, оларға қарсы орыс коммунистері, қызыл әскері шапқанда:  «Ура» – орыс байлары, жанаралдары, патшалары, солдаттары тұтынған, қолданған ұран еді» деп «уралауды» ұялып айтпай ма екен? Немесе қазақтың байлары «Алаш» ұранын қолданған кезде орыс байлары «Ура» ұранын қолданбады ма екен? Ертең бас көтергенде орысқа қарсы «Уралап» шаппай ма екен? Болмаса ақтар «Уралап» шапқанда, қызыл әскер аққа қосылып кете ме екен?

Орыс байлары, патшалары қолданған «Ураны» айтуға орыс коммунистері ұялғанда, қазақ байлары қолданған «Алашты» айтуға ұялатын мұнысы несі екен? Әлде «Ура» орыстың байлары, ақтары қолданбайтын, тек қана жарлылары, қызылдары қолданатын интернационалдық ұран болған ба екен?

Оны Сәбит білмесе, біз білмедік. Сәбит не дейді? Коммунист партиясы не дейді?

...Ертең «Алаштап» шапсақ, Алаш орда болып кетеміз деген – түкке тұрмайтын дәлелсіз сөз. «Уралап» шапқаннан орыс қызыл әскері ақтар солдаты болып шықпайтын болса, «Алаштап» шапқан Сәбит Алаш орданың адамы болмайды» [5]. Бұл мысалдардан алаш қайраткерлерінің басына небір алмағайып күндер туса да, соңғы демі біткенше ұлт қамын көздегенін байқаймыз. Қазіргі тәуелсіздік кезеңде де дәл осы «ура» ұранының қазақша баламасы әлі табылмағаны рас. Біздіңше, Ахаңдар ұсынған «Алаш» ұранын қолданатын кез енді келді. Алаш қайраткерлері  көсемсөзі

осындай өміршеңдігімен құнды. Олардың өткен ғасыр басында жазған мақалаларынан тәуелсіздігімізге тірек болар құнды ойлар мен пікірлер жетіп-артылады. Себебі олар өр рухты, санасы өзге тілмен уланбаған, туған халқы үшін жанын да құрбан етуге даяр арда азаматтар еді.

Бұл бұл ма, коммунистік партияның «шолақ белсенділері» шімірікпестен ұлт кемеңгері, данышпан Абайдың өзіне ауыз салғанына куә болдық. Ілияс Қабылұлы деген автор Абай пәлсапасын зерттей келіп, төмендегідей ой түйеді: «Міне, жоғарыда сөйлегендерге қарап, біз Абайдың палсапасын әр нәрсені бір көксейтін, түрлі бағыттан құралған байшыл, құдайшыл пәлсапа деп айта аламыз. Бұл пәлсапа осы күнге шейін қазақтың қалың еңбекшілері мен зиялылардың арасында кең орын алып келді. Кітап, дәптерлерге жазылып, баяндамалар мысал ретінде сөйленіп келді. Бұған ешкім мұның қалай демеді, қарсы болған жоқ. Бұл мұнан 5-6 жыл бұрын болса, ол ұят, ол үлкен күнә болмас еді. Өйткені ол уақытта еңбекшілер үстемдігі жаңадан орнап, енді нығайып келе жатыр еді. Енді октябрь төңкерісі 11 жасқа шығып, Қазақстан халқының тұрмысында өзгеріс болып отырған кезде бұл үлкен ұят, үлкен күнә. Сондықтан Қазақстандағы партия ұйымының салт-сана майданындағы міндетінің бірі – абайшылдықты жою болу керек. Оның үшін партия, кеңес жұртшылығының мәдениет майданындағы күшінің бәрін жинап алып, Абайдың пәлсапасына, Абайдың жолын қуып жүргендерге қарсы күрес ашу, оны тездету керек» [6]. Ұлтымыздың маңдайына біткен кемеңгерін осылай қаралаудан кейін-ақ кеңес өкіметінің алған бағытын шамалауға болады. Қазақ арасындағы ұлтшылдықты жою үшін елді өткенінен бездіру, қадірлісін аяққа таптау сынды құралдардың бәрі қолданылды. Жалпы жұрт санасын кеңес идеологиясына табындыру үшін ештеңеден тайынбады. Бірақ мұндай күлкі тудыратын «сындардың» ұлылыққа討 титтей де болса көлеңкесін түсіре алмағанына тарих куә.

Қазақтың қамын ойлай отырып, бір мезгілде «жауына» айналған ұлт тұлғаларының ұшан-теңіз еңбектері де осы газет бетінде сайрап жатыр. Мәселен, Қазақстанның астанасы қай қала болу керек деген сұрақ сол кезде қызу талқыға салынған. Сонымен қатар Түркістан республикасындағы қазақ жерлерін Қазақстанға қосып алу мәселесі күн тәртібінде тұрды. Билік басындағылар сол кездері қазақ көп қоныстанған Ташкент қаласын астана жасауды ұсынды. Оның себептерін түсіндіріп, дәлелдеу үшін көп жұмыстар жүргізіп, халық саны жөнінен нақты статистикалық деректерге жүгінді. Соның арқасында Қазақстанның оңтүстік облыстары Қазақстанға қосылып, территориялық аумағы мен халқының саны бірнеше есе ұлғайды. Бірақ, ежелден қазақтың атақонысы саналған Ташкент қаласын астана ете алмады.

Ұлт қайраткерлерінің дәл осы жолдағы жанкешті еңбектері өздерін қаралауға негіз болған. Кеңес билігі қазақтың қайсар ұлы Сұлтанбек Қожановтың өз халқының жоғын жанын сала жоқтауын жақтырмаған. Ораз Исаевтың жазуынша, «Халық көсемі» бірде оған былай деп шүйілген: «Қожанұлы ылғиына қазақ елінің өзгешелігін тым көпіртіп, үлкейте айтады. Күншығыс ұлт республикалары мен Кеңес Одағындағы кәсібі күшті аудандардың тағдыры, тілегі бір екенін ұмытады. Социалдық жұмыстарды ескермейді. Бар жұмысы ұлт тілегін үстем қылу, соған лайықтап қана істейді. Бұл пікірдегі жолдастар ұлт ішіндегі, ұлт республикасындағы істерге аз көңіл бөледі. Істің бұл жағын бұлар өз бетімен өше берсін деп біледі. Мұны үлкен жұмыс деп білмейді. Бұларша ең үлкен жұмыс – республиканың шегін кеңейту, «сыртқы» саясатпен шұғылдану, іргелес отырған республикалармен айтысып, таласу, көбірек жерін, елін өзіне қосып алу, сөйтіп өз еліндегі байшылдарға, ұлтшылдарға жақсы кісі болып көріну. Бұл пікірдің аяғы келіп мұндай коммунистерді социалшылдық тілектен, жолдан алыстатады. Мұндай коммунистер кәдімгі байшыл, ұлтшылдардың бірі болып шығады» [7]. Сұлтанбектің өр мінезділігі мен қайсарлығы туралы С. Мұқанов «Есею жылдары» атты еңбегінде былай дейді: «Ол өзге түгіл, Сталиннің өзімен

жұлқыса кетуге тайынбайтын адам. Бір жиналыста Сталин Қожановқа қалжыңдап: «Қалың қалай, Шыңғысхан?» - десе, Қожанов оған: «Мен емес, өзің - Шыңғысхан» депті. Ол – сондай батыл сөйлейтін адам» [8, 125 б.].

Міне, Кеңес өкіметінің зәре-құтын алған, иделогиялық майдан ашу арқылы жоспарлы түрде санақ жүргізе отырып көздерін жойған ұлт ардақтыларының қабілет-қарымы, ұлтқа жанашырлығы осындай еді. Оларды туған халқына «жау» еткен де осы ұшан-теңіз еңбектері.

## Нәтижелер

«Еңбекші қазақ» газеті кеңестік кезеңдегі идеологиялық майданның құралы ретінде пайдаланылған. Алаш қайраткерлеріне қарсы қаралау, бір жақты сынап-мінеу, орынсыз жау ету тұрғысындағы мақалалар көптеп жарияланды. Өзара сын, полемикалық мақалаларға көптеп орын берілді.

Алаш қайраткерлері Қазақстан территориясының аумағын ұлғайту жолында ұшан-теңіз еңбек сіңірген. Қазақстанның астанасы қай қала болу керек деген мәселе төңірегінде терең зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ол туралы баспасөз беттерінде мақала жариялап отырған.

## Қорытынды

Өткен күннің бет-бейнесін айна-қатесіз көз алдыңа әкелетін ең объективті құрал – баспасөз екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Әркімнің тарихтағы орны мен атқарған қызметін саралауда осы баспасөз жарияланымдары нақты тұғыр болатыны рас. Жазықсыз қуғын-сүргін көріп, атылған ардақтыларымызды ақтап алар деректер де осы баспасөз беттерінде сайрап жатыр. Олар туралы осыған дейін бірлі-жарым ғылыми еңбектер жазылғаны болмаса, жалпы ұлтты тәрбиелеуде, ұлтжанды ұрпақ қалыптастыруда идеологиялық тұғырға айналмай отырғаны өкінішті. Ұлт қайраткерлері туралы нақты деректерге сүйеніп кинофильмдер, әдеби-драмалық шығармалар жазылып, сахналанса олардың өміршең идеялары бүкіл халық жүргеніне жол тауып, тәуелсіздігімізді баянды ету жолында қызмет етері сөзсіз.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991.
2. Смағұлова С. Қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы. – Алматы: Елтаным баспасы, 2011.
3. Жансүгірұлы Ілияс. Бетім анадай емес, мынадай // Еңбекші қазақ. –1928. – № 77.
4. Сәбит. Алаш-Ура // Еңбекші қазақ. – 1928. – № 15.
5. Ахмет. Сәбитке жауап // Еңбекші қазақ. – 1928. – № 21.
6. Ілияс Қабылұлы. Абай және оның пәлсафасы туралы // Еңбекші қазақ. – 1928. – № 208.
7. Исаұлы Ораз. Тағы да Алашорда туралы // Еңбекші қазақ. – 1928. – № 230.
8. Мұқанов С. Есею жылдары. – Алматы: Қазақстан, 1964.

**G.M. Akseiit**
*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**The “Enbekshi Kazakh” newspaper about the figures of Alash**

**Abstract.** The article analyzes publications in the “Enbekshi Kazakh” newspaper of the Soviet period against the leaders of Alash and their goals. The events that took place in the 30s of the last century are highlighted -

cases of unfounded slander in the periodicals of victims of political repressions. The article focuses on polemical publications of Soviet writers and figures of Alash on political topics.

**Keywords:** doers of Alash, "Enbekshi Kazakh" newspaper, ideological struggle

**Г.М. Аксеит**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. Нур-Султан, Казахстан*

**Газета «Еңбекші қазақ» о деятелях Алаш**

**Аннотация.** В статье анализируются публикации в газете «Еңбекші қазақ» советского периода против деятелей Алаш и их целей. Освещены события, имевшие место в 30-е годы прошлого века - случаи необоснованной клеветы в периодической печати жертв политических репрессий. Рассмотрены полемические публикации советских писателей и деятелей Алаш на политические темы.

**Ключевые слова:** деятели Алаш, газета «Еңбекші қазақ», идеологическая борьба.

**References**

1. Kojakeev T. Jyl kustary [Birds of the year]. – Almaty: Kazakhstan, 1991.
2. Smagulova S. Kazak merzimdi baspasozi: shygu tarikhy men derektik manyzy [Kazakh Periodical Press: history of origin and factual significance]. – Almaty: Eltanym baspasy, 2011.
3. Jansugiruly Iliyas. Betim anadai emes, mynadai [My face is not like] // Enbekshi Kazakh. – 1928. - – № 21.
4. Sabit. Alash-Ura [Alash-URA] // Enbekshi Kazakh. – 1928. – № 15.
5. Akhmet. Sabitke jauap [Sabit said] // Enbekshi Kazakh. – 1928. – № 21.
6. Iliyas Kabyluly. Abai jane onyn falsafasy turaly [About Abay and his philosophy] // Enbekshi Kazakh. – 1928. – № 208.
7. Isauly Oraz. Tagy da Alashorda turaly [And again about Alashorda] // Enbekshi Kazakh. – 1928. – № 230.
8. Mukanov S. Eseiu jyldary [The Years of adulthood]. – Almaty: Kazakhstan, 1964.

**Автор туралы мәлімет**

***Ақсейіт Ғалия Манатқызы*** – филология ғылымдарының кандидаты, баспасөз және баспа ісі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***Akseiit Galiya Manatkyzy*** – Candidate of Philology, Associate Professor of the Department of Printing and Publishing, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

ХҒТАР 19.41.07

О.Ж. Ошанова*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** kulpnai@mail.ru

# Қазақстандағы балалардың киберқауіпсіздігі: проблемалары мен шешу жолдары

**Аңдатпа.** *Бұл мақалада қазіргі кезде елімізде өзекті болып отырған интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесінің маңыздылығы сипатталады. Оның ішінде ғаламтордың балалар үшін зиянды қауіп-қатерінің күннен-күнге артып келе жатқандығы туралы сөз болады. Бұл сұрақ біздің еліміздің ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін толғандырып отыр. Мұның себептері де салмақты, біріншіден, бұл ұлттық қауіпсіздік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғау, екіншіден, сөз бостандығы мен жариялылығы мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында болса керек. Әлемнің дамыған елдерінде интернет кеңістікті заңдық тұрғыдан реттеу тәжірибесі кеңінен қолданылып келеді және олар ғаламтордың шексіз мүмкіндігін заңсыз әрекет етуші күштердің пайдалануына тосқауыл қоюдың түрлі әдіс-тәсілдерін ойластырып қойған.*

*Автор еліміздегі әлеуметтік желілердің балаларға қолжетімділігі және оның ықпалы туралы деректерді алға тарта отырып, бұл бағытта мемлекет пен қоғам тарапынан заңдық реттеу шараларын қолға алу қажеттігін көрсетеді.*

*Бұл тұрғыдан алғанда біздің елімізде бұл мәселе соңғы екі-үш жылда ғана қоғам тарапынан кеңінен талқыланып, заңдық тұрғыдан реттеудің қатаң шаралары қолға алынып жатыр. Мақала авторы осы бағыттағы шетелдік реттеу шараларын жан-жақты талдай келіп, сонымен қатар олардың озық тәжірибелерін сараптайды. Мәселен, терроризмді насихаттау, бейәдеп сөзбен балағаттау мәселелерін реттеуге қатысты атқарылып жатқан жұмыстарды жүйелі сөз етеді. Осылайша нақты деректер негізінде мәселені салыстыра қарастырып, еліміздегі интернет кеңістікті бақылаудың кемшіліктері мен жетілдірер тұстарын ашып көрсетеді.*

*Еліміздегі ақпаратты бұғаттау және оны қайта қалпына келтіру тәртібі ақпараттың немесе ақпараттық ресурстың мазмұнына тікелей қатысты. Заңнама бойынша олар жүйеленіп, нақты атап көрсетілген.*

**Түйін сөздер:** *интернет, құқықтық реттеу, балалар құқығы, ақпаратты бұғаттау, ақпаратқа қолжетімділік, қауіпсіздік.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-64-70**

## Кіріспе

Бүкіләлемдік ақпараттық кеңістік, яғни интернет өзінің бұқаралық сипаты және әлемнің көптеген елдерінің адамдарының қолжетімділігі арқасында жаңа заманның қажетті бөлігіне айналып отыр. Бүгінгі күнде интернеттен келер қауіп салдары ядролық қа-

рудан келер қауіппен теңестіріліп отырғаны жайдан-жай емес. Технологиялар біздің күнделікті өмірімізге етене кіріп кеткені соншалықты, біз олардың пайдасын ғана ойлап, зияны туралы жүйелі түрде бағамдай бермейміз. Интернет әлемдік желіде бақылаусыз немесе мақсатты түрде деструктивті ақпараттардың түрлі ағымдарын таратудың алаңына айналып отырғаны да жасырын емес, олай болса бұл саланы заңдық тұрғыдан реттеуде шетелдің озық тәжірибелерін үлгі етіп, сонымен қатар мемлекеттік бақылауды да күшейту қажет.

Егер де бұрынғы жылдары ата-аналар балаларына келер қауіпті тек үйден сыртқары жерден күтсе, қазіргі кездегі қауіп-қатер көзі - үйдегі компьютер мен баланың қолындағы ұялы телефоны. Бұл - қазіргі заман шындығы. Осы орайда таяуда еліміздің парламент мәжілісінде балалардың құқықтарын қорғау мақсатында ҚР кейбір заңнамалық актілеріне түзетулер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы мақұлданды [1]. Мұның ішінде еліміздегі шетелдік әлеуметтік желілерді шектеу мәселесі де бар. Біз мақаламызда осы мәселені теориялық және тәжірибелік тұрғыдан талдаймыз.

**Зерттеу әдістері**

Тақырыпқа орай статистикалық мәліметтерді және қажетті деректерді жинастыру, оларды талдау, саралау, салыстыру, сонымен қатар инфографиялық әдіс тәсілдерді де қолдану.

**Талқылау**

Ғаламдық желі әр түрлі жастағы адамдарға қолжетімді және түрлі мақсаттарда қолданылады. Алайда, егер үлкен жастағы адамдар интернет кеңістікті шарлағанда өз қауіпсіздіктерін сақтай алса, ал балалар көптеген қауіп-қатерлерге кезігеді, мәселен жеке басқа қатысты ақпараттарды аңдушы кибер-алаяқтар мен балалардың өз-өздеріне зиян келтіріп, қол жұмсауына итермелейтін «өлімге итермелеуші топтар» құрған тұзақтарға түсіп қалулары мүмкін.

*Қазақстан азаматтарының әлеуметтік желілерді қолдану үлесі* [2]:




Бұл жерде балалардың да алар үлесі жоғары екенін пайымдауға болады. Енді осы орайда мектеп жасындағы балалардың интернетке қолжетімділігі мен пайдалану деңгейін бір саралап көрейік.

2018 жылы ауылдық жерлерде балалардың интернетті қолдану үлесі – 70 пайызды жуықтаса, ал қалалық жерлерде 75,7 пайызды құраған.

Еліміз бойынша 6-15 жас аралығындағы интернет желісін пайдаланушыларды жалпы республика көлемінде алсақ, 2017 жылы 67,9 %, ал 2018 жылы 72,9%, бір жылдың ішінде олардың үлесі 5 пайызға артқанын көруге болады, ал қалалар бойынша таркатсақ, Алматы қаласы бойынша 7 пайызға өскен, яғни 74,6%, ал Нұр-Сұлтан қаласы көлемінде аса үлкен өзгеріс бола қоймаған, 2017 жылы 77,9 пайыз болса, 2018 жылы 78,6 пайыз.

ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасында [3] жарияланған мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі балалардың 50 пайызы кешкі сағат 22.00-ден кейін интернетте отырады, балалардың 30 пайызының интернет пен әлеуметтік желілерге психологиялық жағынан тәуелділігі өте жоғары. Сұралған балалардың 10 пайызы әлеуметтік желілер арқылы қатыгездікті, зорлық-зомбылық жән діни мазмұндағы идеяларды насихаттайтын материалдарға қолжеткізетінін айтқан. Балалардың 40 пайызы ата-аналарының олардың виртуалдық қызығушылықтарынан мүлдем хабары жоқ екенін мәлімдеген.

Әрине, желідегі достықтың жақсы тұстары көп, яғни балалар қатарластарымен ой бөліседі, проблемалары жайлы айтады, дегенмен мұның жағымсыз жағы да бар екенін

айтқан жөн. Мысалға, 2016 жылы Сандж зерттеу орталығының зерттеулері бойынша 8-11 жастағы балалардың 2,7 пайызы, 12-17 жастағы жасөспірімдердің 7,1 пайызы өздерінің шынайы өмірдегіден виртуалды достарының көп екенін және оның ішінде 1,5 пайызы достарының мүлдем жоқ екенін жариялаған. Жасөспірімдердің 2,9 пайызы әлеуметтік желі, интернет, мобильді қосымша арқылы кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа ұшырағандарын хабарлаған.

Бір ғана, балалардың 10 пайызының әлеуметтік желілер арқылы қатыгездікті, зорлық-зомбылық және діни мазмұндағы идеяларды насихаттайтын материалдарға қолжеткізу фактісі, бұл салада мемлекеттік деңгейде қолданылатын балаларды зиянды ақпараттардан қорғау жүйесінің тиімсіз болып отырғандығын көрсетеді. Жауапкершіліктің бір ұшы ата-аналарға да тиіп жатыр, олардың 40 пайызының балаларының виртуалдық қызығушылықтарынан мүлдем хабары жоқ.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнамалар негізінде (2017 жыл) мектептердегі интернет қауіпсіздігі мәселесі жақсарғанын, алайда электрондық тәуелділікті (телефонға, әлеуметтік желілерге, бейне ойындарға, селфиге) жоюдың алдын-алу шараларының нашарлағанын көруге болады. Мәселен, интернет, әлеуметтік желі, WhatsApp-қа тәуелділік – 39,1%, ойынқұмарлық (жасөспірімдердің компьютерлік, мобильдік ойындарға тәуелділігі) - 20,5%.

2018 жылы 6-15 жас аралығындағы балалардың ұялы телефонды қолдану үлесіне келсек, ауылдық жерлерде – 89,5%, қалалық жерлерде -82,7%. Ауылдық жерде олардың үлесі қаламен салыстырғанда 7 пайызға жоғары екенін көруге болады.

Интернет желісіндегі ақпараттарды, ұлттық сегменттегі ресурстардың мазмұнын бақылау мақсатында және ұлттық қауіпсіздікті сақтау бағытында жағымсыз ақпарат көздерінің алдын алу үшін *дамыған елдер жылына 10 немесе 100 миллион доллар шамасында ақша жұмсайды.* Мұның бәрі тегін жасалып жатқан жоқ, олар интернет арқылы келер қауіптің салмағын сезініп, осындай қадамдарға баруда.

**Нәтижелер**

Біздің елімізде де интернетті заңдық тұрғыдан реттеу бағытында шаралар ұйымдастырылуда, мысалы мемлекет жастар мен балалар арасында Интернетке тәуелділіктің алдын алу бойынша, сондай-ақ азаматтардың цифрлық беделін қорғау, әлеуметтік желілер мен Интернетте (порнографиялық сипаттағы материалдар, балаларға қатысты қатыгездік туралы, экстремистік сипаттағы ақпарат, есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың прекурсорларын насихаттау және басқалар) беттерге мониторинг жүргізу және бұғаттау, балаларды зиянды интернет-контентке қолжетімділіктен қорғау мақсатында балалар үшін бірыңғай тарифі бар СИМ-карталарын енгізу сияқты шараларды кешенді түрде жүргізіп келеді. 2020 жылы 3 млн. оқушылар мен ата-аналар интернетті пайдалану мәдениетін арттыру, интернет-қызметтерді пайдаланушылардың жауапкершілігін тәрбиелеу мақсатында өткізілетін «мен OFFLINE» және «қауіпсіз интернет» ақпараттық науқандарына қатысқан. Тәулік бойы жұмыс істейтін «BALA QORGAU» чаты ұйымдастырылған (16 мың жазылушы) [3].

Әрине, мұндай жұмыстардың атқарылып жатқаны дұрыс, дегенмен елімізде интернетті заңдық тұрғыдан реттеуді жүйелі түрде жүргізіп, әсіресе жас балаларды зиянды ақпараттардан қорғау шараларын күшейтсек дұрыс болар еді, осы орайда бұл бағытта қолданылатын *шетелдік тиімді тәсілдерді* талдап көрсек.

Қазіргі таңда интернетті заңдық тұрғыдан реттеудің тәсілдері әр түрлі, дегенмен оларды екі әдіспен жинақтап көрсетуге болады. Біріншісі – мазмұндық сүзгіден өткізу тәсілі (контент-фильтр), яғни нақты бір белгіленген сөз тіркестері мен тақырыптардың жиі қолданыста болатындығын анықтау. Екіншісі – «файербол» тәсілін қолдану, яғни интернет қолданушылар шетелде жарияланған материалдарға қол жеткізе алмайды, оларға заңдық тұрғыдан шектеулер қойылған [4]. Бұл тәсілдер біздің елімізде де қолданылады.

*Әлемдегі дамыған елдердің бірі АҚШ-та* бұл жоғарыда аталған мәселелерді өзін-өзі реттеу шараларын қолдану арқылы шешу жағы

қарастырылған, мысалы интернеттегі материалдардың мазмұнына бақылау жасаудың бірнеше тәсілдер бар. Соның бірі - арнайы бағдарламалық пакеттері бар құрылғы орнату, яғни бұл арқылы балалардың порнографиялық сайттарға қолжетімділігі шектеледі.

Келесі бір тәсіл – қоғамдастықтар арнайы бағдарламалар жинақталған ата-аналар бақылауы қызметін қолдануды ұсынады. Сонымен қатар көптеген бағдарламалар белгілі бір сөздер жинағынан тұрады да, олар қызметтің бұғатталуына әкеліп соғады. Бұл аталған бағдарламаларға балама тәсіл ретінде порнография мен тұтынушыларға арналған бейәдеп мазмұндағы материалдарды бұғаттаудың онлайн жүйесі қолданылады. Бұл жағдайда бұғаттауды тұтынушы емес, интернетпен қамтамасыз етуші мекеме іске асырады, бұл орнатуы да қолданылуы оңай әдіс [5].

Ересектер үшін қалыпты жағдай болып есептелетін материалдарды көруден балаларды қорғау мәселесі көпшілікті көп қызықтыра бермейді. Көп жағдайда интернетте әдепсіз сипаттағы, бірақ үлкендерге арналған маңызды мақсаттарды көздейтін медициналық және ағартушылық бағыттағы материалдар мен өзара көмек қолын ұсыну бағытындағы қажетті ақпараттар болады. Мәселен, ересектер порнографиясы АҚШ-та конституциялық тұрғыдан қорғалған, сол себепті де оған Интернетте шектеу қоюға болмайды. Бұл жерде V-чиптерге, цензура қойылған бағдарламаларға, онлайн қызмет көрсетуші провайдерлердің контент-скриндеріне жеткілікті дәрежеде сұраныс болу қажеттігі ескеріледі. Бұл тәсілдер ересектердің заңдық тұрғыдан қорғалатын бостандықтарына еш нұқсан келтірмейді, ең ұтымдысы – балаларды зиянды ақпараттардан қорғауға мүмкіндік береді.

1984 жылдан бастап *Ұлыбританияда* «Телекоммуникация туралы» заң қызмет көрсетушіге емес (поставщик услуг), контентті қамтамасыз етушілерге (поставщик контента) қолданыла бастады. Бұған қарамастан интернет саласында қызмет көрсетушілер де бұған атүсті қарамай, өз жұмыстарын қауіп-қатерге тікпеуге келісті [6].

Біздің елімізде де интернет саласында қызмет көрсетушілер өз іштерінде реттеуші топтар құрып, заңсыз материалдарға бақылау орнату арқылы биліккe көмектесуді мақсат етулері қажет. Бұл шаралар үлкендердің құқығын сақтай отырып, ересектерге арналған контенттен балаларды тиімді қорғай алар еді.

Қазіргі таңда парламент мәжілісінде шетелдік әлеуметтік желілердің жұмыстарын реттеу мәселесіне қатысты заң жобасы мақұлданды. Бұған сәйкес, Қазақстан аумағында қызмет ететін шетелдік онлайн платформаның немесе жедел хабар алмасу сервисінің иелері мен өзге де заңды өкілдері міндетті мемлекеттік тіркеуден өтулері қажет, олай болмаған жағдайда бұл ресурстардың қызметі ел аумағында шектеледі. Сонымен қатар олар ҚР заңдарының талаптарын бұзатын ақпараттарды 24 сағат ішінде шектеуге немесе жоюға міндеттеледі. Бұл орайда депутаттар мұндай қадамдардың бәрі еліміздегі балалардың құқықтарын қорғау мақсатында қабылданып жатыр, өйткені ғаламтордан келер қауіп күннен-күнге күшеюде деген уәжді алға тартып отыр. Соңғы кездері мектептерде оқушылардың бірін-бірі жәбірлеуі және өз-өздеріне қол жұмсау деректері көбейген. Мұның бәрінің негізгі себепшісі - интернеттегі зиянды ақпараттар болып отырғандығын арнайы саланың сарапшылары да жоққа шығармайды. Депутат Динара Зәкиеваның айтуынша «осы жылдың тек алты айында 105 бала суицидке барған, 193 бала өз-өзіне қол жұмсауға оқталды. Бұл ретте бірқатар өңірлерде яғни Түркістан, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарында суицид көрсеткіші өскен» [1].

## Қорытынды

Интернет қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу, әсіресе балаларды оның зиянды ықпалынан қорғау, қазіргі таңдағы ең өзекті әрі шешімін табуы кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр.

Балалардың интернет қауіпсіздігі мәселесіне келгенде ескерер жайттарды былайша жіктеуге болады: *бірінші кезекте*, елімізде бұл бағытта арнайы зерттеуші мамандар кешенді зерттеулер жүргізулері керек, *екіншіден*, жүйеленген ақпараттар қорын құру, әрі олардың

көпшілікке қолжетімді болғанын қамтамасыз ету, *үшіншіден*, мемлекеттік органдар мен қызмет ұсынушы арнайы орындар бірлесіп, интернет қолданушылардың тұтынушылық және еркін ақпарат алу құқығына және сөз бостандығына қол сұқпау жағын ескере отырып, балаларды зиянды ақпараттардан қорғаудың жүйесін құрастырып шыққандары дұрыс.

*Ең бастысы*, ата-аналар балаларының интернеттегі материалдарға қолжетімділігін қатаң бақылап, өз жауапкершіліктерін арттырғандары жөн.

**Пайдаланған әдебиеттер**


1. Мұхади А. Қазақстанда шетелдік әлеуметтік желілерді шектеу туралы заң жобасы мақұлданды [электрон.ресурс] 2021. URL: https://stan.kz/kazakstanda-sheteldik-aleumettik-zhelilerdi-shekteu-tur-352434/ (15.09.2021).
2. Білім беру статистикасы [электрон.ресурс] 2021. URL:https://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersBusinessRegistersReestr?lang=ru&_afrLoop=15049312718668981 (Қаралған күн 17.10.2021).
3. ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасы [электрон.ресурс] 2021.URL:https://www.gov.kz/memleket/entities/bala?lang=kk
4. Асанбаев М. К вопросу о необходимости регулирования интернета в KZ. [электронный ресурс]. – 2017. – URL: http: //kisi.kz
5. Dawn A.Edick, Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 (1998), http: lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4.
6. Паламарчук А.В. Регулирование правоотношений в сети Интернет в зарубежных странах // Вестник Академии Генеральный Прокуратуры РФ, – 2012, – №6 (32), – С. 24-31.



**O.Zh. Oshanova**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*


**Internet safety of children in Kazakhstan: problems and solutions**


**Abstract.** The article raises the issue of legal regulation of the Kazakhstan Internet space. The author examines the issues of combining the methods of legal regulation and self-regulation on the Internet. In particular, we are talking about the fact that the threat from the Internet for children is growing every day. Prospects of soft law in the international regulation of the Internet, in countries such as the United States, Britain and Russia are assessed from different points of view. Especially the author draws attention to such topics as terrorism, pornography, and encroachment on the honor and dignity of citizens.

The relevance of this topic is expressed in the fact that the Internet is still not sufficiently regulated from a legal point of view. The constant increase in the number of subscribers and the growing importance of information exchange through the Network attract the public's attention to the problems of regulation, the development of rules for the fair, legitimate functioning of the Internet by the state.

The author points out the need for legislative regulation measures on the part of the state and society in this direction, involving data on the availability of social networks in the country and their impact on children.

Internet legislation is a set of laws, other normative acts (national and foreign states) which are regulating relations in the virtual space of the Internet. An Internet relationship is considered only those relations that relate to the social and legal regulation of the virtual space that is with the regulation of this space based on the norms of law, morals, ethics, and other means.

The main problems of legal regulation are related to the order and conditions of the use of telecommunications networks and protection of the rights and legitimate interests of various entities during the transfer of

information in global computer networks. There is a need to develop adequate national legislation with all modern requirements.

At present, the domestic information legislation of Kazakhstan and other countries is very extensive. However, it is still far from perfect and requires working out and adopting new acts.

**Keywords:** internet, legal regulation, children's rights, blocking of information, access to information, security.

**О.Ж. Ошанова**

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

**Кибербезопасность детей в Казахстане: проблемы и пути их решения**

**Аннотация.** В статье автор поднимает актуальный вопрос правового регулирования казахстанского интернет-пространства. Рассматриваются вопросы сочетания методов правового регулирования и саморегулирования в Интернете. В том числе речь идет о том, что с каждым днем возрастает угроза для детей со стороны Интернета. Оцениваются перспективы мягкого права в международном регулировании Интернета в развитых странах. Особенно автор обращает внимание на такие темы, как терроризм, посягательство на честь и достоинство граждан.

Автор указывает на необходимость принятия мер законодательного регулирования со стороны государства и общества в данном направлении, с привлечением данных о доступности социальных сетей в стране и ее влиянии на детей.

Актуальность данной темы заключается в том, что Интернет до сих пор недостаточно урегулирован с точки зрения права. Постоянное увеличение числа абонентов, растущая значимость обмена информацией посредством Сети привлекают пристальное внимание общественности к проблемам регулирования, выработке правил справедливого, легитимного функционирования Интернета со стороны государства.

Интернет-законодательство - это совокупность законов, иных нормативных актов (как национальных, так и зарубежных государств), регулирующих отношения в виртуальном пространстве Интернета. В качестве интернет-отношений выступают только те отношения, которые связаны с социально-правовым регулированием виртуального пространства (т.е. с регулированием этого пространства на основе норм права, морали, этики и других средств).

Основные проблемы правового регулирования связаны с порядком, условиями использования телекоммуникационных сетей и защиты прав и законных интересов различных субъектов при перемещении информации в глобальных компьютерных сетях. Существует необходимость разработки адекватного всем современным условиям национального законодательства.

В настоящее время внутреннее информационное законодательство Казахстана и других стран весьма обширно. Однако оно пока далеко от совершенства и требует разработки и принятия новых актов.

**Ключевые слова:** интернет, правовое регулирование, права детей, блокировка информации, доступ к информации, безопасность.

**References**

1. Muhadi A. Kazakstanda sheteldik aleumettik zhelilerdi shekteu turaly zan zhobasy makuldandy [A draft law on restricting the work of foreign social networks has been approved in Kazakhstan]. – 2021. – Available at: https://stan.kz/kazakstanda-sheteldik-aleumettik-zhelilerdi-shekteu-tur-352434/ (15.09.2021). [in Kazakh].
2. Bilim beru statistikasy [Education statistics] 2021. – Available at: https://stat.gov.kz/faces/wcnav_externalId/homeNumbersBusinessRegistersReestr?lang=ru&_afrLoop=15049312718668981 (17.10.2021). [in Kazakh].
3. KP BGM balalardyn kukygyn korgau komitetinin 2018 zhylgy baiandamasy [Report of the Committee for the Protection of Children's Rights under the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan 2018 years ]2021. – Available at: https://www.gov.kz/memleket/entities/bala?lang=kk [in Kazakh].

4. Asanbaev M. K boprosu o neobhodimosty regulrobania internet b KZ. [The issue of the need to regulate the Internet in KZ]. – 2017. – Available at: http: //kisi.kz. [in Russian].

5. Dawn A.Edick, Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 (1998), http: lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4.

6. Palamarchuk A.V. Regulrovanie pravootnoshenii v seti Internet v zarubezhnyh stranah [Regulation of legal relations on the Internet in foreign countries] // Vestnik Akademi generalnyi prokuratury [Bulletin of the Academy of the Prosecutor General of the Russian Federation], – 2012, – №6 (32), – С. 24-31. [in Russian].

**Автор туралы мәлімет**

***Ошанова Орынтай Жаңабайқызы*** – филология ғылымдарының кандидаты, ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдық медиа кафедрасының доценті, әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

***Oshanova Oryntay Zhanabaevna*** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Department of UNESCO, International Journalism and Public Media, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ХҒТАР: 19.61.48

[1]Ж.Д. Сейтжанова*
[2]Ж.Б. Сұлтанова

[1]Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Әл- Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** apasai@mail.ru

# Қазақстандағы фактчек құбылысы (“Factcheck.kz” сайтының материалдары негізінде)

**Аңдатпа.** *Ғаламтордың күн өткен сайын қарқынды дамуы ақпаратты лезде алу мүмкіндігін арттыра түсумен қатар оқырман, көрермен, аудитория, желіні пайдаланушы арасында жаңа бір қиындықтарды туғызғаны жасырын емес.*
*Сансыз ағылып жатқан ақпарат легіне тойтарыс беруге қарапайым тұлға дәрменсіз боларлық халге жетті. Эфирден, әлеуметтік желіден, ұялы телефоннан бізге “тықпалап” жатқан ақпараттың қаншалықты шындыққа сай екендігін ажырату күннен -күнге қиындай түсуде. Тіпті, белгілі бір дәрежеде интеллектуалды сауаттылығы жоғары адамдардың өзіне шынайы және жалған, “аз ғана өтірік қосылған”, “аздап ғана бұрмаланған”, “ негізгі фактінің маңыздылығы екінші дәрежелі ақпараттың арасына жасырылып берілген”, яғни, “қиюы келістіріліп, құрастырылып” ұсынылған ақпараттың ақиқат-жалған екендігін ажырату қиындап барады.*
*Мақалада жалпы фактчек жүргізудің жолдары көрсетілген. Авторлар фактчек құбылысының пайда болу тарихына тоқтала келе, елімізде осы бағыттағы жұмысты алғашқылардың бірі болып бастап берген “Factcheck.kz” іспетті нақты медиаресурс арқылы фактчектің практика жүзінде іске асырылуын саралайды. Бұқаралық аудитория арасында медиасауаттылықты қалыптастыру және ақпаратқа сыни талдау қажеттілігінің өзектілігі атап өтіледі.*
**Түйін сөздер:** *фактчек, ғаламтор, дезинформация, манипуляция, медиасауаттылық*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-71-79**

## Кіріспе

Заманауи ақпарат кеңістігінің басты жетістігі - қолжетімділігі. Бірақ мұндай қолжетімділіктің осал тұсы да бар - шынайы және жалған ақпараттың қосарланып берілуі. Бұл проблема күннен-күнге өзекті бола түсуде. Әсіресе, бүгінгі таңда бүкіл әлемде өршіп тұрған пандемия кезінде дәлелсіз, негізсіз, жалған, фейк ақпараттың қолжетімділігінен келетін қауіп аз емес. ҚР президенті Қ.Тоқаев жалған ақпараттың қауіптілігіне ұдайы назар аударып отырады. Хайп қуған адам адастырады және жаңылыстырады, дей келе, “қандай да болмасын бір қайраткерлердің хайп қуып, еш дәлелі жоқ, құр популистік мәлімдемелер арқылы азаматтарды жаңылыстыратын жағдайлар сирек емес. Соның бір айқын мысалы — антиваксерлер делінгендердің деструктивті ұстанымы. Түрлі әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауда көзқарастардың бір жақтылығы алаңдатады”, — деді Қ.Тоқаев. Президенттің пікірінше, мұның бәрі қоғамның құлдырауына алып келеді, бір-біріне деген сенімсіздік атмосферасын қалыптастырады және сайып келгенде ұлттың прогресін тежейді. Мұндай жағымсыз көріністердің басым бағытқа айналуына жол берілмейді. Айтылған сөздер мен әрекеттердің салдарын түсіну өте маңызды [1].

### Зерттеу әдістері

Адамдар негізінен автоматизм мен стереотиптерге көп арқа сүйейді, формаға сенеді, мән-мағынасына сыни тұрғыдан қарауға ұмтылмайды. Теледидардан айтылған ақпараттың барлығын шындық деп қабылдайды. Журналистер өтірік айтпайды, деп санайды. Тіпті кадрдан сөйлеп тұрған шын мәніндегі журналист емес, танымал ток-шоудың жүргізушісі болса да, көрерменге бәрі журналист, оның ара-жігін ажыратып жатқан ешкім жоқ. Осындай жолдармен әртүрлі құбылыстар мен оқиғалар өзектендіріліп, заңдастырылады. Бейсаналы түрде немесе әдейі "расталған" фактілердің бірігуі нәтижесінде бізге бұрмаланған ақпараттық картина ұсынылады. Бұл тәсілді насихаттаушылар, кибершабуылшылар, желілік тролльдер және басқа да манипуляторлар белсенді қолданады.

Түптеп келгенде, фактчектің негізгі қаруы-әр нәрсеге күмән келтіре қарай алу. Мұнда кәсіби сенімсіздік өте орынды қасиет. Фактчектің логикасы мен құралдары көбінесе ғылыми жұмыстың әдіснамалары мен технологияларымен сәйкес келеді. Журналистің дереккөздермен жұмыс сапасының деңгейін біршама жоғарылату үшін тарихшыларға арналған дереккөзтану бойынша мамандандырылған курсқа да назар бөлген орынды болар еді.

### Мақсаты

Жалған ақпаратқа дер кезінде тойтарыстың берілмеуінің салдары ауыр. Соңғы кезде қоғамды алаңдатып отырған вакцина салдыру мәселесін назарға алар болсақ, әлеуметтік желілерде еш дәйексіз , халық арасында дүрбелең туғызатын ақпараттың қаптап кеткендігінің куәсі болып отырмыз. Бұл өз кезегінде қоғам экономикасының , еліміздің әлеуметтік саласының толыққанды дамуына кері әсерін тигізері сөзсіз. Сол себепті фактчекті сауатты жүргізудің маңыздылығын көрсету, қоғам ішінде таралған жалған ақпаратты әшкерелеуге бағытталған "Factcheck.kz" сайтының жұмысын барынша танымал түсу, соған балалы медиаресурстардың көбірек ашылуына атсалысу, яғни негізгі функциясы халықты ақпараттандыру, ағарту, тәрбиелеу болып саналатын журналистер үшін өзекті мәселе болмақ.

Мақалада қарастырылып отырған "Factcheck.kz" сайты журналистиканың жоғарыда аталған функцияларын басты бағдар етіп алған. Медиаресурстың мәлімдеуінше, объективтілікті сақтау үшін Factcheck.kz редакциясы жарнамадан бас тартып, мемлекеттен, ірі компаниялар мен саяси ұйымдардан өзін алшақ ұстап, тәуелсіздігін сақтап келеді..... Әр адам сенімді дереккөзден тексерілген тәуелсіз ақпарат алуға құқылы деп есептейміз, деп өздерінің ұстанымдарын ашық айтады [2].

### Талқылау мен нәтижелер

Өзектілігі өз алдына, фактчек -бүгінгі таңдағы ақпараттың мәжбүрлі ілеспе элементі деп айтуға әбден болады.

Популистік мәлімдемелерді дәйексіз ақпараттың бір ғана бөлігі деп қарастырар болсақ, ендігі бір мәселе, ақпарат кеңістігінде мемлекет басшыларының есімдерін пайдаланып, фейк аккаунтар ашу жағдайларының жиілеп кеткендігі. Сондай жағдайлардың анық-қанығын аудиторияға түсіндіру мақсатында лауазымдық тұлғалардың ресми өкілдері әлеуметтік желіде түсініктеме беруге мәжбүр, әрі міндетті. Мәселен, ҚР президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәлидің "Соңғы кездері әртүрлі әлеуметтік желілерде мемлекет басшысының атынан ашылған фейк аккаунттар көбейіп кетті. Сол арқылы жалған ақпарат таратып жатқандар да бар, кейбірі оны коммерциялық мақсатта қолданып жатыр. Осыған байланысты барша әлеуметтік медиа қолданушылар мен БАҚ өкілдеріне ескертеріміз - Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына ресми тіркелген екі аккаунт қана бар. Олар: Twitter желісінде 2011 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан - @TokayevKZ, сондай-ақ, 2019 жылдың сәуір айында Instagram желісінде ашылған @tokayev_online аккаунты. Барша әлеуметтік желі қолданушыларды мемлекет

басшысы туралы нақты расталған ақпарат алу үшін жоғарыда көрсетілген ресми аккаунттарға ғана жүгінуге шақырамыз", деп жазуы да осындай жағдайлардың салдары болып отыр [3].

Демек, халықтың санасын түпкілікті улап тастамай тұрғанда, қоғам бұл проблеманы шешуге барынша атсылысуға тиіс, фактілердің шынайылығын анықтау -көпшіліктің ісіне айналуы керек.

Жалпы, фактіні тексеру деген не, соған аздап тоқтала кетсек. "Фактчек" ұғымы аяқ асты пайда болған жоқ, бұл ұғым жаңа медиаға дәстүрлі журналистикадан енген. Газеттер шыға бастаған кезден бастап-ақ кез-келген редакцияның жұмысының принциптері белгіленетін, оның ішінде редакциялық сүзгі журналистің жұмыс технологиясындағы қажетті шарттың бірі ретінде белгіленетін. Дәлдеп айтар болсақ, бұл технология тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптылық, дәлдік секілді этикалық принциптерге негізделіп отырған. Демек, осы принциптерді сақтаған басылым ғана аудиторияның сеніміне ие болады және басылымның беделі артады.

Факті- кез-келген ақпараттың ядросы, ол сенімді айғақтармен расталған оқиға. Бір оқиғаға қатысты әр түрлі адамдардың көзқарасы, пікірі әркелкі болуы мүмкін, бірақ фактіге қарсы тұра алмайсыз. Яғни, факті анықталады, тексеріледі және қайталап тексеріледі.

Фактілерді бұрмалаушылық- объективтілік пен дәлдікке қарсы қиянат жасау деген сөз. Бұрмалаушылық саналы түрде жасалған жағдайда - қылмыс болып табылады.

Жаңа заман, жаңа медиа, сәйкесінше, жаңа ұғымдарды туғызып отыр, соның бірі -"фактоид".

"Орыс тілінің шетелдік сөздерінің сөздігіне" жүгінсек, фактоид ағылшынның (facfoid < fact-факт + гр. oid <eidos-форма) мағынасын білдіреді, біріншіден бұл баспасөзде жарияланған ресми хабарлама, ал оның ақиқат ретінде қабылдануы сол фактінің баспасөзде пайда болу нәтижесінен туындауынан.

Екінші мағынасы, қоғамда шындық ретінде қабылданған сенімге лайықсыз, ақиқаттылығы күмән туғызатын ақпарат, жарияланым. Бұл терминді айналымға американдық жазушы Н. Майлер 1973 жылы енгізген болатын [4].

Газеттегі алып-қашпа әңгімелерге, өсек, қауесет, фактоидтар, манипуляцияларға, бейсана немесе әдейі фейктерге, техникалық қателіктерге, қате басылып кету жәйттеріне – осының бәріне фактчек қарсы тұрады. Бұл өте қуатты қару, өкінішке орай, бұқаралық коммуникация саласында жұмыс істейтіндер оны дұрыс пайдалана алмай отыр.

Фейк ақпараттың өміріміздің қай саласына болмасын тигізіп отырған кесірі күннен-күнге артып келеді. Мәселен, саяси инсинуациялар, олар түрлі елдердің құқық қорғау органдарының өзара іс - қимылын қиындатып отыр. Жалған ақпараттың көптігі және әрқилы саяси түсініктер әртүрлі мемлекеттердің құқық қорғау органдарының арасындағы сенімге нұқсан келтіріп, ынтымақтастығын бұза бастаған. Бұл туралы халықаралық полиция қауымдастығы Ресей секциясының президенті генерал-лейтенант Юрий Жданов "виртуалды кеңістік фейк, дипфейк, жалған қарарлар мен "жалған зерттеулерге" толып кетті, әркелкі лас дүниелер пайда болды. Жекелеген қылмыстық тергеулер аяқ асты мемлекеттер арасындағы саяси, идеологиялық немесе экономикалық күрестерге сіңісіп, жоқ болып кеткендей. Өйткені оған полицияны да еріксіз тарта бастады... Қаскүнемдер жеккөрушілік, сенімсіздік және саяси келіспеушіліктерді дезинформация түрінде пайдаланады. Біздің цифрлық кеңістіктерімізді келіссөздер жүргізу және зиян келтірудің жаңа формаларын жасау арқылы өздерінің әлеуметтік құндылықтарын қорғау үшін отарлап отыр. Мұндай үрдіс жалғаса берсе, полицияның тек қалта ақтарғандарды, ұсақ алаяқтарды, көше қарақшыларын ұстап, некелік аферистерді әшкерелеуден басқа амалы қалмайды. Онда трансұлттық қылмысқа, мафияға бірлесіп, халықаралық деңгейде қарсы тұру деген бос сөз болмақ, деп "Ресей газетінде" жарияланған сұхбатында атап өтті [5].

Түптеп келгенде, ақпараттың рас болуы бұл бір уақытта журналистің құқы да, міндеті де. Бір жағынан, журналист өзіне келіп түскен

ақпараттың растығын тексеруге құқы бар. Екінші жағынан ол шындыққа жанаспайтын ақпаратты жарияламауға міндетті.

Фейк хабарлардың сонымен қатар өсіп келе жатқан ұрпаққа келтіріп отырған зиянына жіті көңіл бөлу маңызды. Қазақстанның ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Балаеваның сөзіне қарағанда, "Қазақстан жастары – 2020" ұлттық баяндамасының мәліметінше, жастардың 61,5%-і жаңалықтар мен оқиғаларды әлеуметтік желілер мен блогтардан біледі. Сөз жоқ, бүгінгі таңда фейк ақпаратқа қарсыласуға бағытталған біршама шаруалар атқарылуда. Ақпарат министрінің пікрінше,"Бүгінде көптеген ведомство мен олардың бірінші басшыларында, тіпті мемлекет басшысында әлеуметтік желілерде белсенді парақшалары бар. Соның арқасында халық ресми ақпаратты бірінші басшының өз аузынан естиді, анонимді пабликтер мен басқа да күмәнді дереккөздерге еріп кетпейді. Бұл тұрғыда бірінші басшылардың қарапайым халыққа ашық болуы өте маңызды және саяси истеблишменттің жаңа буынын тәрбиелеуге өздері үлгі көрсетуі керек [6].

Ресейлік мемлекеттік гуманитарлық университеті Журналистика факультетінің телевизиялық радио және интернет технологиялар кафедрасының доценті Максим Корневтың пайымдауынша, жалпы фактчек өнерін игеру үшін мынадай ережелерді сақтау керек:

1. Бастапқы дереккөзді іздеңіз немесе ақпараттың бірнеше тәуелсіз көздерден расталғандығына көз жеткізіңіз. Бұл ережені ұзақ уақыт бойына барлық сапалы басылымдар ұстанып келеді. Бастапқы дереккөзге қолжетімділік – жауапкершілік қағидаларын ұстанатын журналиске қойылар кәсіби талап. Ақпаратты әр түрлі дерекөздер арқылы тексеру, тақырып бойынша сарапшылар мен адамдардың пікірлерін алу ешқашан артықтық етпейді. Бірақ оқырмандар контекстіні жақсы түсіну үшін дереккөзді түсініктемеден ажырату міндетті. Түсініктемелер, мәлімдемелер материалды толықтырып, байыта алады. Бірақ, ең бастысы, материалдың реңкін келтіріп, эмоциялық ықпалдылығын арттыра түсетін "қосымша" элементтер емес, фактінің өзі, реалды дереккөздердің дәлелдемелері.

2. Екінші жақтың да пікірін білу. Дегенмен, сіз бір ұстанымды қолдаушы бірнеше дереккөзден сұраған күннің өзінде сіздің материалыңыз объективтілігін жоғалтуы ықтимал. Мәселен, қандай да болмасын бір жабық сектаның жүздеген жақтаушысын сөйлетіп көріңіз, олардың айтар пікірі біреу ғана болмақ. Демек, мұндай жағдайда дерекөздің көп болуы жарияланымның сапалы әрі объективті жазылуына негіз бола алмайды. Кез-келген жағдайдың, оқиғаның, кем дегенде екі жағы, екі полюсі бар. Оқиғаға қатысатын барлық қатысушылармен және мүдделі тараптармен байланысуға тырысу керек. Көп ретте журналистер бұл ежелден келе жатқан тамаша қағиданы елемейді, ал бұл қағиданы ұстану журналисті әттеген-ай, деген сәттерден ғана емес, масқаралықтан да құтқара алады.

3. Келесі қажетті дағдының бірі - фейктерді (жалғандық) тануды үйрену. Бұл бір қарағанда жеңіл сияқты көрінгенмен, оңай шаруа емес. Фейк дегеніңіз саналы түрде қиыстырылған жалған сөздер ғана емес. Немқұрайлылық, жаңсақ басу, типографиялық және техникалық қателер де фейкке саналады. Жаппай санаға енген соң, олар жалған шындыққа айналады. Сондықтан аты аталған адамдардың есімдерінің, кәсіптері мен атақтарының емлесін, күндерін, аттарын, мекен-жайларын және т.б. тексеру өте маңызды. Фейк мақсатты түрде берілуі ықтимал, оның ішінде көрерменнің көңіл көтеруіне қызмет етуді көздеуі мүмкін.

4. Фактілердің дәлдігі сенсациядан гөрі маңызды. Эмоциялар-фактчекердің қауіпті жауы. Сенсациялық материал әрине, таптырмас олжа, кейбір ақпарат құралдары фактоидтарды жариялауға құштар, өйткені ондай ақпарат аудитория арасында танымал. Кәсіби мамандар жедел және тексерілмеген хабарламаларды алдымен әлеуметтік желілерде беруге кеңес береді, бұл арқылы олардың күмәнділігі баса көрсетілмек. Сол арқылы аудиторияның назарын да бұрып алуға болады және сонымен бірге оның көмегі арқылы ақпаратты тексеріп, нақтылау мүмкіндігі туындайды.

5. Әлеуметтік медианы абайлап қолдану қажеттілігі. Әлеуметтік желілер журналистер

мен редакторлардың жұмысын бір жағынан жеңілдетсе, бір жағынан қиындатады. Ең дұрысы, әлеуметтік желіде таралған әр фактінің кем дегенде екі-үш растаушы көзін табу, тікелей сөз болса, тіптен жақсы.

Фактчек процесі барысында ақпарат пен дереккөзді ажырата білу керек. Дәлірек айтқанда, екеуін де тексерген жөн. Интернет пен әлеуметтік желілердің арқасында көздеген адамыңыздың қызметін бағдарлай аласыз, оның туысқандары, достарымен байланысуға болады, әріптестері мен таныстарынан сұрастыруға болады.

Жалпы, Дүниежүзілік редакторлар форумының (WAN IFRA құрамындағы SFN) "trends in NewsRooms - 2014" баяндамасында әлеуметтік медиа арқылы ақпаратты верификациялау он негізгі трендтің қатарында аталған.

Сонымен, жоғарды аталған екі ұғымды тағы да нақтылап өтер болсақ, верификациялау, яғни ақпаратты тексеру және фактчек екі бөлек мағынаны білдіреді. Верификация - ақпаратты нақтылау, контентті дайындаудың техникалық процесі. Фактчек - бұрмаланған, оның ішінде қасақана фактілерді анықтауға бағытталған мәліметтердің, аудиовизуалды ақпараттың дұрыстығын, олардың нақты шындыққа сәйкестігін тексеру процесі [7].

Сонымен бірге, бірқатар зерттеушілер фактчекті верификациядан бөлек қарастырады, бұл процеске тереңірек мағына береді: фактчек ақпараттың шынайылығын, оның эмпирикалық шындыққа сәйкестігін анықтауға бағытталған. Бұл жағдайда фактчек ақпараттың бұрмалануына, жалған жаңалықтарға қарсы тұрады [8]. Ақпаратты өзектендіру қажеттілігі әсіресе Ұлыбританияның Еуропалық Одақтан шығуы туралы референдум және АҚШ-тағы президенттік сайлау сияқты қоғамдық саяси процестің шиеленіскен кезеңдерінде өткір болды [9].

Біздің елімізде жария етілген фактілердің дұрыс-бұрыстығын анықтау саласында қызмет көрсетіп келе жатқан медиаресурстың негізгісі –"Factcheck kz" сайты. 2017 жылы 11 мамыр күні MediaNet халықаралық журналистика орталығы "Сорос-Қазақстан" қорының қолдауымен Орталық Азияда алғашқы фактчек жобаны іске қосқан болатын.

"Factcheck kz" сайтының жұмысын саралап көрелік.

Материалдарды іріктеу методологиясы мен сипаттамасына келер болсақ, сайттың материал беру үлгісі бірнеше санатқа бөлінген.

1. а) фактілер;

ә) мәлімдемелер;

б) уәделер;

в) көзқарас;

г) әдіснама;

ғ) айдарлар.

2. Жыл сайын медиаресурста жария етілген, тексерілген материалдар бойынша қорытынды жасалады.

Яғни, фактчек-бұқаралық ақпарат құралдарының мәлімдемелері мен материалдарының шындыққа сәйкестігін тексеру. Үкімдер "ақиқат — жартылай шындық-манипуляция-өтірік" шкаласы бойынша шығарылады.

2017 жылы 143 бірегей материал тексеріліпті . Фактчек деген танымал тұлғалардың сөздерін және медиа материалдардың шындыққа сәйкестігін тексеру екендігін ескерер болсақ, оның ішінде 99 материал правдомер (шындықты өлшеу) шкаласы бойынша қарастырылған. Үкім жоғарыда көрсетілген шкала бойынша мазмұндалады.

3. Топ бестік материалдар қазақ және орыс тіліндегі версиялар бойынша жекелеп шығарылады. Демек, екі тілдегі аудитория үшін мазмұнына орай танымал материалдар топтамасы әркелкі қалыптасады. Сонымен, 2017 жылғы танымал топ бестік материалдар қатарына ілінгендер (қазақ тіліндегі нұсқасы):

Манипуляция | Статистика комитеті: Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 4,9%

Жалған | Білім министрлігі оралмандарға мемлекеттік оқу грантын бермеу туралы бұйрық шығарған

Жалған | ҰБТ-да Роза Рымбаеваның үйі мен көйлегі туралы сұрақтар бар Жалған | ЭКСПО көрмесіне журналист Джеймс Палмер келмеген

Шындық| Қазақстаннан білімділер кетіп жатыр

2018 жылғы топ бестікке ілінген , яғни ең көп оқылған материалдар қатарында (қазақ тіліндегі нұсқасы):

Шындық| Қазақстанда ҰБТ-дан төмен балл алып та грант иеленуге болады

Манипуляция | Статистика комитеті: Қазақстанда жұмыссыздық деңгейі 4,9%

Фактчек | Сырттан келген зиянкестің кесірінен Алматы жасыл желексіз қалуы мүмкін

Нұсқаулық: Суреттің түпнұсқа екенін қалай тексеруге болады?

Жалған | Қазақстанда менингит эпидемиясы тарауда [10].

Осындай материалдарды тексеріп, жіті қадағалау арқылы сайт журналистері шынайы ақпарат пен жалған ақпараттың арасын барынша ажыратуға үлес қосып отыр, жоғарыда аталған шкала жария етілген ақпараттың қаншалықты дәрежеде шындыққа сай екендігін анық көрсетіп береді.

4. "Әдіснама" айдарымен берілетін материалдардың танымдық мазмұны жоғары, оған Goszakup.gov.kz порталынан ақпаратты қалай іздейміз? деген Шыңғыс Уәлиханның материалын атауға болады. Мемлекеттік тапсырыспен сатып алу мәселесіне қатысты біршама түсініктемелер берілген, аударма материалдардың авторлары міндетті түрде көрсетіледі.

"Көзқарас" айдарымен жария етілген материалдарда анализ бен тұжырымдар басымдау, экономика саласындағы сарапшылардың, мамандардың сапалы материалдарымен танысуға болады.

"Уәделер" санатындағы материалдарда атынан белгілі болып отырғандай, лауазымды тұлғалардың тарапынан берілген уәделердің орындалу орындалмау жағдайы сараланады. Мәселен, оған Әкімометр: Ғабидолла Әбдірахымов уәдесін орындады ма? ....Министрометр: Қалмұханбет Қасымов уәдесінде тұрды ма? іспетті материалдарды жатқызуға болады. [11].

Factcheck.kz редакциясының негізгі фокусы – қазақстандықтар үшін маңызды шешім қабылдайтын саясаткерлердің мәлімдемелері мен тұжырымдарын тексеру. Кейде шенеуніктер маңызды мәлімдеме жасап жатып, я фактіні айтпайды, я қиын терминдерді қосып, деректер арқылы манипуляциялайды. Мұндай амал-тәсіл көпшілікті шатыстырып, қате ой қалыптастырады [12].

" Factcheck.kz " бүгінгі таңда қоғамда өзектілігі күннен -күнге артып отырған вакцинация мәселесін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Фейк | 13 шілдеден бастап вакцина ақылы болады материалында Төлепберген Мәліков әлеуметтік желіде 13 шілдеден бастап коронавирусқа қарсы вакцина егудің ақылы болатыны жайлы хабарламаның таралғандығына тоқталады. Аудио авторының айтуынша, вакцина салу құны шамамен 58 мың теңге болмақ. Ал вакцина алмаған тұрғындарға 87 мың теңге айыппұл салынады-мыс. Factcheck.kz бұл ақпараттың қаншалықты рас екенін тексерді.Нақты дәйектер келтірілген. Зер салайық. Үкім: Фейк. Қазақстанда корнавирусқа қарсы ақылы вакцина салу заңдастырылмаған. Пандемияның кезінде вакцинаны үкімет сатып алып, халыққа тегін тарады. Сондықтан желіде тараған ақпарат шындыққа жанаспайды. Бұған дейін де денсаулық сақтау министрі Алексей Цой коронавирусқа қарсы ақылы вакцина егуге рұқсат етілмегенін айтқан. Қазір ресми түрде Қазақстанға мемлекет айналымындағы вакцина жеткізілген. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысқан жеке клиникалар Қормен келісімшартқа отырған. Олар азаматтарға ақысыз вакцина салады. Алексей Цой ел аумағында вакцинаны сатқандарды анықтағанда міндетті түрде құқық қорғау органдарына хабарлауға шақырды. Ол коронавирусқа қарсы вакцинаны сатуға рұқсат етілмегенін ескертті [13].

## Қорытынды

Журналистикада фактілерді тексерудің кем дегенде екі жоспарын бөліп көрсетуге болады. Бірінші жоспар-бұл жарияланғанға дейін материал мазмұнының сапасын бақылау кезеңі ретінде қызмет ететін редакторлар үшін дәстүрлі фактілерді тексеру процесі. Бұл жоспар нақты деректерді (тиісті атаулар, сандар және т.б.) салыстыру, нақтылау арқылы материалға нақты дәлдік беруден тұрады. Және біз осы мақалада қарастырған фактілерді тексерудің екінші жоспары-ұсыныс (пайымдау) нысанында көрсетілген жекелеген фактілерді тексерудің кешенді процесі

болып табылатын фактчек. Фактчек фактінің мән-мәтінін ескере отырып, фактінің барлық элементтерін тексеруді білдіреді. Сонымен қатар, фактчектің фактілерді редакциялық тексеруден айырмашылығы, біріншісінің негізін бастапқы ақпаратпен жұмыс істеу құрайтын болса, фактчек дегеніміз постфактум, медиакеңістікте белгілі бір факт пайда болғаннан кейін жүргізілген тексеру деген сөз.

Ақпарат кеңістігіне барынша шынайы ақпаратты орналастыру-бүгінгі таңда журналистика үшін аса өзекті мәселе болып отыр. Кез – келген журналист-контент сатушы. Бірақ ақпаратты жылдамырақ беру тұрғысынан алғанда айырмашылығы бар. Блог, твиттер және әр түрлі инсайдерлерге қарағанда, кәсіби журналистердің күші - материалдарының растығының күмән келтірмейтіндігінде. Журналист өзінің материалында статистика, расталған мәліметтер, сандар, логика мен ұтымды тұжырымдар арқылы субъективтілік көзқарасты мейлінше азайта алады. Журналист кәсіби маман болса, техниканы ғана пайдаланып қоймай, ақпаратты өңдеу барысында өзінің шығармашылық қабілеттілігін пайдалана алса, оның артықшылығы әрдайым да сақтала бермек [14, 237б]. Нәтижесінде аналитикасы бар, сапалы материалдар әрқашан сұранысқа ие болмақ.

Түптеп келгенде, журналист өз қызметінде қарапайым мынадай қағидаларды ұстанса, жеткілікті:

1. Әрдайым өзіндік тексеру жүргізуге тырысу; яғни басқа көздерден алынған деректерге сүйене бермеңіз, басқа БАҚ пен сайттардың бұрмалаушылық деңгейі әртүрлі болуы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, журналистік гигиена-әркімнің міндеті.

2. Бір ғана ақпарат көзіне сенуге болмайды, кем дегенде үшеу болу керек, фотосуреттерді тексеру де өте маңызды, сурет арқылы іздеу жүйелерін шолып шығу -өзіңізді жалған ақпараттан қорғаудың тағы бір амалы.

3. Бастапқы дереккөзбен жұмыс, оқиғаға тікелей қатысы бар адам - сізге ең қажет тұлға сол.

4. Фейктерді әшкерелеу, жалған пайдаланушыларды табу оңай, әдетте олардың жеке деректері көрсетілмейді, олар оғаш есімдерді қолданады, әлеуметтік желілердегі парақшаларында негізінен репосттар орналастырылған. Бұл мұндай пайдаланушыларға сенуге болмайтындығының айқын белгілері.

“Ал журналистиканың басты міндеттерінің бірі-адамдардың бұқаралық ақпарат құралдарына деген сенімін күшейте түсу” [15, 172б].

Интернет БАҚ дамуы жағдайында ақпаратты тексеру қажеттілігі өте өзекті. Оперативтілікке басымдық бере отырып, журналист әдетте материал мазмұнының сапасына көңілді аздау бөледі. Бірақ ақпаратты тексеру кезінде аталған ережелерді сақтаса, журналист әрқашан өз аудиториясында сұранысқа ие болмақ.

**Пайдаланған әдебиеттер**


1. Оразбекова А.Токаев о фейках:” в погоне за хайпом будоражат и вводят в заблуждение”. [Электронды ресурс] – URL: https://newtimes.kz/vlast/125348-tokaev-o-feikakh-v-pogone-za-khaipom-budorazhat-i-vvodiat-v-zabluzhdenie.

2. [Электронды ресурс] – URL: https://factcheck.kz/.

3. Қазақстанда Қасым-Жомарт Тоқаев деген фейк-акаунттар көбейді. [Электронды ресурс] – URL: https://kaz.zakon.kz/4966292-aza-standa-asym-zhomart-to-aev-degen.html.

4.Корнев М.”Фактчекинг:5 надежных способов проверить информацию”. [Электронды ресурс] – URL: http://mediatoolbox.ru/factchecking/

5.Фалалеев М. “Юрий Жданов рассказал об опасных тенденциях политических фейков” [Электронды ресурс] –URL:https://rg.ru/2021/07/14/zhdanov-v-ssha-dezinformatory-politikany-zamenili-policiiu-na-otriady-opg.html

6. "Министр журналистерге: құрметті мамандық деген мамандықты қайтаруға міндеттіміз". [Электронды ресурс] – URL: https://sputnik.kz/interview/20210607/17264377/suhbat-Aida-Balaeva-ministr.html

7. Соколова Д.В. "Фактчекинг и верификация информации в российских СМИ: результаты опроса"– Мәскеу: Мәскеу университетінің хабаршысы. Журналистика сериясы (№4), 2018.

8. Gottfried J. A., Hardy B. W., Winneg K. M., Jamieson K. H. (2013) Did Fact Checking Matter in the 2012 Presidential Campaign? American Behavioral Scientists 57 (11): 1558–1567.

9. Lewis J., Williams A., Franklin B., James T., Mosdell N. (2008) The Quality and Independence of British Journalism: Tracking the Changes over 20 Years. Cardiff University

10. Цой С. "Итоги 2018 года.Показатели казахстанского правдомера"[Электронды ресурс] – https://factcheck.kz/glavnoe/itogi-2018-goda-pokazateli-kazaxstanskogo-pravdomera/.

11. [Электронды ресурс] – URL: https://factcheck.kz/kaz/category/promises-kaz/.

12. [Электронды ресурс] – URL: https://factcheck.kz/author/snejana/

13. Маликов Т. " Фейк: 13 шілдеден бастап вакцина ақылы болады" [Электронды ресурс] – URL: https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fejk-13-shildeden-bastap-vakcina-akyly-bolady/

14. Мельник Г., Виноградова С., Деловая журналистика. Учебное пособие, Питер, СПб 2010. – 304 с.

15. Лазутина Г.В. Профессиональная этика журналиста // Учебник для студентов вузов/М.2011 год Аспект пресс 2011. –224 с.

**[1]Ж.Д. Сейтжанова, [2]Ж.Б. Султанова**

*[1]Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан*

*[2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

**Явления фактчекинга в Казахстане (на примере материалов сайта "Factcheck.kz")**

**Аннотация.** Не секрет, что стремительное развитие Интернета с каждым днем создает все больше и больше возможностей для мгновенного получения информации, наряду с этим возникают и новые проблемы среди читателей, зрителей, аудитории, пользователей Сети.

С каждым днем становится все труднее различать, насколько правдива информация, которую нам навязывают с эфира, социальной сети, мобильного телефона. Даже тем, кто в той или иной степени обладает высокой интеллектуальной грамотностью, становится все труднее различать какова информация: "с небольшим количеством лжи", "с небольшим искажением" или же насколько скрыт основной факт среди второстепенной информации и.т.д.

В статье изложены способы проведения фактчекинга в целом. Обращаясь к истории возникновения феномена факчетинга, авторы анализируют практическую реализацию фактчекинга посредством конкретного медиаресурса, такого как "Factcheck.kz", который одним из первых начал работать в этой области в стране. Отмечается необходимость формирования медиаграмотности и критического анализа информации среди массовой аудитории.

**Ключевые слова:** фактчек, Интернет, дезинформация, манипуляция, медиаграмотность.

**[1]Zh.D. Seitzhanova, [2]Zh.B. Sultanova**

*[1]International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan*

*[2]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

**Trends in the development of the factcheck in Kazakhstan: based on the work of the website "Factcheck.kz "**

**Abstract.** It is no secret that the rapid development of the Internet creates more and more opportunities for instant information, along with this, new problems there arise among readers, viewers, audiences, and network users.

Every day it becomes more and more difficult to distinguish the accuracy of the information that is imposed on us from the airwaves, social networks, cell phones. Even those with some degree of high intellectual literacy

are finding it increasingly difficult to discern what the information is, «with a little bit of lying,» «with a little distortion,» or how much of the main fact is hidden among the secondary information, etc.

The article describes the ways of conducting fact-checking in general. Turning to the history of the phenomenon of factcheting, the authors analyze the practical implementation of fact-checking through such specific media resource as "Factcheck.kz", which was one of the first to work in this field in the country. There is noted urgency of the need for the formation of media literacy and critical analysis of information among the mass audience.

**Keywords:** factcheck, Internet, disinformation, manipulation, media literacy.

**References**

1. Orazbekova A.Tokayev about fakes: "in pursuit of hype, they excite and mislead." [Electronic resource] - URL: https://newtimes.kz/vlast/125348-tokaev-o-feikakh-v-pogone-za-khaipom-budorazhat-i-vvodiat-v-zabluzhdenie.

2. [Electronic resource] - URL: https://factcheck.kz /.

3. The number of fake accounts of Kassym-Zhomart Tokayev has increased in Kazakhstan. [Electronic resource] - URL: https://kaz.zakon.kz/4966292-aza-standa-asym-zhomart-to-aev-degen.html .

4. Kornev M. "Fact checking: 5 reliable ways to check information". [Electronic resource] - URL: http://mediatoolbox.ru/factchecking/

5. Falaleev M. "Yuri Zhdanov told about the dangerous trends of political fakes" [Electronic resource] -URL:https://rg.ru/2021/07/14/zhdanov-v-ssha-dezinformatory-politikany-zamenili-policiiu-na-otriady-opg.html

6. "The minister told reporters: "We are obliged to return the specialty that is honorable." [Electronic resource] - URL: https://sputnik.kz/interview/20210607/17264377/suhbat-Aida-Balaeva-ministr.html

7. Sokolova D.V. "Fact-checking and verification of information in the Russian media: survey results"- Moscow: Bulletin of the Moscow University. Journalism Series (No.4), 2018.

8. Gottfried J. A., Hardy B. W., Winneg K. M., Jamieson K. H. (2013) Did Fact Checking Matter in the 2012 Presidential Campaign? American Behavioral Scientists 57 (11): 1558–1567.

9. Lewis J., Williams A., Franklin B., James T., Mosdell N. (2008) The Quality and Independence of British Journalism: Tracking the Changes over 20 Years. Cardiff University

10. Tsoi S. "Results of 2018.Indicators of the Kazakhstan truth meter"[Electronic resource] – https://factcheck.kz/glavnoe/itogi-2018-goda-pokazateli-kazaxstanskogo-pravdomera /.

11. [Electronic resource] - URL: https://factcheck.kz/kaz/category/promises-kaz/.

12. [Electronic resource] - URL: https://factcheck.kz/author/snejana/

13. Malikov T. " Fake: from July 13, the vaccine will be paid " [Electronic resource] - URL: https://factcheck.kz/kaz/basty-bet1/fejk-13-shildeden-bastap-vakcina-akyly-bolady/

14. Melnik G., Vinogradova S., Business journalism. Textbook, St. Petersburg, St. Petersburg 2010. - 304 p.

15. Lazutina G.V. Professional ethics of a journalist // Textbook for university students/M.2011 Aspect Press 2011. -224 p.

**Авторлар туралы мәліметтер**

***Ж.Д. Сейтжанова*** – Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Қазақстан тарихы және медиакоммуникациялар кафедрасының ассистент-профессоры, филол.ғ.к., Манас көшесі 34/1, Алматы, Қазақстан.

***Ж.Б. Сұлтанова*** – "7M03202–Журналистика" мамандығы бойынша 2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

***Zh.D. Seitzhanova*** – Ph.D., Associate Professor, Department of History of Kazakhstan and Media Relations, International University of Information Technologies, 34/1 Manas str., Almaty, Kazakhstan.

***Zh.B. Sultanova*** – The 2nd year Master's degree student in Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

ХҒТАР 19.01.11

[1]Б. Тоқтарбай*
[2]А. Жақсылық

[1,2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** beibit.togtarbai@mail.ru

# Азаматтық журналистика және оның дәстүрлі БАҚ-қа ықпалы

**Аңдатпа.** *Мақалада азаматтық журналистика ұғымына талдау жасап, оның артықшылығы мен олқылығын салыстырады. Сонымен қатар дәстүрлі медиа үшін азаматтық журналистика қандай рөл атқаратыны айтылады. Әлеуметтік желі мен блогерлер шығармашылығының сипаты, өзіне тән белгілері анықталады. Сайт, порталдар мен блогерлердің жазбаларын мысалға ала отырып, олардың БАҚ міндетін атқаруы үшін қандай критерийлерге жауап беруі қажеттігі талданады.*

**Түйін сөздер:** *дәстүрлі БАҚ, интернет, жаңа медиа, азаматтық журналистика, блогер, әлеуметтік желі.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-80-84**

## Кіріспе

Медиа саласының дамуы мен түрленуі интернет пайда болған кезеңнен бастап жаңаша леппен қарқын ала бастағаны белгілі. Интернет шапшаңдығы ақпаратты сол сәтте аудиторияға жеткізіп үлгермесе, оның құны бірнеше есе түсетіндігін дәлелдеді. Бұл үрдіс дәстүрлі БАҚ өкілдерін ақпарат тарату мен аудиторияны қамтудың заманауи үлгісіне көшуге жетеледі.

Қазір интернет журналистика «шекарасының» өзі белгілі мөлшерде кеңейді. Бүгінгі ақпарат майданында кәсіби журналистермен қатар әуесқойлар да өзіндік аудитория иеленіп, медиа өнім ұсынып отыр. Бұл азаматтарды біз «азаматтық журналистика өкілдері», «блогерлер», «әлеуметтік желі белсендісі» деп атап жүрміз. Азаматтардың ақпаратты жаппай таратушы және тұтынушы бола бастауына ықпал еткен мәселе ақпараттық технология құралдарының тез арада дамып, оған кез келген адамның қол жеткізе алатындығында болып отыр. Қазір азаматтар қолдарындағы смартфондар арқылы ақпаратты таратады, сақтайды және тұтына алады. Біз бұл мақалада ең негізгі мәселе желілік ресурстарды БАҚ ретінде бағалауға бола ма, интернет журналистика ұғымын қай қырынан қарастырғанымыз жөн деген сауалдарға жауап іздеп көрмекпіз.

## Зерттеу әдісі

Зерттеу барысында жалпы азаматтық журналистика ұғымына талдау жасалып, салыстырмалы, логикалық, жеке ғылыми әдістер пайдаланылды. Сонымен қатар азаматтық журналистиканың медиа кеңістіктегі орны және дәстүрлі БАҚ-қа ықпалына контент-талдау, мәтін талдау, бақылау, болжау әдістері қолданылды.

Журналистиканың ақпараттық функциясын қазір дәстүрлі медимен қатар әлеуметтік желі ресурстары да орындай бастады. Сонымен қатар азаматтық журналистика сипатындағы ресурстар журналистиканың ақпа-

раттық функциясын ғана орындап қоймай қоғамдық құндылық, ойын-сауық, адамдар арасындағы қарым-қатынас түсінігіне де жаңаша баға беруге ықпал етті.

Голландиялық зерттеуші М. Дезе интернет журналистика шекарасының анағұрлым кеңейгенін баса айтады [1]. Оның пайымынша бұқаралық ақпарат құралдары деген ұғымға тек қана дәстүрлі медиа өкілдері құрастыратын ресурстар енбейді. Ол блогерлер мен азаматтық журналистика өкілдері де белгілі мөлшерде ақпарат таратып, аудиторияға ықпал етіп отыр деп есептейді. Сонымен қатар жаңа медиаға байланысты тағы да бірнеше маңызды мәселені алға шығарады. Ал А.Калмыков [2] бастаған ресейлік ғалымдар өзін ақпарат құралдары санайтын ресурстар медиа жүйенің бір бөлігі деп пайымдап отыр.

**Талқылау**

Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің ғылыми тұжырымдарына қарай отырып біз БАҚ-тың міндетін атқара алатын интернет журналистика және әлеуметтік желі ресурстарына қандай критерийлер сай келеді деген сұраққа жауап іздедік. Әрі бұл сұрақ бүгінгі қоғамдағы медиа саласына қатысты өзекті сауал екендігіне баса назар аудардық. Кәсіби зерттеушілер мен журналистика теоретиктерінің ғылыми тұжырымдарына құлақ асар болсақ, бүгінгі таңдағы интернет журналистика төңірегіндегі ресурстардың қызметіне мынадай белгілер тән болуға тиісті. Олар: өзін БАҚ ретінде таныта алуы, кәсіби деңгейде жұмыс жасауы, дәстүрлі БАҚ-тың ұйымдастырушылық белгілерін игеруі, өзіндік дербестігі және тағы басқа. Осы аталған критерийлерді орындаған медиа ресурстарды жаңа медиа міндетін атқара алады деп пайымдауға болады. Өздерін жаңа медиа деп есептейтін, журналистика функциясын толық атқарып отырған қазақстандық сайт немесе портал өте көп. Сонымен қатар әлеуметтік желі ресурстары мен азаматтық журналистика өкілдері де қарқынды жұмыс істеп, аудитория иеленіп отыр. Мәселен, қазақ және орыс тілдерінде ақпарат жариялайтын Уикипедия ашық энциклопедиясын алып қарауға болады. Бұл – тұтастай белсенділер мен азаматтық журналистика өкілдерінің еңбегі арқылы толтырылып отырған медиа ресурс. Сол сияқты ресми мекемелердің әлеуметтік желілердегі парақшалары мен сайттары да жаңа медиа талаптарын орындауға жақсы ұмтылыс жасап отыр. Онда әртүрлі ресми ақпараттар, шешімдер, бұйрықтар, хабарламалар таратылады. Әрі бұл өнімдерді мултимедиалық құралдар арқылы түрлендіріп, аудитория талабын жақсы орындап отырғандары да жоқ емес.

Еуропа Кеңесі Министрлер комитетінің 2011 жылғы «БАҚ-тың жаңа тұжырымдамасы туралы» ұсынымында бұқаралық ақпарат құралдарын сәйкестендіру үшін бірқатар критерийлерге назар аударуды ұсынды. Оларға мыналар жатады: 1) БАҚ ретінде әрекет ету ниеті; 2) БАҚ-тың мақсаты мен негізгі міндеттері; 3) редакциялық бақылау; 4) кәсіби стандарттар; 5) қамту және тарату; 6)қоғамның күтуі [3]. Бұл ұсынысты қарай отырып біздегі жаңа медиа ресурстарын осы үдеден шығуға ұмтылатынын пайымдауға болады.

Интернет журналистиканың аудитория үшін ең ықпалды құрал екендігін ескере отырып біз оның кейбір өзіндік ерекшелігіне тоқталмай өте алмаймыз.

Интернет бұқаралық ақпарат құралдарының дәстүрлі және әдеттегі формаларынан айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Негізгі айырмашылық оның орталықтандырылмаған ақпарат алмасу механизмі үлгісінде жатыр. Оның цифрлық үлгіде ақпарат тарата алуы жаңа технология дамыған қоғамда қарқынды өсуіне жол ашып берді. Аудиторияның өзіне қажетті сұраққа жылдам жауап алып, кері байланысқа түсе білуі жаңа медианың таралу мүмкіндігін бірнеше есе шапшаңдатты. «Әлеуметтік медиа әртүрлі ақпаратты тарату көлемі мен жылдамдығы бойынша таңғажайып мүмкіндікке ие» [4, 119 б].

Жоғарыда аталған технологиялық ерекшеліктердің арқасында Интернет тек бұқаралық коммуникация құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар ақпараттың кез келген түрін жаһандық ауқымда таратуға мүмкіндік беретін күрделі, серпінді ақпараттық инфрақұрылым екендігін баса айтуымыз қажет. Интернеттің ең негізгі қолайлы функ-

цияларының – бірі кері байланыс. Техникалық байланыс мүмкіндіктері жақсы дамыған қысқа мерзімде электрондық поштадан, жеке веб-парақтардан немесе тарату сайттарынан жедел қызметтерге дейінгі хабарламалар, блог-платформалар, дауыстық және дыбыстық байланыс бағдарламалары, содан кейін әлеуметтік желілер, көптеген ойындар және т. б. сәтті қарым-қатынасты шынайы, әрі қосымша мүмкіндіктермен байытып, оны әлдеқайда икемді етеді. Бұл аталған маңызды критерийлер интернеттегі қарым-қатынастың едәуір бөлігі қоғамдық кеңістікте жүзеге асырады және қол жетімді болып қала береді.

Интернеттің осы бір артықшылығы мен мүмкіндігі – әлеуметтік медианың және стихиялық азаматтық журналистиканың пайда болуы мен өркендеуіне негіз болатын белгілер. Әлеуметтік желідегі белсенділік, азаматтық журналистика көрінісі, блогерлердің қоғамда үн қатуы бұл кез-келген дәуірге тән күнделікті әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жалғасы. Тек жаңа технологиялық мүмкіндіктердің арқасында қайта түлеп, жалпыхалықтық сипат алуы десек болады.

Ақпарат алмасуға деген ұмтылыс, қажетті ақпаратты жариялауға ынта – бұл маңызды әлеуметтік факторлар, олар объективті қажеттілікпен қатар, ақпаратты одан әрі күрделендіре түседі. Ақыр соңында мұндай белсенділік пен қажеттілік журналистика институтының пайда болуына әсер етеді. Дәл осындай факторлар адамдарды желілік кеңістікте өзін-өзі белсенді көрсетуге және ақпарат алмасуға итермелейді.

Осы орайда азаматтық журналистика сипаты жөнінде бір мысал келтіре кетсек болады. Зерттеуші Дж.Розен азаматтық журналистерді [5] сөз сөйлеу құқығын алған» бұрынғы аудитория « деп анықтайды. Демек, бұрынғы аудитория қазір ақпаратты тұтынып қана қоймай оны одан әрі таратуға қабілетті. Басқаша айтқанда, адамзаттың әдеттегі коммуникативті белсенділігі жаңа технология көмегімен бірнеше рет күшейтілді. Пайдаланушылардың репост жасап және пікірлер жаза алуы аудиторияға үлкен әсер етеді. «Бұрынғы аудитория» БАҚ материалдарын өз беттерінше бөліседі және өзара материалдар алмасады. Онлайн үлгідегі медиа құралдардың материалдарын пайдаланып, әлеуметтік желідегі жазбаларына көзқарасын еркін білдіреді. Мұның барлығы азаматтық қоғам көрінісінің айқын үлгісі деуге болады.

**Нәтижелер**

Зерттеушілер мен жаңа медиа жайында еңбек жазып жүрген ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, азаматтық журналистикаға тән екі сипатты көрсетуге болады. Біріншіден, әлеуметтік желі белсенділері мен блогерлерден құрылған азаматтық журналистика желісінің тым ауқымдылығы. Мұндай кең ауқымдағы желі дәстүрлі БАҚ-та да сирек кездеседі.

Екіншіден, азаматтық журналистикадағы шығармашылық еркіндік. Блогерлер мен әлеуметтік желі белсенділерінің жазбалары жұмыс берушінің тапсырысы бойынша орындалған еңбектер емес. Блогердің белгілі бір ақпараттық-коммуникативтік қызметіндегі мүдделері мен қажеттіліктері басылымның коммерциялық, идеологиялық сұранысы негізінде түзілмейді. БАҚ иесінің қысымын, редакциялық ұжымның ақпараттық саясатын жүргізуге міндетті емес. Бұл азаматтық қоғамның озық үлгісімен алып қарағанда айқын артықшылық болып саналатын фактор.

Сондай-ақ, азаматтық журналистиканың тағы бір артықшылығы – блог оқырмандары блогосфераға ақпарат алу үшін ғана емес, коммуникативтік қажеттілік үшін де бас сұғады. Яғни ол өзі оқырман, өзі ақпарат таратушы.

Блогосферада оқырман автор, әңгімелесуші, коммуникатор бола алады.

Азаматтық журналистиканың осындай артықшылықтары мен қатар оның қоғамдағы олқы тұстарын да айтпай кетуге болмас. Блогерлер мен әлеуметтік желі белсенділерінің кәсіби мәртебесі анықталмаған. Азаматтық журналистика өкілдері дәстүрлі БАҚ өкілдеріне берілетін құқықтық артықшылықтарға ие емес. Оның кәсіби мәртебесі жоқ, сәйкесінше азаматтық журналист белгілі бір құқықтарды пайдалана алмайды, ресми БАҚ өкілі ретін-


*ISSN: 2616-7174, eISSN:2663-2500*

де ресми мекемеге сауалдар жолдай алмайды. Сауал жолдаған күннің өзінде оған БАҚ өкілі ретінде емес жеке азамат ретінде жауап беріледі. «Twitter-дің ақпараттандыру тәсіліндегі ерекшелік – оқырман нақты оқиғаны цензурасыз, елеп-екшеусіз, боямасыз қалыпта береді. Кемшілігі – журналистік практикасыз азаматтық журналист айналасындағы оқиғаның мазмұнын жеткізуде, талдауда немесе анықтауда ақсайды» [6, 121 б].

Азаматтық журналистика белгілі бір мақсатпен, орталықтандырылған ұйымдастырудың жоқтығынан жоспарланған ақпараттық саясатты жүзеге асыра алмауы мүмкін. Азаматтық журналистикадағы шығармашылық – арнайы стратегиялық жоспармен емес стихиялы түрде жүзеге асатын үрдіс. Оның қазіргі таңдағы статусын дәстүрлі медиаға қосымша ақпарат көзі ретінде қарастырушылар көп. Жан-жақты талданған, сараланған, сарапатамалық ақпарат пен деректерді аудитория әлі де болса дәстүрлі медиадан іздейді. Дегенмен де азаматтық журналистика дәстүрлі БАҚ үшін жақсы ресурс екенін ұмытуға болмайды.

## Қорытынды

Ақпараттық технология құралдарының жылдам дамуының нәтижесінде қарқын алған әлеуметтік желі ресурстары, азаматтық журналистика өкілдері, блогерлер белгілі мөлшерде дәстүрлі медианың дамуына ықпал етіп отыр. Қазақстанда азаматтық журналистиканың қалыптаса бастауы азаматтық қоғам құруға деген ортаның талпынысы деп түсінуге болады. Дәл қазіргі таңдағы азаматтық журналистика белгілері дәстүрлі медиа функциясын атқарып кетпегенімен кәсіби журналистика саласы үшін ресурс көзі екенін атап өтпеске болмайды. Қазақстанда алдағы уақытта блогерлер мен әлеуметтік желі белсендісінің статусын анықтап, оларға белгілі мөлшерде құқықтық мәртебе белгілеу маңызды болмақ.

### Пайдаланған әдебиеттер


1. Deuze M. 2003. The Web and its Journalism: Considering the Consequences of Different Types of Newsmedia Online. New Media & Society

2. О понимании интернет-СМИ в условиях развития гражданской журналистики [Электрон. ресурс]URL:https://cyberleninka.ru/article/n/o-ponimanii-internet-smi-v-usloviyah-razvitiya-grazhdanskoy-zhurnalistiki

3. Рекомендация CM/Rec(2011) 7 Комитета министров государствам-членам о новом понятии СМИ, [Электрон. ресурс] URL: http://www.refworld.org.ru/docid/5511765c4.html

4. Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан: Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аудармa бюросы» қоғамдық қоры, 2019, –119 б.

5. The people formerly known as the audience [Электрон. ресурс] URL:http://archive.pressthink.org/2006/06/27/ppl_frmr.html

6. 4. Жейсон Бейнбриж, Никола Гок, Лиз Тайнан: Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аудармa бюросы» қоғамдық қоры, 2019, –121 б.



**[1]Б.Токтарбай, [2]А.Жаксылык**

*[1,2]Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*


### Гражданская журналистика и ее влияние на традиционные СМИ


**Аннотация.** В статье производится анализ понятия гражданской журналистики, сравниваются ее преимущества и недостатки. Вместе с тем рассказывается о том, какую роль играет гражданская журналистика для традиционных медиа. Выявляются характер творчества блогеров и социальной сети, их

специфические признаки. Используя в качестве примера сайты, порталы и записи блогеров, авторы рассматривают критерии, которым они должны отвечать, чтобы выполнять обязанности СМИ.

**Ключевые слова:** традиционные СМИ, Интернет, новые медиа, гражданская журналистика, блогер, социальная сеть.

**[1]B. Toktarbai, [2]A. Zhaksylyk**

*[1,2] L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

**Citizen journalism and its impact on traditional media**

**Abstract.** The article analyses the citizen journalism concept and compares its advantages and disadvantages. At the same time, it discusses the role of citizen journalism in traditional media. The article defines the nature of the work of bloggers and the social network, their specific characteristics. The analysis of websites, portals, and bloggers' posts identified criteria that must be met in order to fulfill the duties of the media.

**Keywords:** traditional media, Internet, new media, citizen journalism, blogger, social network

**References**

1. Deuze M. 2003. The Web and its Journalism: Considering the Consequences of Different Types of Newsmedia Online. NewMedia&Society

2. On conception of the Internet media in the context of the development of citizen journalism [Electronic resource] URL: https://cyberleninka.ru/article/n/o-ponimanii-internet-smi-v-usloviyah-razvitiya-grazhdanskoy-zhurnalistiki

3. Recommendation CM/Rec (2011) 7 of the Committee of Ministers to Member States on a new concept of media, [Electronic resource] URL: http://www.refworld.org.ru/docid/5511765c4.html

4. Jason Bainbridge, Nicola Gok, Liz Tynan: Media and journalism: a new view of theory and practice. - Almaty: Public Fund "National Translation Bureau", 2019, – p. 119

5. The people formerly known as the audience [Electronic resource] URL:http://archive.pressthink.org/2006/06/27/ppl_frmr.html

6. 4. Jason Bainbridge, Nicola Gok, Liz Tynan: Media and journalism: a new view of theory and practice. - Almaty: Public Fund "National Translation Bureau", – p. 121

**Авторлар туралы мәліметтер**

***Б. Тоқтарбай*** – аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***А. Жақсылық*** – аға оқытушы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

***B. Toktarbai*** – Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

***A. Zhaksylyk*** – Senior Lecturer, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

ХҒТАР 19.41.11

Г. Өзбекова, Ғ. Майкотова*
Ә. Әлім, А. Жұматай, А. Жолдасбай

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
***Байланыс үшін автор:** maykotova.galyiya@gmail.com

# Қазақ анықтамалық-энциклопедиялық басылымдарының ерекшеліктері

**Аңдатпа.** *Қоғам өміріндегі бұрын-соңды болмаған саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамдық ғылымдардың сан-алуан проблемаларына жаңаша баға беріп, нақты деректер, тарихи материалдар негізінде жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттеуді талап етуде. Бірақ, жаңаны жасау – өткенді жоққа шығару емес. Өткенімізді танып-біліп, тарихтан тағылым ала отырып, болашаққа қадам басу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі.*
*Мақаланың мақсаты – қазақ анықтамалық-энциклопедиялық басылымдарының тарихи даму жолдары мен қалыптасуына зерттеу жүргізіп, оның ел тарихындағы, соның ішінде кітап тарихындағы орнын айқындау.*
*Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығына қазақ анықтамалықтарының даму жолдарын көрсете отырып, әр кезеңдегі қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты энциклопедиялық басылымдардың мазмұны сараланып, таным, тәрбие құралы ретіндегі маңызын жатқызуға болады.*
*Мақала тақырыбын зерттеу барысында тарихи филологиялық, статистикалық, типологиялық, теориялық талдау, сипаттау, салыстыру, баға беру, ғылыми тұрғыдан тұжырымдау әдістері қолданылды.*
*Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – қазақ анықтамалық басылымдарының даму жолдарын көрсетіп, оны хронологиялық тұрғыдан кезеңдеу.*
*Мақаланың құндылығы – энциклопедия шығару ісінің журналистік қырын және энциклопедиялық мақалалардың өзіндік маңызы мен ерекшеліктерін анықтау т.б.*
*Мақала қазақ баспасөзінің және анықтамалық-энциклопедиялық әдебиет тарихын зерттеушілер мен журналистика факультетінің студенттеріне, т.б. оқырмандарға арналады.*
**Түйін сөздер:** *анықтамалық басылымдар, энциклопедия, қоғам, тәуелсіздік, тарих, түркі халықтары, әдебиет, мәдениет, ғылым, зерттеуші.*

**DOI: 10.32523/2616-7174-2021-137-4-85-94**

## Кіріспе

Қоғам өміріндегі бұрын соңды болмаған саяси-әлеуметтік өзгерістер қоғамдық ғылымдардың сан-алуан проблемаларына жаңаша баға беріп, нақты деректер, тарихи материалдар негізінде жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттеуді талап етуде. Бірақ, жаңаны жасау – өткенді жоққа шығару емес. Өткенімізді танып-біліп, тарихтан тағылым

ала отырып, болашаққа қадам басу – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ халқының тарихы, мәдениеті ежелгі түркі дәуірінен басталатынын дәлелдеп жатқан тұста қазақ анықтамалық басылымдарының қайнар бастауларын да сол дәуірден, Орхон-Енисей жазбаларынан іздестіруді заңды деп білеміз. Себебі, қандай да бір энциклопедия өзі жарық көрген кезеңнің ғылым жетістігін көрсетеді. Ал, "Орхон-Енисей" ескерткіштері сол көне заманның жетістігі. Ата-бабаларымыздың өз дәуірінің бет-бейнесін тасқа қашап жазуының өзі – мәңгі өлмес анықтама ескерткіш. Халқымыздың ауыз әдебиет шығармаларында, жыраулар поэзиясында төл анықтамаларымызға негіз болар дәйек, деректер өте мол. Қашан да сөз қасиетін жете түсінген, сөзге тоқтаған туған халқымыз сөз құдіреті арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл дүниелер қалдырды. Орта ғасырлық әл-Фараби, Махмұт-Қашқари, Жүсіп Баласағұни сияқты көптеген ойшыл-ғұламаларымыз өмір сүрген тұста нағыз энциклопедиялық шығармалар дүниеге келді.

Энциклопедиялық сипаттағы еңбектерді алғашында жеке адамдар – өз заманындағы сан-салалы ғылым мен білімнің білгірлері жасаса, әлемдік тәжірибелерде күрделі энциклопедиялық басылымдар, әсіресе, ғылымның барлық саласын түгел қамтитын әмбебап энциклопедиялар ұжымдық күш-жігер жұмсау нәтижесінде дүниеге келеді. Өйткені қазіргі ғылым мен білім ауқымының кеңдігі сондай оның бәрін бір адам терең білу мүмкін емес. Бірақ кейбір салалық энциклопедияларды жеке адамдар – белгілі ғалымдар шығаратын дәстүр әлі де кездеседі.

Энциклопедия – таным құралы. Өскелең ұрпаққа, әр саланың мамандарына қажетті ұғымдар мен деректерді жүйелеп беріп, ғылымның алға дамуына негіз қалайды, қозғау салады. Қай елде болсын энциклопедиялық басылымдардың жарық көруіне мемлекеттік деңгейде көңіл бөлініп, қамқорлық көрсетілетіні сондықтан.

Қазақстанда елдің елдігін көрсететін, барша ғылым-білімге қорытынды жасайтын "кітаптардың кітабы" – энциклопедиялық басылымдар даярлау ісі белгілі тарихи себептерге байланысты кештеу қолға алынды. Он екі томдық "Қазақ совет энциклопедиясы" 1972-1978 жылдар аралығында дүниеге келді.

Энциклопедиялық әдебиет тарихы жалпы кітап шығару, ғылыми әдебиет, ғылымның өз тарихымен ғана емес, сондай-ақ қоғамның әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан оның аса зор танымдық маңызы бар.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі М.Қ. Қозыбаев өз еңбектерінде /1/ Қазақстан тарихнамасында тұңғыш рет энциклопедиялардың методологиялық, деректемелік негізін жан-жақты талқыланған болатын.

Қай елде болмасын энциклопедия шығару ісі әлемдік тәжірибелерге сүйенеді. Қазақ анықтамалық-энциклопедиялық басылымдарына орыс анықтамалық басылымдарының ізсалар қызмет атқарды. Халқымыздың бұрынғы тарихы Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі орыс энциклопедияларында, ал төңкерістен кейінгі тарихы, мәдениеті, қол жеткен табыстары кешегі кеңес энциклопедияларында кеңінен баяндалды.

Қ.Әбілхановтың "Тұңғыш қазақ совет энциклопедиясы" /2/ ғылыми-зерттеу еңбегі Кеңес дәуірінде жазылғанымен тұңғыш төл энциклопедиямыздың жасалу әдістері мен осы бағыттағы нақты жұмысты баяндап талдайтын елеулі еңбек. Ресейдегі 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі орыс энциклопедияларын Қазақстан тарихшыларының арасында алғаш рет зерттеу нысанына айналдырып, соның негізінде "Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі" /3/ атты монографиялық еңбек жазған белгілі ғалым Мұхтар Құл-Мұхаммед есімін ерекше атауға болады. Аталған еңбек бүгінгі көзқарастар тұрғысынан жазылып, тарих ғылымының соңғы жетістіктері тұрғысынан сараланған.

"Жиырмасыншы ғасырдың соңы қазақ халқына зор табыс, жақсылық, жаңалықтарымен қоса ауыр сын да ала келді. Жақсылықтың ең бастысы – ата-бабаларымыз армандап өткен дербес мемлекет болу мәртебесіне қол жеткіздік. Алайда, дүниетанымымыз бен санамызға сіңіп қалған бодандық зардабынан тез арада арылу, оқ бойы озып кеткен

өркениет көшін қуып жету оңай болмауда. Қоғам құрылымын жаңартып, демократиялық үрдістерге көшу немесе шаруашылық жүйеміз бен экономикалық қарым-қатынастарымызды әлемдік нарық үлгісіне бейімдеу де жеңіл-желпі міндет емес екен. Ең қиыны санамызға берік орныққан жалған ұғымдар мен сенімдерден арылу" /1:3/. Бұндай кемшіліктерден арылуға 90-шы жылдардың басынан бері қарай жарық көрген жаңа заман анықтамалық басылымдарының пайдасы мол.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы онжылдығы – Қазақстан тарихындағы аса маңызды бетбұрыс, ірі өзгерістер кезеңі. 90-шы жылдардың басындағы бетбұрыс – Қазақстан тарихының мәдени-әлеуметтік өміріндегі қайта түлеуі, жаңаруы ұзақ уақыт бойы тоталитарлық басқару жүйесінің езгісінде болып, халықтың өткенін білуі күңгірттеніп, ұрпағы мәңгүрттеніп, өз елінің дәстүр-салтынан, тілі мен дінінен қол үзе бастаған кезде қолға алынды. Осындай бетбұрыстың нәтижесінде жұртшылықтың өз халқының тарихына деген ынтасы мен ықыласы жаппай бой көтерді. Тарихтың көптеген мәселелері қайта қарастырылып, жаңа бағаға ие болды. Бұл күндері егемен ел атанып, ата-бабаларымыздың ертеден бергі арман-тілегі іске асып, қалыптасқан елдік дәстүрі, қабылданған ата заңы бар, дербес, тәуелсіз ұлттық мемлекет құрған қазақ халқына ежелден мекен– тұрақ, құтты қоныс – Ұлы дала. Ұлы даланы айдынды асқар теңіз ретінде көз алдымызға елестететін болсақ, теңіздің қайнар бастауы, оның деңгей дәрежесінің негізі осы даланы жайлаған түркі тектес халықтар, оның ішінде ең іргелісі – қазақ халқы екенін ұмытпауымыз керек, яғни ..."Қазақстанның тәуелсіздік тарихы аппақ парақ бетіне күні кеше түсе қалған жоқ. Оның көне дәстүрлері бар. Бүгінгі күнді түсініп – түйсіну үшін де кешегі кезеңге көз жіберуіміз керек..." /4: 4/

## Талқылау мен нәтижелер

Көне заманның ғұламалары "кітаптардың кітабы" деп бағалаған энциклопедиялық басылымдар әрдайым ғылыми жұртшылық пен қалың оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болып отырған.

Скиф дәуіріне бет бұрсақ, тұлға ретінде Анахарсис туралы, қазақ тарихына қатысы болғандықтан 21 кітаптан тұратын Авеста жайлы деректердің маңызы зор.

Анахарсис (б.з.д. 6-7 ғ.) – тарихта "Скиф Анахарсис" деген атпен белгілі сақ ғұламасы. Анахарсис – патша тұқымынан шыққан ханзада, анасы – эллиндік. Анахарсис Эллинде сол кездегі белгілі білім мен өнердің барлық саласын меңгерген. Анахарсис жөнінде Геродоттың "Тарих" еңбегінде айтылған. Платон "Мемлекет" деген еңбегінде Анахарсисті Гомер, Фалеспен қатар қойса, "Протагор" деген туындысында әлемдегі "жеті ғұламаның" бірі деп таныған. Анахарсис Афинада әйгілі кемеңгер Солонмен жақын дос болған. Анахарсис есімі Аристотельдің "Анапитикасының" 2-кітабында, "Никомах этикасында" аталады. Секет Эмпирик Анахарсис дүниетанымына талдау жасай келе, оны скептик деп көрсетеді. Анахарсис туралы мол мағлұмат Лукианда да беріледі. Анахарсистің көркем бейнесін Плутарх жасаған, оның "Жеті ғұлама сауығы" аталатын еңбегінде Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобулдармен қатар Анахарсис те аталады.

Диоген Лаэртский "Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері" аталатын кітабында Анахарсис айтты деген афоризмдер келтіріледі. Оның дерегі бойынша, кеменің зәкірін, шығырлы дөңгелекті Анахарсис ойлап тапқан. Анахарсистан қалған: "Басқа пәле тілден", "Татымсыз мың достан адал бір дос артық", "Базар – адамдардың бірін-бірі арбап, ұрлап-жырлауы үшін әдейі жасалған орын", "Элладалықтар қызық осы: мұнда сөзді ақылдылар айтады да, ал мәселені ақымақтар шешеді" деген т.б. даналық сөздер бүгінге жетіп отыр… Анахарсистың жазған 800 жолдай өлеңінің біразы "Латын антологиясы" атты неміс тілінде жарық көрген жинақта жарияланған /1:359/.

Авеста – ежелгі Орталық Азияда, Иранда, Азербайжан Ауғанстан жерінде таралған Заратуштра ілімінің қасиетті жазбалар жинағы көне тілде б.з.б. 3-ғасырда хатқа түсірілген.

Сасани әулеті заманында (3-7 ғ.) Авеста 21 кітаптан құралған. Біздің заманымызға соның төрттен бірі ғана жетіп отыр. Олар екі нұсқадан тұрады. 1-нұсқасы әртүрлі кітаптардағы мінәжаттар. 2-нұсқасы дінге, құқыққа, табиғатқа, дүние жаратылысына байланысты әуендерден, дұғалардан, ән ұрандардан тұрады. Ғасырлар озған сайын Авестаға өзгерістер, толықтырулар енгізіліп отырған. Бұл Шығыс халықтарының көпшілігінің тарихына, мәдениетіне, дініне, ауыз әдебиетіне қатысы бар ортақ жәдігерлік. Еуропа ғалымдары кітаптың Орталық Азия жерінде туғанын айтады. Авестаны зерттеген ағылшын ғалымы Мэри Боис: заратуштрашылдықтың негізін қалаған Заратуштра – көшпелі Азия даласын, ұлы Еділдің шығыс жағын мекендеген тайпалардан шыққан деген қорытындыға келген. В.В. Бартольд, А.О. Маковольский, А.Н. Бернштам, Ә.Марғұлан Авестаны жасауға сақ, скиф, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқандығын айтады.

Авеста – Заратуштра (грек. – Зорастра) пайғамбардың рухани ілімі мен құдайға құлшылық ету уағыздары. Мазмұны 2 мың жыл ішінде (б.з.б. 3-1-мыңжылдықтар арасы) қалыптасып, атадан балаға ауызша мұра болып, жетіліп толыға түскен. Сол дәуірдің болмысын қаз-қалпында көрсететін материалдардан тұрады. Орталық Азия, Иран, Азербайжан халықтарының ежелгі дәуірдегі қоғамдық-экономикалық өмірі, діни сенім-нанымдары, әлем жайлы көзқарастары, әдет-ғұрыптары, мәдени шаралары туралы мол мағлұмат беріледі. Авестаның көп бөлігі жоғалған, ұмытылған. Ғалымдардың болжамынша, 1/7 бөлігі ғана біздің б.з.-дың 3-ғасырында Аршак әулеті (заманында) дәуірінде жинақталып, кітап етілген…

Авестаның барлық діндерге, бүкіл дүниежүзілік өркениетке үлкен әсері болды. Мысалы, қазақ халқы жыл басын наурыздан бастайтыны осының бір көрінісі. Көне Ресейде де 14-ғасырға дейін осылай болған.

Авеста – әлем заңдылықтарын толық қамтитын ілім. Авеста ілімі бүкіл мұсылман әлеміне тарады. Оның ислам мәдениетіне, әсіресе, сопылық ағымға тигізген әсері зор болды.

Авеста сарынының кейбір арналары көне түркі эпостарымен үндесіп отырады. Мұндай ұқсастықтарды Оғызнамадан, Қорқыт Ата кітабынан кездестіруге болады. Қасиетті кітаптағы кейбір сарындар ежелгі қазақ әдебиетінде де көрінісін тапқан. Әдебиетші ғалымдар Авестадағы сарындардың Қорқыт Ата, Хұтыб Хорезми, Ахмед Иүгінеки, Асан Қайғы, Бұқар, Базар жырауларға келіп ұласатындығын дәлелдеді/1:55/.

“Осыдан бір жарым мың жылдай бұрын біздің ата-бабаларымыз өздерінің тұңғыш мемлекетін – Түрік қағандығын құрды. Еуразиядағы көптеген мемлекеттер, олардың ішінде біздің еліміз де сол қағандықтың бүгінге келіп жеткен сілемі болып табылады. Ұлан-ғайыр аймақта арлы-берлі жөңкіліп күн кешкен Азия көшпенділері тұтас құрлықтардың этностық және мемлекеттік келбетін талай өзгеріске түсірді. Түркілердің көшпенді және жартылай көшпенді тайпалары бүгінгі көптеген халықтардың қалыптасуына негіз жасап берді. Олар ұлан-ғайыр аймаққа орналасты. Бір шеті сонау Саха елінен бастап, екінші шеті Жерорта теңізіне дейінгі аралықтағы 10 мың шақырым жерді жайлап жатты...” /4: 5/.

Осы кездегі түркі дәуірінің қоғамдық, әдеби, мәдени өмірін жыр еткен, құлпытастарға қашап жазылған ғажайып дастандар – “Күлтегін”, “Білге Қаған”, “Тонықөк” жырлары өшпес мұра болып бізге жетті.

Түркі қағанатына қатысты осы еңбектерде келтірілген деректерде түріктердің тарихы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, халықаралық қатынастары, идеологиясы, ішкі және сыртқы саясаты барынша жан-жақты қамтылғанына көз жеткіземіз.

Бұдан бірнеше ғасырлар бұрын үлкен құлыптастарға қашап жазылған осы әдеби ескерткіштер идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік шеберлік тұрғысынан да күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Тұтас бір дәуірдің, бір кезеңнің тыныс-тіршілігін, кескін-келбетін бүгінге толық жеткізе алғанымен де бұл тарихи ескерткіштер алғашқы әмбебап энциклопедиялық нұсқалар болып табылады.

Арғы-ата бабаларымыз өз дәуірінің бет-бейнесін тасқа қашап қалдырса, орта ғасырлық ойшылдарымыздың да алапат соғыс өртінен, ала құйын замандардан аман өткен, бізге жеткен тарихи-әдеби мұралары – "Оғызнама" дастаны мен "Қорқыт ата кітабы", Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылымның сан-саласына арнаған еңбектері, X-XII ғасырлардағы әдебиет нұсқаларынан Жүсіп Баласағұнның "Құтты біліг" дастаны, Махмұт Қашқаридың "Түркі тілдерінің сөздігі" ("Диуани лұғат ат-түрк"), Қожа Ахмет Йассауидің "Даналық кітабы" ("Диуани хикмет") атты өлеңдер жинағы, Ахмет Иүгінекидің "Ақиқат сыйы" ("Хибатул–хақайық") дидактикалық сарындағы жыр-жинағы, Сүлеймен Бақырғанидың "Бақырғани кітабы", "Хакім ата", "Жұбан ана", "Әулие Мария" атты өлеңдер жинағы, XIII-XIV ғасырлардағы Алтын орда дәуіріндегі әдебиеттің көркем үлгілерінен саналатын "Қыпшақ тілінің сөздігі" ("Кодекус куманикус"), Хорезмидің "Махаббатнама" дастаны, Рабғузидің "Рабғузиди қиссалары" ("Қисса-сул-Әнбия") жинағы, Дүрбектің "Жүсіп-Зылиха" дастаны, Сәйфи Сарайидің "Түрікше Гүлстан" ("Гүлстан – бит– түрк"), "Жәдігернама" дастандары Захриддин Мұхаммед Бабырдың "Бабырнама" шығармасы, Құтыптың "Хұсрау –Шырын" дастаны, қазақтың тұңғыш тарихшысы Хайдар Дулатидің "Тарихи Рашиди", Қадырғали Жалаиридің "Жамиғат Тауарих" сияқты т.б. шығармалары бар.

Әр дәуірдің өзіне сай ғылым-білімі, мәдениеті болады. Түркі халықтарының арасынан шыққан ағартушы ғалымдар, ойшыл ақындар араб-парсылармен қатар Шығыс мәдениетінің өркендеуіне өз үлестерін қосты.

Ұлы даланың ұлы перзенттері қалдырған ұлы шығармалардың қай-қайсысы да замана жүгін арқалап, дәуір үнін жеткізеді.

Түп тамыры Орхон жазбаларынан бастау алатын қазақ анықтамалықтары да замана көшінен қалмай, өз дәуірі, талап тілектері дәрежесінде жаңарып, үздіксіз дамып отырған.

"Беймәлімі көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі, тарихқа танымал Түркі қағанаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-ақ әлем алдындағы түрік өркениетін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Жүсіп Баласағұнның "Құтты білігі", Махмұт Қашқаридың "Түрік сөздігі", Қожа Ахмет Иассауидің "Даналық кітабы", Ахмет Иүгінекидің "Ақиқат сыйы" секілді ұлы шығармалары, әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің бұған дейінгі біршама игерген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей" /5:3/.

Орта ғасырлардан қалған түркі ескерткіштері қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, ноғай, түркмен т.б. туыстас халықтардың бәріне ортақ әдеби мұра, осылардың бәрінің де әдебиетінің басы болып есептеледі десек, осы кезеңдерде жазылған энциклопедиялық шығармалардың қазақ халқына да тиесілі екендігі ешқандай дау тудырмаса керек.

Халқымыздың әдебиеті мен мәдениетінің тамыры тым тереңнен бастау алатындығына жоғарыда келтірілген деректер арқылы тағы да көз жеткіземіз. Тарихи деректерді саралай келе энциклопедиялық еңбектердің алғашқы белгілері мен нұсқалары да осы ежелгі дәуір ескерткіштерінен тамыр тартатындығын айтқымыз келеді.

